**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ**
**ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ**
**БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ**
**ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ**

***А.В.Карпекин***
***В.В.Филин***
***Е.Т.Қалықов***
***Ә.Т.Нұрмахамбетов***
***А.Б.Түсіпбеков***

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҒЫ

**Қарағанды-2016**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ

*А.В.Карпекин*
*В.В.Филин*
*Е.Т.Қалықов*
*Ә.Т.Нұрмахамбетов*
*А.Б.Түсіпбеков*

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҒЫ

**Оқу-әдістемелік құралы**

**Қарағанды-2016**

***Пікір берушілер:*** Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінің профессоры, з.ғ.к., отставкадағы полиция полковнигі **Кәкімжанов М.Т.**

Қазақстан Республикасының ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының бастығы, з.ғ.к., полиция майоры **Джиембаев Р.К.**

***Карпекин А.В., Филин В.В., Қалыков Е.Т., Нұрмахамбетов Ә.Т., Түсіпбеков Ә.Б.***

Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы: Оқу-әдістемелік құралы. – Қарағанды: ҚР ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2016. – 137 б.

Бұл оқу-әдістемелік құралы МЖМББТ талаптарына сай сәйкес келеді. Қазақстан Республикасы ІІМ оқу мекемелерінің курсантары мен оқытушыларына зерделеу және қолдану үшін арналған. Оқу құралында «Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы» пәнді оқудың жалпы талаптары мен ұсынымдар берілген, сонымен қатар курсанттардың өздік жұмыстары. Пән бойынша әр тақырыпқа сай әдебиеттер тізімі берілген. Өз білімдерін тексеру үшін тест тапсырмалары ұсынылған.

*ҚР ІІМ Б.Бейсенов атындағы*

*Қарағанды академиясы, 2016*

# I –ТАРАУ
# КУРС БАҒДАРЛАМАСЫ

## *Түсіндірмелік жазба*

Әкімшілік құқықты оқыту курсанттарға мемлекеттік биліктің атқарушы органдары қызметінің ұйымдық-құқықтық аспектілері, олардың қоғамдық қатынастардың қатысушыларына императивті әсер ету нысандары мен әдістері, мемлекеттің, азаматтар мен ұйымдар арасында әкімшілік-құқықтық қатынастар пайда болған кезде қарым-қатынастардың ерекшеліктері туралы қажетті білім көлемін беру мақсатын көздейді.

Курстың негізгі міндеттері: курсанттарға әкімшілік құқық ғылымының принциптері, санаттары мен ережелері, оның жеткен даму деңгейі туралы білімдерін арттыру; оларды қолданыстағы әкімшілік заңнаманы дұрыс қолдануға үйрету; нақты жағдайларға байланысты әкімшілік-құқықтық нормаларын дұрыс талқылып және қолдану үшін дағды мен әдет беру; мемлекеттік басқарудың жүйесімен, басқарудың әдістері және нысандарымен, басқаруда заңдылық пен тәртіпті қамтамасыз ету тәсілдерімен; сонымен қатар әлеуметтік-мәдени, әкімшілік-саяси саласында әкімшілік-құқықтық басқарумен, және де жалпы, салалық және арнаулы басқару органдарының құқық қорғау бағыттағы органдармен өзара қатынастылығының ерекшеліктерімен таныстыру.

«Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы» курсы маңызды пәндердің бірі болып табылады, ол басқару аясында қоғамдық қатынастар санаттарын және осы қатынастарды әкімшілік-құқықтық реттелуін зерттейді. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық курсы жоғары оқу орындарында оқытылатын құқықтық мемлекетті құру, сонымен бірге мемлекет және құқық теориясы, мемлекеттік басқару ережелеріне негізделінеді. Ол конституциялық, еңбек, қаржы, қылмыстық құқық және басқа да заңдылық пәндерімен тығыз байланысты. Курсанттармен Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарының әкімшілік қызметі курсын оқу үшін әкімшілік құқықтың ережелері негіз болып табылады.

Курсанттар бұл пәнді оқыған кезде әкімшілік құқықтың қалай мемлекеттік органдарының жүйесінде, солай нормативтік актілердің жүйесінде, әкімшілік-құқтық саласында қолданып жүрген заңдарының динамикалығын, ылғи өзгерістермен сипатталатынын еске ала отыратын өте маңызды жағдай болып табылады.

Пәнді зерделеуге арналған уақыт көлемінің бөлініуі Қазақстан Республикасы жоғары кәсіби білімнің мемлекеттік білім беру стандартымен және оқу тақырыптық жоспарымен анықталады.

Пәнді зерделеу нәтижесінде курсанттар міндетті:

- Қазақстан Республикасы әкімшілік құқықтың жүйесі мен субъектілерінің әкімшілік-құқықтық жағдайы, мемлекеттік органдар атқарушы қызметінің ұйымдастырылуы және жүзеге асырылуы, мемлекеттік басқарудың нысандары мен әдістері, әкімшілік жауаптылық және әкімшілік

құқық бұзушылық, мемлекеттік басқарудың жеке салаларының механизмі және мәні туралы түсінігі болу қажет;

- атқарушы органдардың қызметін реттейтін құқықтық негізін, олардың ұйымдастырылуы мен өзара әрекеттесу шарттарын білу қажет;

-Қазақстан Республикасының атқарушы органдарының қызметін реттейтін ережелерін түсіндіру қабілеті болу керек, келешектегі кәсіби міндеттерін жүзеге асыру барысында оларды қолдануды білу қажет.

## ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР

| № | ТАҚЫРЫПТЫҢ АТАУЫ |
|---|---|
| 1 | Әкімшілік құқық, құқық саласы және ғылым ретінде. Әкімшілік құқықтың пәні, жүйесі және әдісі. |
| 2 | Әкімшілік құқықтың субъектілері. |
| 3 | Әкімшілік-құқықтық нысандар мен әдістер. |
| 4 | Әкімшілік-құқықтық режимдер. |
| 5 | Әкімшілік құқық бұзушылық және әкімшілік жауаптылық. |
| 6 | Жеке адамның құқықтарына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар. Кәмелетке толмағандардың құқықтарына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар. Меншікке қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар. Кәсіпкерлік қызмет саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар. Сауда және қаржы саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар. |
| 7 | Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар. Қоғамдық қауіпсіздікке және халықтың денсаулығына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар. Қоғамдық тәртіпке және имандылыққа қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар. |
| 8 | Басқарудың белгіленген тәртібіне қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар. ҚР мемлекеттік шекарасы режимінің белгіленген тәртібіне және ҚР аумағында болу тәртібіне қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар. Мемлекеттік билік институтына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар. Әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар. |
| 9 | Көліктегі, жол шаруашылығындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар. |
| 10 | Басқару аясындағы заңдылық..<br>Мемлекеттік басқаруда заңдылық пен тәртіпті қамтамасыз ету тәсілдері. |
| 11 | Әкімшілік процесс. Әкімшілік әділет. Әкімшілік юрисдикция. |

| | |
|---|---|
| 12 | Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу. |
| 13 | Ұлттық қауіпсіздікті басқару.<br>Қорғанысты басқару. |
| 14 | Ішкі істер саласында басқару. |
| 15 | Білім мен ғылымды басқару.<br>Мәдениет және денсаулық сақтауды басқару. |

## КУРСТЫҢ МАЗМҰНЫ

### 1-тарау. Әкімшілік құқық курсына кіріспе

### 1-тақырып. Әкімшілік құқық ғылым және құқық саласы ретінде. Әкімшілік құқық пәні, жүйесі және әдісі

Басқарудың жалпы ұғымы. Басқару әлеуметтік құбылыс ретінде. Атқарушы биліктің ұғымы және мазмұны. Мемлекеттік реттеу басқарудың функциясы ретінде. Мемлекеттік реттеудің мазмұны және механизімі. Мемлекеттік реттеудің құралдары. Мемлекеттік басқарудағы атқарушы қызметтің негізгі белгілері. Атқарушылық, басқарушылық қызметінің негізгі принциптерінің ұғымы және жіктелуі. Атқарушылық қызметінің, басқару ұйымдастырушылық принциптерінің мазмұны.

Қазақстандық әкімшілік құқтың ұғымы, оның қалыптасуы мен дамуы. Әкімшілік құқықтың негізгі принциптері. ҚР әкімшілік құқығының қайнар көздері. Әкімшілік құқық ғылымы, қазқастанның құқық саласы ретінде. Әкімшілік құқық пәнінің жалпы сипаттамасы. Құқықтық реттеудің әдістері. Құқықытқ реттеудің құралдары. Қоғамдық қатынастарды басқарудың әкімшілік-құқықтық реттеудің ерекшеліктері. Қазақстан құқығы жүйесіндегі, әкімшілік құқықтың орны.

Әкімшілік-құқықтық реттеу механизмінің ұғымы, мәні және элементтері. Әкімшілік-құқықтық нормалардың ұғымы, саралануы және ерекшеліктері. Әкімшілік-құқықтық нормалардың түрлері (материалдық және процессуалдық). Әкімшілік-құқықтық норманың құрылымы. Әкімшілік-құқықтық нормаларды жүзеге асырудың ұғымы және нысандары (тәсілдері).

Әкімшілік-құқықтық қатынастардың ұғымы және сипаттамасы. Әкімшілік-құқықтық қатынастардың элементтері. Әкімшілік-құқықтық қатынастарды саралаудың негіздері. Тік әкімшілік-құқықтық қатынастар. Көлденең әкімшілік-құқықтық қатынастардың ұғымы және сипаттамасы.

### 2-тарау. Әкімшілік құқықтың субъектілері

### 2-тақырып. Әкімшілік құқықтың субъектілері

Құқық қорғауға бағытталған органның, атқарушы билік органның негізгі белгілері. Мемлекеттік билік органдарды құрайтын ұйымдастырушылық негіздері. Атқарушы билік органдарының саралануы. Атқарушы билік органдар жүйесін құрудың принциптері. Жалпы, салалық және салааралық құзыретті органдар. Алқалы және жекелі органдар (Қазақстан Республикасының Үкіметі. Үкіметтің негізгі функциялары. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы билік органдарының ұйымдастырушылық-құқықтық мәртебесі. Қазақстан Республикасы Президентінің атқарушы билік аясындағы өкілеттігі. Жергілікті мемлекеттік басқару органдары қызметінің құқықтық негіздері.) Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қалыптасу және даму мәселелері. Орталық мемлекеттік басқару органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, құқық қорғау органдарымен арақатынасы.

Қазақстандық мемлекеттік қызыметінің ерекшелігі, қалыптасуы мен дамуы. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметінің ұғымы және принциптері. Мемлекеттік қызмет туралы құқықтық актілер жүйесі. Мемлекеттік қызметшіні сипаттайтын негізгі белгілер. Мемлекеттік қызметтің түрлері. Мемлекеттік қызметшілердің саралануы. Мемлекеттік қызметті өткеру. Мемлекеттік қызметті тоқтату негіздері. Мемлекеттік қызметшілердің жауаптылығы. Құқық қорғау органдарында мемлекеттік қызметтің ерекшеліктері.

Жеке тұлғалардың ұғымы мен түрлері. Қазақстан Республикасының азаматтары. Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдаудың шарттары. Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдамауға негіздер. Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылудың негіздері. Азаматтың әкімшілік-құқытық мәртебесінің мазмұны және құрылымы. Қазақстан Республикасында шетелдік пен азаматтығы жоқ адамдардың әкімшілік-құқықтық мәртебесі, оның ерекшеліктері.

Заңды тұлғаның ұғымы және негізгі белгілері. Заңды тұлғаның түрлері және нысандары. Комерциялық және комерциялық емес ұйымдар. Олардың әкімшілік-құқықтық жағдайының негіздері. Қоғамдық бірлестіктердің ұғымы және түрлері. ҚР қоғамдық бірлестіктер қызметінің негізі. Қоғамдық бірлестіктерді құру мен қызметінің негізгі принциптері. ҚР қоғамдық бірлестіктердің құқықтық мәртебесі. Қоғамдық бірлестіктердің жарғысы. Қоғамдық бірлестіктердің құқықтары мен міндеттері. Қоғамдық бірлестіктер қызметін тоқтата туру. Діни бірлестіктердің әкімшілік-құқықтық жағдайын қамтамасыз ету.

## 3 тарау. Мемлекеттік басқарудың нысандары мен әдістері

### 3-тақырып. Әкімшілік-құқықтық нысандар мен әдістер

Әкімшілік-құқықтық нысандардың ұғымы. Әкімшілік-құқықтық нысандарының саралануы. Мемлекеттік басқару актілерінің ұғымы және негізгі белгілері. Басқарудың құқықтық актілерінің саралануы. Мемлекеттік

басқарудың құқықтық актілеріне қойылатын талаптар. Басқарудың құқықтық актілерінің әрекет ету күші. Басқарудың әкімшілік-құқықтық актілерін қабылдау тәртібі. Әкімшілік-құқықтық келісім шарт. Әкімшілік рәсімдер.

Әкімшілік-құқықтық әдістерінің ұғымы, белгілері және саралануы. Әкімшілік мәжбүрлеу, мемлекеттік басқарудың негізгі әдісі ретінде. Әкімшілік мәжбүрлеудің мәні және ерекшеліктері. Әкімшілік мәжбүрлеу шаралардың саралануы. Әкімшілік-ескерту сипаттағы шаралар. Әкімшілік-бұлтарпау сипаттағы шаралар. ІІО қолданатын әкімшілік мәжбүрлеу шараларының түрлері.

### 4-тақырып. Әкімшілік-құқықтық режимдер

Әкімшілік-құқықтық режимдердің ұғымы, түрлері мен белгілері. Жалпы және екінші әкімшілік-құқықтық режимдер. Төтенше жағдай режимінің түсінігі мен құқықтық негізі, түрі және еңгізу тәртібі. Төтенше жағдай режим кезіндегі басқару органдар қызметінің ерекшеліктері, басқару нысандары ерекше режим жағдайының түсінігі мен ерекшеліктері. Ерекше режим жағдайының еңгізу тәртібі мен негіздері және оның құқықтық негізі. Соғыс жағдай режимінің түсінігі мен құқықтық негізі. Оны еңгізу және тоқтату тәртібі. Мемлекеттік шекараны күзету режимі, оның құқықтық негізі, мазмұны, мемлекеттік уәкілетті органдарының құзыреті.

## 4 тарау. Әкімшілік құқық бұзушылық. Әкімшілік жауаптылық

### 5-тақырып. Әкімшілік құқық бұзушылық және әкімшілік жауаптылық

Әкімшілік құқық бұзушылықтың ұғымы және құрамы, оның қылмыстық қылықтан, қылмыстан және тәртіптік қылықтан айырмашылығы. Әкімшілік жауаптылықтың негізгі белгілері мен түсінігі. Әкімшілік жауаптылықтың субъектілері. Әкімшілік жауаптылықты болғызбайтын мән-жайлар.

Әкімшілік жазаның ұғымы, мақсаты және қолданудың негізі. Әкімшілік жазаның жүйесі және түрлері. Негізгі және қосымша әкімшілік жазалар. Әкімшілік жаза салудың ережелері. Әкімшілік жауаптылықтан және әкімшілік жазадан босату. Кәмелетке толмағандардың әкімшілік жауаптылығының ерекшеліктері. ІІО қолданатын әкімшілік жазалар. Әкімшілік құқық пен мемлекеттің құқық қорғау органдар жүйесінде әкімшілік ықпал етудің маңыздылығы мен рөлі. Әкімшілік-құқықтық ықпал ету шараларының түрлері мен қолдану шарттары.

## 5 тарау. Әкімшілік құқық бұзушылықтардың түрлері және оларды жасағаны үшін жауаптылық

**6 тақырып. Жеке адамның құқықтарына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар. Кәмелетке толмағандардың құқықтарына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар. Меншікке қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар. Кәсіпкерлік қызмет саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар. Сауда және қаржы саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар**

Жеке адамның құқықтарына, кәмелетке толмағандардың құқықтарына, меншікке қол сұғатын, кәсіпкерлік қызмет саласындағы, сауда және қаржы саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтардың түрлері мен жалпы сипаттамасы.

ІІО қарайтын, осы топтағы әкімшілік құқық бұзушылықтардың жеке құрамдарын саралау, оны жасағаны үшін жауаптылық.

Осы топтағы әкімшілік құқық бұзушылықтарды қарастыру және әкімшілік жаза қолдануда соттар мен ІІО уәкілетті лауазымды тұлғалардың құзыреті.

**7 тақырып. Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар. Қоғамдық қауіпсіздікке және халықтың денсаулығына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар. Қоғамдық тәртіпке және имандылыққа қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар**

Қоршаған ортаны қорғау, табиғат ресурстарын пайдалануда қоғамдық қауіпсіздікке және халық денсаулығына қоғамдық тәртіппен имандылыққа қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтардың түрлері мен жалпы сипаттамасы.

ІІО қарайтын, осы топтағы әкімшілік құқық бұзушылықтардың жеке құрамдарын саралау, оны жасағаны үшін жауаптылық.

Осы топтағы әкімшілік құқық бұзушылықтарды қарастыру және әкімшілік жаза қолдануда соттар мен ІІО уәкілетті лауазымды тұлғалардың құзыреті.

**8 тақырып. Басқарудың белгіленген тәртібіне қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар. ҚР мемлекеттік шекарасы режимінің белгіленген тәртібіне және ҚР аумағында болу тәртібіне қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар. Мемлекеттік билік институтына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар. Әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар**

Басқарудың белгіленген тәртібіне, Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы режимінің белгіленген тәртібіне және Қазақстан Республикасының аумағында болу тәртібі саласындағы, мемлекеттік билік институтына, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының түрлері және жалпы сипаттамасы.

ІІО қарайтын, осы топтағы әкімшілік құқық бұзушылықтардың жеке құрамдарын саралау, оны жасағаны үшін жауаптылық.

Осы топтағы әкімшілік құқық бұзушылықтарды қарастыру және әкімшілік жаза қолдануда соттар мен ІІО уәкілетті лауазымды тұлғалардың құзыреті.

**9 тақырып. Көліктегі, жол шаруашылығындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар**

Көлікте, жол шаруашылығында әкімшілік құқық бұзушылықтарының түрлері және жалпы сипаттамасы.

ІІО қарайтын, осы топтағы әкімшілік құқық бұзушылықтардың жеке құрамдарын саралау, оны жасағаны үшін жауаптылық.

Осы топтағы әкімшілік құқық бұзушылықтарды қарастыру және әкімшілік жаза қолдануда соттар мен ІІО уәкілетті лауазымды тұлғалардың құзыреті.

**6 тарау. Мемлекеттік басқаруда заңдылық пен тәртіпті қамтамасыз ету**

**10 тақырып. Басқару аясындағы заңдылық. Мемлекеттік басқаруда заңдылық пен тәртіпті қамтамасыз ету тәсілдері**

Заңдылық мемлекеттік басқарудың принципі ретінде және оның басқару аясындағы маңызы. Заңдылық пен тәртіптің ұғымы, және мемлекеттік басқару саласындағы мақсатқа сәйкестілігі. Басқаруда заңдылық пен тәртіпті қамтмасыз ету тәсілдерінің ұғымы және жүйесі. ІІО қызметінің заңдылықты қамтамасыз ету бойынша негізгі бағыттары. Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Республикасы Конституциясының, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандығының кепілі ретінде. Бақылау мен қадағалау заңдылықты қамтамасыз етудің негізгі тәсілдері ретінде.

Бақылауды жүзеге асыратын субъектілер(Президент, заң шығарушы билік органдары, адамның құқықтары бойынша уәкілеттенген атқарушы және сот билік органдары).

Прокуратура органдарының жалпы қадағалауы.

**7-тарау. Әкімшілік процессуалдық құқық**

**11 тақырып. Әкімшілік процесс. Әкімшілік әділет. Әкімшілік юрисдикция**

Әкімшілік процесс, ұғымы және түрлері. Әкімшілік процестің мәні және белгілері. Әкімшілік процесс сатыларының ұғымы. Әкімшілік іс жүргізудің мәні және түрлері.

Әкімшілік әділет. Ұғымы, мазмұны мен дамудың негізгі кезеңдері.

Әкімшілік юрисдикция ұғымы, оның негізгі ерекшеліктері және мемлекеттің құқық қорғау жүйесіндегі рөлі. Әкімшілік юрисдикцияның қағидалары және құрылымы. Әкімшілік юрисдикция органдары.

**8 тарау. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу**

**12 тақырып. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу**

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізудің ұғымы, тәртібі, принциптері және міндеттері. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізудің негізгі сатыларының ұғымы. Олардың түрлері және мазмұны. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізудегі субъектілері (қатысушылар). Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қамтамасыз ету шаралары. Дәлелдемелер мен дәлелдеу. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қозғау. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қысқартылған іс жүргізу. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау тәртібі. Іс жүргізуді жүзеге асыратын органның (лауазымды адамның) әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым беру. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша заңды күшіне енбеген (енген) қаулыларды қайта қараудың жалпы шарттары мен тәртібі. Жаңа ашылған мән-жайлар негізінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша заңды күшіне енген қаулыларды және оларға шағымдарды, наразылықтарды қарау нәтижелері жөніндегі ұйғарымдарды қайта қарау. Ақтау және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға уәкілетті органның (лауазымды адамның) заңсыз әрекеттерімен келтірілген зиянды өтеу.

Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулысының орындалу сатысы, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізудің сатысы ретінде. Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулылардың орындалуының жалпы ережелері.

**9 тарау. Әкімшілік-саяси саласында басқару**

**13 тақырып. Ұлттық қауіпсіздікті басқару. Қорғанысты басқару**

Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесі мен функциялары, қағидалары, түсінігі. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуші органдар.

Қорғанысты басқарудың ұйымдық-құқықтық нысандары.

**14 тақырып. Ішкі істер саласында басқару**

Ішкі істермен басқарудың ұғымы. Қазақстан Республикасы ІІО қызметінің құқықтық негізі, жүйесі, құрылымы және функциялары. ІІО

қызметінің негізгі бағыттары, олардың мазмұны. Қоғамдық тәртіпті қамтмасыз етуде жергілікті мемлекеттік басқару органдарының өкілеттігі.

**10 тарау. Басқарудың басқа салалары мен аясындағы әкімшілік-құқықтық реттеу**

**15 тақырып. Білім және ғылым саласын басқару. Мәдениет пен денсаулық саласын басқару**

Әлеуметтік-мәдениет саласында мемлекеттік басқару (мақсаты, функциялары) түсінігі мен мазмұны.

Білім және ғылым саласын басқарудың ұйымдық-құқықтық негіздері.

Мәдениет саласын басқарудың ұйымдық-құқықтық негіздері.

Денсаулық сақтау саласын басқарудың ұйымдық-құқықтық негіздері.

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҒЫ ПӘНІ БОЙЫНША КЕШЕНДІ МЕМЛЕКЕТТІК ЕМТИХАНЫНА ДАЙЫНДАЛУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАРДЫҢ ТІЗІМІ

1. «Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы» курсының пәні, міндеттері және жүйесі.
2. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығының принциптері мен қайнар көздері.
3. Қазақстандық құқық жүйесінде әкімшілік құқықтың орны.
4. Әкімшілік- құқықтық реттеу механизмі: ұғымы және құрылымы.
5. Әкімшілік – құқықтық нормалардың ұғымы, олардың құрылымы және түрлері.
6. Әкімшілік құқықтың нормаларын іске асыру тәсілдері.
7. Әкімшілік –құқықтық қатынастар: ұғымы, құрылымы, түрлері.
8. Әкімшілік-құқықтық қатынастардың жіктелуі.
9. Мемлекеттік басқарудың әкімшілік-құқықтық актілері.
10. Әкімшілік құқық субъектілерінің ұғымы мен түрлері.
11. Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың әкімшілік-құқықтық мәртебесі.
12. Қазақстан Республикасының азаматтары әкімшілік құқықтың субъектілері ретінде.
13. Атқарушы билік: механизм, мемлекеттік басқарумен өзара қатынасы.
14. Басқарудың ұғымы және түрлері. Мемлекеттік басқару және оның сипаттамалық белгілері.
15. Атқарушы билік органдары әкімшілік құқықтың субьектілері ретінде.
16. Мемлекеттік қызметшілер әкімшілік құқықтың субьектілері ретінде.

17. Қазақстан Республикасында мекемелердің, кәсіпорындар мен ұйымдардың әкімшілік-құқықтық жағдайының негіздері
18. Қазақстан Республикасында қоғамдық бірлестіктердің әкімшілік-құқықтық жағдайының негіздері.
19. Әкімшілік-құқықтық нысандар мен әдістердің ұғымы және түрлері.
20. Мемлекеттік басқарудың әдістері.
21. Әкімшілік мәжбүрлеу шараларының ұғымы, мақсаты және қолдану негіздері.
22. Әкімшілік-құқықтық режимдердің ұғымы, мәні және түрлері.
23. Төтенше жағдай режимінің ұғымы және мазмұны.
24. Ерекше жағдайдың ұғымы.
25. Соғыс жағдайдың ұғымы.
26. Мемлекеттік шекараны қорғау режимінің мазмұны.
27. Әкімшілік құқық бұзушылықтың ұғымы және құрамы.
28. Әкімшілік құқық бұзушылықтың қылмыстан және тәртіптік қылықтан айырмашылығы.
29. Әкімшілік жауаптылықты жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар.
30. Әкімшілік жазалардың ұғымы, жүйесі және түрлері.
31. Әкімшілік жауаптылықтың ұғымы және мәні, оның басқа да заңдылық жауаптылық түрлерінен айырмашылығы.
32. Әкімшілік-құқықтық ықпал ету шаралары: түрлері, мәні және қолданудың жалпы шарттары.
33. Әкімшілік жауаптылықты болғызбайтын мән-жайлар.
34. Әкімшілік жазаның ұғымы, мақсаттары және салу негіздері.
35. Әкімшілік жаза салудың жалпы ережелері.
36. Негізгі және қосымша әкімшілік жазалар.
37. Әкімшілік жауаптылықтан және әкімшілік жазадан босату негіздері.
38. Басқарудың белгіленген тәртібіне қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы және түрлері.
39. Қоғамдық қауіпсіздікке және халықтың денсаулығына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы мен түрлері.
40. Көліктегі, жол шаруашылығындағы әкімшілік құқық бұзушылықтардың түрлері мен жалпы сипаттамасы.
41. Қоғамдық тәртіпке және имандылыққа қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтардың түрлері мен жалпы сипаттамасы.
42. Ұсақ бұзақылық: ұғымы және құрамы.
43. Алкогольдік ішімдіктерді ішу немесе қоғамдық орындарға масаң күйде келу: ұғымы, құрамы және жауаптылық.
44. Кәмелетке толмағандардың құқықтарына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтардың түрлері мен жалпы сипаттамасы.
45. Мемлекеттік басқаруда заңдылық пен тәртіпті қамтамасыз етудің мәні және тәсілдері.
46. Атқарушы билік органдарының қызметінде заңдылық және оны қамтамасыз ету тәсілдері.

47. Әкімшілік процесс: ұғымы, мәні және белгілері.
48. Әкімшілік процестің сатылары мен түрлері.
49. Әкімшілік юрисдикция: ұғымы мен мәні. Әкімшілік юрисдикция органдарының жүйесі.
50. ІІО әкімшілік юрисдикцияның субъектілері ретінде.
51. Әкімшілік әділет. Қазақстан Республикасындағы әкімшілік әділет органдарының жүйесі.
52. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істердің ведомстволығы, лауазымды адамдардың істерді қарау және әкімшілік жазаларды қолдану жөніндегі құзыреті.
53. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнаманың қағидаттары.
54. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істері бойынша іс жүргізудің ұғымы, принциптері және міндеттері.
55. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істері бойынша іс жүргізудің сатылары.
56. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қысқартылған іс жүргізу.
57. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша дәлелдемелер және дәлелдеу.
58. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуге қатысушылар, олардың құқықтары мен міндеттері.
59. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету шаралары.
60. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қозғау.
61. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулы
62. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау нәтижелері бойынша шешімдердің түрлері.
63. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау: тәртібі, орны және мерзімі.
64. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша заңды күшіне енген қаулыларды және оларға шағымдарды, наразылықтарды қарау нәтижелері бойынша қаулыларды қайта қарау.
65. Әкімшілік жазалар қолдану туралы қаулыларды орындау.
66. Ұлттық қауіпсіздікті басқару.
67. Қорғанысты басқару.
68. Ішкі істер саласында басқару.
69. Білім мен ғылымды басқару.
70. Мәдениет және денсаулық сақтауды басқару.

# II –ТАРАУ
# СЕМИНАРЛЫҚ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕЛІК САБАҚТАРҒА ДАЙЫНДАЛУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

***Түсіндірмелік жазба***

Курсанттар бұл пәнді зерделеу кезінде әкімшілік құқықтың қалай мемлекеттік органдарының жүйесінде, солай нормативтік актілердің жүйесінде, әкімшілік-құқықтық саласында қолданып жүрген заңдарының динамикалығын, ылғи өзгерістермен сипатталатынын еске ала отыратын өте маңызды жағдай болып табылады. Біздің мемлекетіміздің 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасының аясында әкімшілік құқық саласының әрі-қарай даму процестеріне назар аудару қажет. Ол үшін қолдануға ұсынылады:

-Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты http://www.akorda.kz/kz;

-Қазақстан Республикасы Үкіметінің ресми интернет-ресурсы http://government.kz/kz/;

-Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет» http://adilet.zan.kz/kaz;

-Қазақстан Республикасының ақпараттық жүйесі // http://www.zakon.kz/.;

- Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының порталы http://web.kzi.kz.

Білімді алу тұрақты бақылаумен ере жүруі керек. Рефераттар мен баяндамаларды жазу сенімді тексеру тәсілі болып табылады, олардың ішінде маңызды теориялық сұрақтармен қатар құқық қолданушылық қызметінің мәселелері қарастырылу мүмкін. Курсанттар сабақтарға өзіндік дайындық конспектілерін жүргізуі керек (ұсынылған нормативтік актілер, есептерді шешу, тапсырмалардың орындалуы, семинарларға қысқаша жауаптар).

# ДӘРІС, СЕМИНАР ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕЛІК САБАҚТАРЫНЫҢ ЖОСПАРЛАРЫ

## ҰСЫНЫЛҒАН ӘДЕБИТТЕР ТІЗІМІ

| №<br><br>/п | Автор, атауы | Жылы, басылым орны |
|---|---|---|
| | **Нормативтік- құқықтық актілер** | |
| 1 | Қазақстан Республикасының Конституциясы. | 30.08.1995ж. |
| 2 | Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы | 18.12.1995ж. |
| 3 | Қазақстан Республикасы Президенті туралы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы | 26.12.1995ж. |
| 4 | Әкімшлік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының кодексі | 05.07.2014ж. |
| 5 | Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы Қазақстан Республикасының Кодексі | 18.09.2009ж. |
| 6 | Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі | 29.10. 2015ж. |
| 7 | Құқық бұзушылық профилактикасы туралы Қазақстан Республикасының Заңы | 29.04.2010ж. |
| 8 | Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы Қазақстан Республикасының Заңы | 08.12.2009ж. |
| 9 | Қазақстан Республикасының Босқындар туралы заңы | 04.12.2009ж. |
| 10 | Қазақстан Республикасының Прокуратурасы туралы ҚР Заңы | 21.12.1995ж. |
| 11 | Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы ҚР Заңы | 23.04.2014 ж. |
| 12 | Қазақстан Республикасының Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау туралы Заңы | 15.07.1996ж |
| 13 | Қазақстан Республикасының Мәдениет туралы Заңы | 15.12. 2006ж. |
| 14 | Қазақстан Республикасының дене | 03.07.2014ж. |

| | | |
|---|---|---|
| | шынықтыру мен спорт туралы заңы | |
| 15 | Құқықтық актілер туралы Қазақстан Республикасының Заңы | 06.04.2016ж. |
| 16 | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы Қазақстан Республикасының Заңы | 18.11.2015ж. |
| 17 | Қазақстан Республикасының Ұлттық ұлан туралы Заңы | 15.01.2015ж. |
| 18 | Білім туралы Қазақстан Республикасының Заңы | 27.07.2007ж. |
| 19 | Ғылым туралы Қазақстан Республикасының Заңы | 18.02.2011ж. |
| 20 | Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы Қазақстан Республикасының Заңы | 29.01.2013ж. |
| 21 | Жол жүрісі туралы Қазақстан Республикасының ҚР Заңы | 17.04. 2014ж. |
| 22 | Азаматтық қорғау туралы Қазақстан Республикасының Заңы | 11.04.2014ж. |
| 23 | Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы Заңы | 23.11.2015ж. |
| 24 | Құқық қорғау қызметі туралы ҚР Заңы | 06.01.2011ж |
| 25 | Әкімшілік рәсімдер туралы Қазақстан Республикасының Заңы. | 25.11.2000ж |
| 26 | Коммерциялық емес ұйымдар туралы Қазақстан Республикасының Заңы | 16.01.2001ж. |
| 27 | Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік және өзін-өзі басқару туралы Қазақстан Республикасының Заңы | 23.01.2001ж. |
| 28 | Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының Заңы | 16.02.2012ж. |
| 29 | Әділет органдары туралы Қазақстан Республикасының Заңы | 18.03.2002ж. |
| 30 | Саяси партиялар туралы Қазақстан Республикасының Заңы | 15.07.2002ж |
| 31 | Төтенше жағдай туралы Қазақстан Республикасының Заңы | 08.02.2003ж. |
| 32 | Акционерлік қоғамдар туралы Қазақстан Республикасының Заңы | 13.05.2003ж. |
| 33 | Діни қызмет және діни бірлестік туралы Қазақстан Республикасының Заңы | 11.10.2011ж. |
| 34 | Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы Қазақстан Республикасының Заңы. | 12.01.2007ж. |
| 35 | Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы | 19.06.1995 ж. |

| | | |
|---|---|---|
| | Қазақстан Республикасының Заңы | |
| 36 | Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірісі мен айналымын мемлекеттік реттеу туралы Қазақстан Республикасының Заңы | 16.06. 1999ж. |
| 37 | Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы туралы Қазақстан Республикасының Заңы | 16.01. 2013ж. |
| 38 | Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы Қазақстан Республикасының Заңы | 30.12.1998 ж. |
| 39 | Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар қызметтері туралы ҚР Заңы | 07.08.2002 ж. |
| 40 | Соғыс жағдайы туралы Қазақстан Республикасының Заңы | 05.03.2003 ж. |
| 41 | Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы Қазақстан Республикасының Заңы | 07.01.2005ж. |
| 42 | Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің кейбір мәселелері туралы Заңы. | 13.03.2012ж. |
| 43 | Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы Қазақстан Республикасының Заңы | 13.02.2012ж. |
| 44 | Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы Қазақстан Республикасының Заңы | 21.12.1995ж. |
| 45 | Әскери полиция органдары туралы Қазақстан Республикасының Заңы | 21.02.2005ж. |
| 46 | Халықтың көшіп-қону туралы Қазақстан Республикасының Заңы | 22.07.2011ж. |
| 47 | Рұқсаттар және хабарламалар туралы Қазақстан Республикасының Заңы | 16.05.2014ж. |
| | **2. Негізгі әдебиеттер:** | |
| 48 | Қызылов М.А. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы. Оқу құралы. | Астана-2009. 504 бет. |
| 49 | Баянов Е. Әкімшілік құқық. Оқулық | Алматы 2007ж. |
| 50 | Административное право РК: Академический курс / А. А.Таранов.2-е изд., перераб. и доп. | Алматы:2003.-256с |
| 51 | Административное право: учебный курс / под ред. Р.А.Подопригоры. | Алматы: 2010. – 368с. |
| 52 | Административное право. Учебник. Бахрах Д.Н., Россинский Б.В., Старилов | «Норма» 2008г. // |

| | | |
|---|---|---|
| | Ю.Н. | |
| 53 | Алехин А.П., Козлов Ю.М. Административное право РФ. Ч.1,2 Учебник | М.,1995г. |
| 54 | Алехин А.П., Козлов Ю.М., Кармолицкий А.А. Административное право РФ. Учебник | М., 1996. – 680с. |
| 55 | Административное право России: Учебник. Д.Н. Бахрах, В.Г Татарян.-4-е изд., перераб. и доп | М.:ЭКСМО,2009.-608с. |
| 56 | ҚР әкімшілік құқығы бойынша қазақша-орысша, орысша – қазақша сөздігі. Оқу тәжірибелік құралы. Серімов Е.Е., Қалыков Е.Т., Түсіпбеков Ә.Б. | ҚР ІІМ Б.Бейсенов атындағы ҚА. Қарағанды., 2015 ж. |
| 57 | Административное право России ч.1 Учебник под ред. Коренева А.П. | М., 1996.- 460с. |
| 58 | Административное право: Учебник / Под ред. Л.Л.Попова.-2-е изд., перераб. и доп. | М.: Юристъ, 2006.-703с. |
| 59 | Административное право РК. Григорьев В.И. Общая часть: Альбом схем и толковый словарь:Учеб.-нагляд. Пособ. / В.И. Григорьев. | Алматы: Юрист,2007.-102с. |
| 60 | Административное право Республики Казахстан (Первая часть): Курс лекций. Под общей ред. к.ю.н., профессора Кызылова М.А., к.ю.н., доцента В.Н.Лапшина. Караганда: Кар. академия МВД РК им. Б.Бейсенова | 2013. – 148с. |
| 61 | Административное право РК: Учеб.-практич. пособ. Г.К. Пралиева. | Алматы: ЖЕТІ-жарғы, 2006 |
| 62 | Административное право: Учебно-методическое пособие. Карпекин А.В., Филин В.В., Тусупбеков А.Б. КА МВД Республики Казахстан | Караганда, - 2014. – 240 с. |
| 63 | Татарян В.Г., Омаров И.А. Казахстанское административное право. Альбом схем. Учебное пособие. Часть 1. | Алматы, 1997. – 124с. |
| 64 | Абулгазин С.Б. Административно-правовые отношения в деятельности милиции по охране общественного порядка. | Караганда, 1984. - 89с. |
| 65 | Асаинов С. Правовые основы борьбы с | Аламаты 2007г. |

| | | |
|---|---|---|
| | административно-коррупционной деликтностью государственных служащих РК. – Автореф к.ю.н. | |
| 66 | Административно-деликтное процессуальное право Республики Казахстан. Учебное пособие. / Под общ. научн. ред. проф. В.Г.Татаряна, проф. В.А.Круглова. Изд. 4-е, доп. и измен. – Академия МВД РК им.Баримбека Бейсенова, | Караганда:2014. – 315с. |
| 67 | Предупреждение административной деликтности несовершеннолетних: Учеб. пособ. / Б. А. Жетписбаев, О. А. Бектенов. | Алматы:, 2008.- 196с. |
| 68 | Жетписбаев Б.А. Административная ответственность в РК: Учебное пособие. // Под общей ред. Профессора С.С. Сартаева. | Алматы: Данекер, 2000. –233с. |
| 69 | Административные правонарушения, посягающие на общественный порядок и нравственность: Учеб. пособ. / Б.А. Жетписбаев, Т. М.Айкумбаев. | Алматы: Юрид.лит., 2008. |
| 70 | Комментарий к отдельным статьям нового Кодекса Республики Казахстан об административных правонарушениях (подведомственных ОВД): Научно-практическое пособие / Абеуов Е.Т., Абылкасымова А.Ш., Амангельдиев Д.А. и др. Под общ. ред. к.ю.н., генарал-майора полиции Кенжетаева Д.Т. | Караганда: КА МВД РК им. Б.Бейсенова, 2014г. |
| 71 | Комментарий к Кодексу Республики Казахстан об административных правонарушениях, подведомственных органам внутренних дел / Под общ. ред. В.Н.Лапшина. | КарЮИ МВД РК им. Б.Бейсенова, 2010 – 248 с. |
| 72 | Административные процедуры: учеб.пособ./ Ред. Н.В. Спиридонова. | Алматы: Изд-во НИИ ФиНП, 2011.-52с. |
| 73 | Кенжетаев Д. Т., Жалбуров Е.Т., Лапшин В.Н., Кызылов М.А. Образцы административно-процессуальных документов. / Под ред. Вице-министра ВД РК Шпекбаева А.Ж. | КарЮИ МВД РК им. Б.Бейсенова, 2006. – 78 с |
| 74 | Әкімшілік – процестік және қызметтік құжаттар үлгісі. Авторлар: Е.Т. Әбеуов., М.А. Қызылов., Е.Т. Қалыков., Ә.Т. Нұрмахамбетов. Қарағанды 2015 ж. | Караганда, 2001. |

| | | |
|---|---|---|
| 75 | Комментарий к Процессуальной части Кодекса Республики Казахстан об административных правонарушениях / Под общ. ред. к.ю.н., доцента В.Н.Лапшина | Караганда, 2009. |
| 76 | Кодекс РК об административных правонарушениях. Учебно-методическое пособие / В.Н. Лапшин, М.А. Кызылов. | Караганда, 2001. - 282с. |
| 77 | Кодекс РК об административных правонарушениях (Общая часть): Альбом-схем. Сост. В.Н. Лапшин, М.А. Кызылов. | Караганда, 2001. - 111 с. |
| 78 | Административно-юрисдикционная деятельность органов внутренних дел. Альбом-схем. Учебное пособие. / В.Н. Лапшин, М.А. Кызылов, В.В.Филин | Караганда, 2000. |
| 79 | Мусилимова, К.С. Государственная служба и управление: Учеб. пособ. К. С. Мусилимова. | КАРГУ, 2004. |
| 80 | Татарян В.Г., Яблонский И.Э. Правовые основы обеспечения безопасности граждан, общества и государства. Часть 1, справочник. | Караганды, 1996. |
| 81 | Татарян В.Г., Яблонский И.Э. Правовые основы обеспечения безопасности граждан, общества и государства. Часть 2, справочник. | Караганды, 1996. |
| 82 | Филин В.В. Административные правонарушения, посягающие на права личности. Комментарий. КА МВД РК им.Б.Бейсенова | Караганда, 2015г. 135с. |
| 83 | Административное право зарубежных стран. Козырин А.Н.// | «Спарк», 1996г. |
| 84 | Административный процесс: Теория и практика М. Я. Масленников. | ВНИИ МВД РОССИИ, 2008.-364с |
| 85 | Административно-юрисдикционная деятельность органов внутренних дел (милиции). Учебное пособие (практикум). – Под ред. Коренева А.П. | МВД СССР, 1988. |
| 86 | Веремеенко И.И. Механизм административно-правового регулирования в сфере охраны общественного порядка. | М.,1982. |
| 87 | Кисин В.Р. Административное правонарушение. Понятие, состав, квалификация. | М., 1991. |

| | | |
|---|---|---|
| 88 | Коренев А.П. Нормы административного права и их применение. | М., 1978. |
| 89 | Петров Г.И. Советские административно-правовые отношения. | М., 1972. |
| 90 | Производство по делам об административных правонарушениях, рассматриваемых органами внутренних дел (милицией). Учебное пособие (образцы документов). Под ред. Коренева А.П | МВД СССР, 1989. |
| 91 | Комментарий к Кодексу Российской Федерации об административных правонарушениях. Под ред. Сидоренко Е. И. | М., 2002. |
| 92 | Шергин А.П. Административная юрисдикция. | М., 1986. |
| 93 | Денисов Ю.А. Общая теория правонарушения и ответственности. | ЛГУ, 1983. |
| 94 | Былкилова Г. Административная ответственность. | Тураби, 1998. № 1. |
| 95 | Утелеуова К. Коррупционные правонарушения: Не предоставление или представление неполных, недостоверных деклараций о доходах и имуществе. | Закон и время, № 6, 2003. |
| 96 | Сабитова А. Права иностранцев в РК. | Мысль, №7, 2001. |
| 97 | Азимбаев А. Коррупция в Казахстане: история и современность. | Мысль, 2004г., №2. |
| 98 | Абаев М. Коррупционные правонарушения и специфика деятельности ОВД РК по борьбе с ней. | Закон и время, 2006г., №6 |
| 99 | Административно-правовая характеристика понятия и состава коррупционного правонарушения. | Экономика Казахстана, 2007г., № 2 |
| 100 | Решение оперативно-тактической задачи по привлечению к ответсвенности юридических лиц. Учебное пособие. Балтабаев С.А. | КА МВД РК им. Б.Бейсенова, 2015 г. |
| 101 | Әкімшілік құқық. Оқу құралы. А.Қ. Исабеков, Д.О. Кусаинов. | әл-Фараби ат. ҚҰУ. 2013 ж. Алматы. |
| 102 | Әкімшілік құқығы. Оқулық. Г.Н. Күнкожаева, Қ.Ұ. Жылқыбай. | «NURPRESS» 2013. |
| **3. Қосымша әдебиеттер:** | | |
| 103 | "Қазақстан-2050" Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси | Астана қ., 14.12.2012ж. |

| | | |
|---|---|---|
| | бағыты Қазақстан Республикасының Президенті - елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы | |
| 104 | Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің№ 858 Жарлығы. | 24.09.2009 ж. |
| 105 | Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары туралы Қазақстан Республикасы Президентінің № 922 Жарлығы | 01.02. 2010ж. |
| 106 | Мемлекеттік бағдарламалар тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы№ 957 | 19.03.2010 ж. |
| 107 | Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Ішкі істер органдарының жергілікті полиция қызметі туралы ережені бекіту туралы» Қаулысы. | 30.12.2015 ж. |
| **4. Интернет-қайнар көздері:** | | |
| 108 | Қазақстан Республикасының ақпараттық жүйесі | http://www.zako№. kz/. |
| 109 | Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі | http://adilet.za№.kz /rus/search/docs/fulltex. |
| 110 | ҚР ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының порталы | http://web.kzi.kz |
| 111 | Қазақстан Республикасы ІІМ ресми сайты | http://mvd.gov.kz/portal/page/portal/mvd/MVD. |

**1-тақырып. Әкімшілік құқық ғылым және құқық саласы ретінде. Әкімшілік құқықтың пәні, жүйесі және әдісі.**

**Дәріс -1 сағат**

**Жоспар**

1. Әкімшілік құқықтың ұғымы, қағидалары және қайнар көздері.
2. Әкімшілік- құқықтық реттеу механизмі: ұғымы және құрылымы.

**Дәріс тезистері**

1. Әкімшілік құқықтың ұғымы, қағидалары және қайнар көздері.

Әкімшілік құқық Қазақстан Республикасының құқық жүйесінің саласы, ол қоғамдық қатынастардың ерекше топтарын реттеуге бағытталған. Оның негізгі ерекшелігі мемлекеттік басқару аумағында болады және аяқталынады, яғни, Қазақстан Республикасының мемлекеттік әкімшілік - аумақтық бөліністерде атқарушы биліктің жүйесін ұйымдастыру және қызмет етуімен байланысты. Мұндай қатынастар өзінің сипатына қарай әртүрлі және олар әкімшілік құқық пәнін құрайды. Бұл қоғамдық қатынастар мемлекеттік-басқарудың қызметімен байланысты, сондықтан ол басқарушылық деп аталады. Сонымен басқару тек қана мемлекеттік тұрғыдан жүзеге асырылмайды, бұл жағдайда қоғамдық қатынастар туралы сөз болады, яғни, оларда мемлекеттік мүдде, мемлекеттік басқарудың еркі (көпшілік мүддесі) нақты айқындалады. Сондықтан өзінің табиғаты жағынана басқарушылық болып табылатын барлық қоғамдық қатынастар әкімшілік құқық пәніне жатқызылуы мүмкін, оның ішінде олар мемлекеттік емес (қоғамдық бірлестікті, коммерциялық құрылымдар т.б.) құрлымдардың қызмет етуімен байланысты қатынастар. Өйткені олар мемлекетті мүддені көздемейді, олардың басқарушылық қатынастары өздерінің ұйымдастыруына қамтамасыз етуге бағыталған. Оларда осы бірлестіктер мүшелерінің еркі мен мүдделері (заңдылық нормаларда емес) жарғылық нормаларда бекітіледі. Осылай болғандықтан әкімшілік құқық мелекеттік емес құрылымдардың қызметі мен ұйымдастыруына көңіл бөлмейді дегендігі білдірмейді. Заңда тікелей көздеген реттерде оларға ретгеушілік әсер етеді.

Сонымен, осы құрылымдардың қызметін мемлекетгік басқару аумағындағы бағытын, құқық режимін, олардың міндеттері мен функцияларының заңдылығын қамтамасыз етуге бағындыру мақсатына жетуі қажет. Бұл мақсатқа жету үшін оларды міндетті түрде мемлекеттік тіркеуі, атқарушы билік субъектілеріне қарым қатынасының реттелуі, олардың қызметін заңға, әкімшілік құқық нормаларына және т.б. сәйкестігіне байланысты мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру саналады.

Әкімшілік құқықтың реттеушілік рөлінің басты сипаттамасы мен ерекшеліктері атқарушы билік жүйесінің қызмет етуінен көрінеді. Сонымен, әкімшілік құқық Конституцияның және заңды күші бар заңдардың негізінде Қазақстан Республикасының атқарушы билік субъектілеріне, билік тармақтарының бөлінуіне байланысты, міндеттерін, функцияларын, тәсілдер және өкілеттіктерді жүзеге асыратын заңдылық нысан ретінде болады. Сондықтан әкімшілік құқық мемлекеттік-басқарушылық қызметке тән барлық ерекшеліктерді айқын көрсетуі және өзінің тағайындалуына байланысты басқарушылық құқық (немесе басқару құқығы) болып саналады. Мемлекеттік басқару аумағында белгіленген мінез-құлық ережелерін бекіте отырып, ол басқарушылық қоғамдық қатынастарға құқықтық қатынас сипаттамасын береді.

Әкімшілік құқық пәнін дұрыс түсіну үшін қажеті түрде бірнеше маңызды жағдайларды ескерген жөн, олардың жиынтығы, оның Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесінде орны мен қызметтік рөлін көрсетеді.

2. Әкімшілік- құқықтық реттеу механизмі: ұғымы және құрылымы.

Мемлекет және қоғам міндеттеріне сәйкес ұйымдастырылатын қоғамдық қатынастарға әсер ететін әкімшілік құқықтық құралдар жүйесі, әкімшілік- құқықтық реттеу механизмі деп аталады.

Құқықтық реттеуді үш сатылық деңгейде қарастыруға болады.

Біріншісі құқықтық норманың күшіне енуі және әрекет етуі. Бұл сатының мағынасы, құқықтық норма заңмен белгіленген тәртіпте және заңның талаптарына сәйкес күшіне енгендігінде.

Екіншісі құқықтық нормада қатаң айқындалған субъектілердің жалпы құқықтары мен міндеттерінің пайда болуы (мысалы, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуге қатысушы куәнің, маманның, сарапшының және аудармашының ӘҚБТ ҚРК 754, 756, 757, 758-баптарында белгіленген әкімшілік жауаптылыққа әкеп соғады).

Үшіншісі құқықтық қатынас субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыру (мысалы, әкімшілік жауапқа тартылған адам, айыппұлды, әкімшілік айыппұл салу туралы қаулының заңды күшіне енген күннен не Кодекстің 701-бабында көзделген қалдыру мерзімі өткен күннен бастап отыз күннен кешіктірмей төлеу тиістілігі).

Бұл механизімнің құрамына мына элементтер кіреді:

- Қазақстан Республикасының заңдарында, Президент Жарлықтарында және басқада нормативтік құқықтық актілерде белгіленген әкімшілік құқықтық нормалар және оның қағидалары;

-уәкілетті органдар шығаратын әкімшілік құқықтық нормаларын түсіндіру актілері.

- әкімшілік құқықтық нормаларын қолдану актілері;

- әкімшілік құқықтық қатынастар.

Әкімшілік– құқықтық реттеу механизмінің әрбір элементі адамдардың мінез-құлқында және оның негізінде болатын қоғамдық қатнастарды реттеуде ерекше роль атқарады. Сондықтан, механизмнің бұл элементтері бір жағынан, әкімшілік құқықтық реттеудің заңдылық құралдарды ретінде болады. Сонымен әкімшілік құқықтық реттеу өз алдына қоғамдық қатнастарға қатысушылардың мінез-құлқын реттеу мақсатына жету үшін, әкімшілік құқықтық құралдарды қолдану процесі.

Әкімшілік– құқықтық реттеу механизмінің аса маңызды құралдарды болып нормативтік және жеке актілер саналады. Бұл актілер әкімшілік құқық реттеудің екі деңгейіне сай болады.

Бірінші деңгейі адамдардың мінез-құлқының, жалпы ережесін, ал екінші деңгейі әкімшілік-құқтық нормалар негізінде құқықтық қатынасқа қатысушалардың құқықары мен міндеттерін анықтайтын жеке актілер құрайды. Әкімшілік құқық нормаларын қолдану актілері әкімшілік құқық реттеу механизміне жеке құқықтар, міндеттер және заңдылық жауапкершілік шаралараның құралдары ретінде қатысады.

**Әдебиеттер: 3, 49, 50, 64, 104.**

**Семинарлық – 2 сағат (сұрау-жауап нысаны, талқылау)**

**Жоспар**

1. Басқарудың жалпы ұғымы. Атқарушы билік. Атқарушылық, басқарушылық қызмет қағидалары.
2. Әкімшілік құқықтың ұғымы, қағидалары және қайнар көздері.
3. Қазақстандық құқық жүйесінде әкімшілік құқықтың орны.
4. Әкімшілік – құқықтық нормалардың ұғымы, олардың құрылымы және түрлері. Олардың орындау нысаны.

**КОӨЖ – 1 сағат**

**Жоспар**:

1. Әкімшілік-құқықтық қатынастардың ұғымы, олардың элементтері және сипаттамалық белгілері.
2. Әкімшілік-құқықтық қатынастардың жіктелуі.

**КӨЖ-5 сағат**

**Курсант өздік жұмыс барысында орындау керек.**

1. Әкімшілік құқық курсы бойынша негізгі оқу әдебиеттерімен танысып білу.
2. Қосымша әдебиеттермен танысу (ТМД мемлекеттерінде құқық қолданушылық қызметі мен заң ғылымның келешегі және өзекті мәселелері. -2006ж. М.)
3. Дәрістердің конспектілерін дайындау және семинар сұрақтарына қысқаша конспект орындау.
4. Рефераттардың тақырыптары:

-Мемлекеттік басқару әкімшілік-құқықтық реттеу саласы ретінде;

- Әлеуметтік басқару, оның түрлері;

-Мемлекеттік басқарудың қағидалары;

-Әкімшілік құқық қазақстандық құқықтың ғылымы мен саласы ретінде.

5. Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:

- Әлеуметтік басқару дегеніміз не?
- Әлеуметтік басқарудың түрлері.
- Мемлекеттік басқарудың ерекшеліктері мен сипатты белгілер.
- Мемлекеттік басқарудың функциялары.
- -Атқарушы-өкімдік қызметінің мәнін ашыңыз.
- Әкімшілік-құқықтық реттеу механизмі дегеніміз не?
- Әкімшілік-құқықтық реттеу механизмінің құрылымы қандай?
- Әкімшілік-құқықтық нормасының элементтерін атаңыз және сипаттама беріңіз.
- Әкімшілік-құқықтық нормасының ерекшеліктерін анықтаңыз.
- Әкімшілік-құқықтық норманың жіктелуі.

- Қоғамдық қатынастарды реттеудегі әкімшілік құқық нормасының түсіндірушілік рөлі.
- Әкімшілік-құқықтық нормаларды іске асыру нысандарын атап шығыңыз.
- Әкімшілік-құқықтық қатынастардың пайда болу, өзгеру және тоқтату негіздері.
- Әкімшілік-құқықтық қатынастардың түрлерін атаңыз.

9. Сабаққа арналған дидактикалық материалдары (дәріс, семинар, нормативтік актілер конспектілері). Тестілік тапсырмаларды шешуге дайын болу.

**Әдебиеттер:1, 3, 11, 22, 25, 49, 50, 51, 60, 61, 63, 64, 102, 103, 104, 105, 109-112.**

## 2-тақырып. Әкімшілік құқықтың субъектілері.

**Дәріс – 1 сағат**

**Жоспар**

1. Атқарушы билік органдары әкімшілік құқықтың субъектілері ретінде
2. Мемлекеттік қызметшілер әкімшілік құқықтың субъектілері ретінде

**Дәріс тезистері**

1. Атқарушы билік органдары әкімшілік құқықтың субъектілері ретінде.

Атқарушы билік органы - мемлекеттік биліктің атқарушы билік тармағын жүзеге асыратын негізгі субъект. Онсыз мемлекеттік - басқарушылық қызметті жүзеге асыру, әкімшілік-құқықтық қатынастардың пайда болуы мүмкін емес. Бұл сияқты құқықтық-қатынастардың өзге қатысушыларының әкімшілік-құқықтық мәртебесі көбінесе атқарушы билік органдарының қызметінің аясында шындыққа айналады. Сондықтан олардың әкімшілік құқықтық мәртебесін жан-жақты карауды қажет етеді.

Атқарушы билік органының ұғымы белгілі бір шамада «ұйым» деген ұғымнан туындайды, ол тар мағынада қандай да бір бірлескен қызметті жүзеге асыру үшін құрылатын және осы мақсат үшін аз дәрежеде болса да ресімделген адамдар ұжымының жекелеген бөлігін білдіреді. Мысалы, өндірістік ұжым-тар мағынадағы ұйым, ал өндірістің саласы-кең мағынадағы ұйым. Сонымен, ұйым дегеніміз белгілі бір қызметті атқаратын адамдардың ұжымы. Бұл-ұйымды белгілі бір құрылым ретінде түсіну.

Ұйымдардың мемлекеттік және мемлекеттік емес сипаты бар түрлері ажыратылады. Біріншілерін мемлекет ресми түрде құрады. Екіншілері олардың мүшелерінің еркімен құрылады (мысалы, партия).

Мемлекеттік ұйымдардың тобына мемлекеттік кәсіпорындар, мемлекеттік мекемелер және мемлекеттік органдар жатады.

Мемлекеттік кәсіпорын - шаруашылық жөнінен бірлесіп қызмет атқару үшін бірлестірілетін адамдар ұжымы (өндіріс, қызмет көрсету, т.с.с). Бұлар, мысалы, мемлекеттік қазыналық көсіпорындар (зауыттар, фабриктер).

Мемлекеттік мекеме - әлеуметтік - мәдениет немесе өзге өндірістік емес сипаты бар қызметті жүзеге асыру мақсатында бірлестірілетін адамдар ұжымы. Бұл, мысалы, мемлекеттік жоғары оқу орны. Мұндай кәсіпорындар мен мекемелерді біріктіретін ортақ белгі мынадай. Олар өзінің қызметін өздерін құратын мемлекеттің атынан жүзеге асырады, бірақ олардың қандай да бір биліктік өкілеттіктері болмайды және өздерінен тысқары қандай да болмасын басқарушылық функцияларды жүзеге асырумен айналыспайды. Кәсіпорын мен мекеменің ішінде басқарушылық сипаты бар функцияларды тиісті ұжым емес, оның басшылары, яғни әкімшілік жүзеге асырады.

Мемлекеттік емес кәсіпорындар мен мекемелерді де шамамен осылай сипаттауға болады, тек мына бір міндетті жағдайды ескере отырып, оларды мемлекет құрмайды және олар мемлекеттің атынаң бола алмайды.

Бұл келтірілген жағдайлар атқарушы билік органдарының ерекшелігін түсіну үшін қажет. Олар мемлекеттік ұйымдар жүйесінде ерекше орын алады, ол мына төмендегілерден тікелей көрініс табады.

## 2. Мемлекеттік қызметшілер әкімшілік құқықтың субъектілері ретінде

Мемлекеттік қызметтің институты - әкімшілік құқықтың дәстүрлі институттарының бірі болып табылады. Сонымен бірге бұл институт кешенді сипатқа ие, себебі мемлекеттік қызметтің сұрақтары әкімшілік құқықтың нормаларымен қатар еңбек, азаматтық, қылмыстық қаржы құқықтарымен реттеледі.

Мемлекеттік қызметтің институты мемлекеттік қызметшілерінің қызметін реттеуге арналған.

Мемлекеттік қызметтің көпшілігінде екі түрі бөлінеді: карьерлық қызметтік сатымен біртіедеп жылжу, және позициондық бұл ашық түрі себебі кез келген үміткерге қажетті шарттарына сай болса жұмысқа тұруға мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасында екі түрінің белгілері бар.

Бұрынғы Кеңес өкіметінің кезінде мемлекеттік қызметке арнайы арналған заңнама болмады. Ол кезде мемлекеттік қызмет адамдардың еңбек ету қызметі нысандарының бірі ретінде түсінілді, оның ерекшелігі тікелей қол еңбегімен материалдық құндылықтар жасау немесе қандай да бір өндірістік — шаруашылық қызмет көрсету емес, әкімшілік (ұйымдастыру, басқару), әлеуметтік — мәдени және тәрбиелеу функцияларын жүзеге асыру болып саналды.

Мемлекеттік қызмет осындай кең мағыналы ұғымында кез келген мемлекеттік ұйымдағы, яғни тек қана мемлекеттік органдардағы емес, сонымен қатар мемлекеттік кәсіпорындардағы да (басшылар, инженер-техникалық қызметкерлер, т.б.), соңцай-ақ мемлекеттік мекемелердегі де

(мектептер, мәдени-ағарту және медицина мекемелері, т.б.) жұмыс түсінілді. Егер нақты бір адам мемлекет құрған лауазымға орналасқан болса, ол мемлекеттік қызметшілер қатарына жататын болды.

Сонымен бірге қандай да болмасын бір қызметкерді мемлекеттік қызметшілер қатарына жатқызудың ең маңызды белгісі оған еңбек ақы төлеудің көзі болды: мемлекеттік қызмет өзінің барлық көрінісінде мемлекеттік бюджет қаржысының есебінен қамтамасыз етілді.

Мемлекеттік қызметті соншалықты кең ұғынумен қатар оны тар мағынада түсіну де болды. Соған сәйкес мемлекеттік қызмет болып қандай да бір мемлекеттік ұйымда кез келген өндірістік емес функцияларды орындау емес, тек мемлекеттік органдардың аппаратында мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелер әкімшілігінің құрамына кіретін адамдардың қызметі танылатын. Мемлекеттік басқару аясына орай мемлекетгік қызмет деп мемлекеттік ұйымдардың әкімшілік-басқару қызметін атқаратын қызметкерлердің, яғни атқарушы-өкім етушілік (мемлекеттік-басқарушылық) сипаты бар функцияларды жүзеге асыру процесіне қандай да бір нысанда тікелей қатысушылары болатын адамдардың қызметі саналды.

Әкімшілік-басқарушы адамдар тобын құратын мемлекеттік қызметшілердің қызметі әкімшілік құқықтың нормаларымен реттелінді, ал мемлекеттік қызметшілердің басқа санаттарының қызметі, яғни жұмысшылардың жұмысы сияқты, көбінесе еңбек құқығы нормаларының реттейтін объектісі болды.

Мемлекеттік қызметшілердің қызметін саралау. Саралау кезінде әртүрлі бағалау қолданылады: қызметкердің жұмыс атқару сипатына қарай; қызметкердің жұмыс істеу органдар бойынша; лауазымдық функцияларының сипаты бойынша; қызметкерлер жұмыс істейтін органдардың масштабы бойынша; мемлекеттік қызметшілердің өкілеттерінің сипаты бойынша.

Қызметкердің жұмыс атқару сипаты бойынша, қызметкерлер, мемлекеттік органдардың қызметшілері, олардың еңбегі, ұйымдастырушылық және басқарушылық сипатта болады; мемлекеттік органдардың мекемелері, кәсіпорындары және ұйымдрындағы қызметшілер, олардың еңбегі өндірістік процесстерді, әлеуметтік-мәдени және басқа да қызметті жүзеге асыруда.

Қызметкердің жұмыс істеу органдары бойынша, заңшығарушы, атқарушы және сот билігі органдарындағы және басқа да мемлекеттік органдардағы ( прокуратура органдарындағы) қызмет болып бөлінеді.

Лауазымдық функцияларының сипаты бойынша, қызметкерлер, басшылар, мамандар, техникалық орындаушылар, көмекші персоналдар болып бөлінеді.

Қызметкерлер жұмыс істейтін органдардың масштабы бойынша, республикалық деңгейдегі және жергілікті мемлекеттік басқару органдарындағы мемлекеттік қызметшілер болып бөлінеді.

Мемлекеттік қызметшілердің өкілеттерінің сипаты бойынша, мемлекеттік қызметшілер лауазымды адам және көмекші персонал болып бөлінеді.

**Әдебиеттер: 4, 16, 30, 49, 80, 97, 104.**

**Семинарлық – 2 сағат (сұрау-жауап нысаны, талқылау)**

***Жоспар***

1.Қазақстан Республикасының атқарушы билік органдарының жүйесі.
2. Президенттің ҚР атқарушы билік жүйесіндегі рөлі.
3. Мемлекеттік қызметшілердің ұғымы және жіктелуі.
4. Мемлекеттік қызметке түсу және өткеру тәртібі.

**КОӨЖ – 1 сағат**

***Жоспар***

1. Мемлекеттік басқаруда азаматтардың құқықтары, міндеттері және құқықтардың кепілдіктері. ҚР азаматтығы. Шетелдікпен азаматтығы жоқ тұлғаның әкімшілік-құқықтық мәртебесінің ерекшеліктері,
2. Заңды тұлғалардың әкімшілік-құқықтық жағдайының негіздері.

**КӨЖ - 5 сағат**

**Курсант өздік жұмыс барысында орындау керек.**

1. Курс бойынша негізгі оқу әдебиеттерімен танысып білу.
2. Қосымша әдебиеттермен танысу.
3. «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы», «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Мемлекеттік қызмет туралы» (әдебиеттерді қара).
4. Дәрістердің конспектілерін дайындау және семинар сұрақтарына қысқаша конспект орындау.
5. Рефераттардың тақырыптары:

- ҚР Президентімен атқарушы билик органдарының қызметін басқару ерекшеліктері.
- ҚР Үкіметі мемлекеттік билікте жоғары атқарушы орган ретінде
- ҚР жергілікті атқарушы билик органдарының құзыреті және қызметін ұйымдастыру.
- Қазақстан Республикасындағы өзін-өзі басқару.
- ҚР мемлекеттік қызметтің қалыптасу және даму сұрақтары;
- Мемлекеттік қызметшілер әкімшілік құқық субъектілер жүйесінде;
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметтің жүйесінде құқық қорғау қызметінің орны.
- Шетел мемлекеттерде мемлекеттік қызметінің ерекшеліктері;
- Жеке субъектілердің әкімшілік-құқықтық кепілдіктері;

- ҚР шетелдіктердің әкімшілік-құқықтық мәртебесінің ерекшеліктері;
- ҚР қашқындардың әкімшілік-құқықтық мәртебесін анықтау мәселелері;
-Заңды тұлғалардың әкімшілік-құқықтық мәртебесінің негіздері;
-Саяси партиялар, әкімшілік құқықтың субъектілері ретінде;
-Үкіметтік емес ұйымдар, әкімшілік құқықтың субъектілері ретінде;

6. Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:

- Атқарушы билік органдарының әкімшілік-құқықтық мәртебесінің ұғымын ашыңыз?
- ҚР Үкіметінің әкімшілік-құқықтық мәртебесінің мазмұны неде?
- Жоғары, орталық және жергілікті атқарушы билік органдарының ұғымын беріңіз.
- Жергілікті атқарушы органдарының әкімшілік-құқықтық мәртебесінің ерекшелігі неде?
- Өзін-өзі басқару органдарының әкімшілік-құқықтық мәртебесінің ерекшелігі неде?
- ҚР Президентінің негізгі басқарушылық функциялары қандай?
- Мемлекеттік қызметтің ұғымын атаңыз. Олардың ерекшеліктерін ашыңыз.
- Мемлекеттік қызметтің түрлерін атап өтіңіз.
- Құқық қорғау қызметінің ерекшеліктері.
- Жеке және заңды тұлғалардың ұғымын және түрлерін атаңыздар.
- Кәсіпорындар, мекемелер және ұйымдардың әкімшілік-құқықтық мәртебесінің мазмұны қандай?
- Қоғамдық бірлестіктерінің әкімшілік-құқықтық мәртебесінің мәні және құрылымы.
- Сіздің көзқарасыңызға «әкімшілік құқықтың ұжымдық субъектілері» деген термин нені білдіреді.
- Қандай қоғамдық бірлестіктердің ұйымдық-құқықтық нысандарын сіз білесіз.
- Коммерциялық емес ұйымдардың әкімшілік-құқықтық мәртебесіне кіретін негізгі құқықтары мен міндеттерін атаңыз.
- Мемлекеттік кәсіпорының әкімшілік-құқықтық мәртебесінің ерекшеліктерін атаңыз.
- ҚР қазіргі заңнамасымен діни бірлестіктердің қандай түрлері бекітілген?

7. Сабаққа арналған дидактикалық материалдары (дәріс, семинар, нормативтік актілер конспектілері). Тестілік тапсырмаларды шешуге дайын болу.

**Әдебиеттер: 1, 2, 3, 4, 16, 20, 23, 24, 26, 27, 30, 32, 34, 35, 49, 50, 51, 52, 61, 63, 64, 80, 97, 102, 103, 104, 105, 109-112.**

## 3 тақырып. Әкімшілік-құқықтық нысандар және әдістер

**Дәріс – 1 сағат**

**Жоспар**

1. Әкімшілік-құқықтық нысандар: ұғымы, түрлері және сипаттамасы.
2. Әкімшілік- құқықтық әдістер: ұғымы, түрлері және сипаттамасы.

**Дәріс тезистері**

1. Әкімшілік-құқықтық нысандар: ұғымы, түрлері және сипаттамасы.

Нысан (форма) жалпы ғылыми тұрғыдағы түсінігінде белгілі құбылыстың, немесе белгілі 6ір іс-қимылдардың мазмұнының сыртқы көрінісі болып табылады. Мысалы, оқыту nроцесі қызметінің мазмұны дәріс оқудан, тәжірибелік сабақ өткізуден, тиісті тәжірибемен таныстырудан, т.б. (оқыту нысандарынан) көрініс табуы мүмкін.

Мемлекеттік басқару аясында көптеген адамдардың, уйымдар мен органдардың қызметі жүзеге асырылады. Бұл аяда атқарушы биліктің міндеттері, функциялары мен өкілеттіктері жүзеге асырылатын болғандықтан, мемлекеттік биліктің бұл тармағының субъектілері кызметі нысандарының мәселесі бірінші орынға шығады. Осы нысандарды білу арқылы мемлекеттік — басқарушыльқ қызметтің өзін — әкімшілік құқықтың негізгі субъектісін тереңірек түсінуге мүмкіндік туады.

Мемлекеттік билік өзінің, кез-келген көрісінде өзінен-өзі іске асырылмайтыны белгілі. 0сы заң шығару, сот, атқару түрінде көрсету үшін ол іс-әрекет жасау керек. Нақ осындай іс-әрекеттерде биліктің осы тармағының тиісті субъектілерінің мазмұны мен мақсат — міндеті көрініс табады.

Атқарушы органдар (лауазымды адамдар) өзінің күнделікті тәжірибелік кызметінде әр түрлі іс-әрекеттер жасайды. Сонымен бірге тиісті органның немесе оның өкілінің (лауазымды адамның) құзыреті олардың қандай да болмасын накты басқарушылық жағдайларда қандай да 6ір іс-әрекеттер жасауының мүмкіндігін айқындайды.

Атқарушы органдардың біреулері заңға тәуелді құқықтық нормалар, яғни мемлекеттік басқару аясындағы немесе оның жекелеген учаскелеріндегі мінез - құлық, ережелерін белгілеуге құқылы; басқаларына басқарушылық қатынастардың қандай да 6ір қатысушыларына арналған нақты заңдық биліктік нұсқамалар беру немесе тыйымдар салу құқығы берілген; үшіншілеріне бақылау - қадағалау функцияларын жүзеге асыру жөнінде өкілеттіктер берілген, т.с.с.

Сонымен 6ірге олардың бәрі өзінің жұмысын немесе бағынысты қызметшілердің жұмысын ұйымдастыру мақсатында іс-әрекеттер жасайды; олардың бәрі әр түрлі нұсқаларда азаматтар мен коғамдық бірлестітердің тілектерін канағаттандырады, әр түрлі өтініштерін (мысалы, азаматтардың арыздары мен шағымдарын) қарап шешеді.

Сүйтіп қандай да 6ір көлемде мемлекеттік басқарушылық қызметте жүзеге асыруға арналған құзыретті, сондықтан да өкілетті субъект ретінде

өзін көрсететін мүмкіндігі шындыққа айналады. Демек атқарушы органдардың (лауазымды адамдардың) жасайтын іс-әрекеттерінде олар үшін белгіленген құзырет шын мәнінде іске асырылады, яғни тап сол өзінің сыртқы көрінісін табады. Оны жүзеге асыру жөніндегі іс-әрекеттер-барлық; баскарушылык міндеттер мен функцияларды шешудің қажетті құралы.

Аталған субъектілердің істейтін әр түрлі іс-әрекеттері, шын мәнінде, басқару жөніндегі қызметтің мазмұнын білдіреді, басқарушылық міндеттердің іс жүзінде қалай шешіліп жатқаны, басқару функцияларының қалай орындалып жатқаны, яғни мемлекеттік -басқарушылық қызметтің қалай жүзеге асырылып жатқаны туралы мағлумат береді.

Атқарушы билік органдары өздерінің функцияларын тікелей мемлекет атынан жүзеге асыратын болғандықтан, олардың сырт көрінісі болатын іс-кимылдары құқықпен реттеледі. Қандай да бір органның құқықтық жағдайын айкындайтын әкімшілік-құқықтық нормалар шындығында оның қызметші нысанын да айкындайды. Сүйтіп олардың бәрі атқарушы билікті іске асыру процесінің мүддесіне бағынады.

Жоғарыда айтылғандар басқарушылық кызметтің нысаны (басқарудың нысаны) деп не түсініледі деген сұраққа жауап беруге мүмкіндік береді. Ол атқарушы органның (лауазымды адамның) өзінің құзыретінің шегінде жүзеге асыратын және белгілі бір салдарлар тұғызатын сырт көрінісі бар іс-әрекеті болып табылады.

Бұл органдардың (адамдардың) нақты іс-әрекеттері өзінің сипаты, мақсат-міндеті және олардың тудыратын салдарлары бойынша айтарлықтай әр турлі.

Бұл орайда атқарушы биліктің қандай да бір субъектісінің тиісті объектіге тікелей басқарушылық ықпал жасауы көрініс табатын нысандар алғы шепке шығады. Басқаша айтқанда, сырт көрінісі болуын бірінші кезекте сыртқы басқарушылық функциялар қажет етеді. Бұл түсінікті де, өйткені басқаша басқарудың мақсатына қол жеткізу мүмкін болмайды.

Бірақ атқарушы органдар тікелей басқарушылық ықпал жасаудың сыртқы сипатын білдірмейтін көптеген іс-әрекеттерді жүзеге асырады (осындай ықпал жасауды әзірлеуді камтамасыз ету, іске асырылған ықпал жасаудың нәтижелері туралы ақпараттар жинау, т.с.с). Бұлар ішкі ұйымдастыру іс-әрекеттері. Сонымен, басқарудын нысандарын саралаған кезде олардың:

а) атқарушы билікті іске асыру нысандары;

ә) ішкі аппараттық сипаты бар кызметтің нысандары рөлінде болатындарын ескеру керек.

2. Әкімшілік- құқықтық әдістер: ұғымы, түрлері және сипаттамасы.

Атқарушы билікті нақты жүзеге асыру процесінде әкімшілік-құқықтық нысандармен қатар басқару қызметінің әдістеріне (басқарудың әдістеріне) үлкен мән беріледі. Олардың мәні неден көрініс табады?

Басқару процесі басқару субъектісінің тиісті объектіге тікелей мақсатты бағытталған (яғни реттеушілік) ықпалын жүзеге асырғанда аяқталады. Осылай мемлекеттік-баскарушылық қызметтің мақсаттары, міндеттері, функциялары іс жүзінде жүзеге асырылады. Бірақ бұл үшін басқарушылық ықпалды білдіретін, басқарудың, функцияларына серпінді сипат беретін тәсілдер, әдістер, құралдар жүйесі қажет. Бұл сияқты міндетті мынадай сұрақтарға жауап алуға мүмкіндік беретін басқарудың әдістері орындайды: басқару қалай жүзеге асырылады, оның функциялары калай нақты іске асырылады, ақырында, басқарудың субъектісі объектіге қалай реттеушілік ықпал жасайды?

Сонымен, атқарушы органдардың (лауазымды адамдардың) басқарылатын объектілерге (басқарылатындарға) тікелей басқарушық ықпал жасаудың тәсілдері мен әдістері - басқару әдістері болып саналады. Басқаша айтқанда, басқарудың әдісі атқарушы биліктің тиісті субъектісінің алдында тұрған міндеттерді іс жүзінде жүзеге асырұдың нақты тәсілі, осы биліктің өзін іске асырудың құралы болып табылады. Бұл әдістердің сипаттамасындағы ең маңыздысы мынада олар басқарудың субъектісі мен объектісінің өзара әрекеттестігінде көрініс табады, олардың арасындағы байланысты білдіреді.

Басқарудың әдістеріне мыналар тән:

- олар мемлекеттік-басқарушылық қызметтің процесінде іске асырылады, мемлекеттік биліктің атқарушы тармағының мақсаты қызметімен табиғи байланысты;
- оларды атқарушы билік субъектілері өздеріне бекітілген құзыретін іске асыру құралы ретінде пайдаланады;
- оларда атқарушы билік субъектілерінің заңдық-биліктік өкілеттіктері тікелей көрініс табады;
- басқарушылық ықпал жасаудың нақты әдістерін таңдап алу басқару объектісінің ерекшеліктерімен тікелей байланысты (мысалы, меншіктің нысанымен, жеке-дара немесе ұжымдық сипатпен, ведомстволық қарастылықпен, т.б.);
- басқарушылық ықпал жасау басқару субъектісінің нормативтік немесе жеке-дара заңдық-биліктік ерік білдіруі ретінде жүзеге асырылатын болғандықтан басқарудың әдістері нақты әдресаттар үшін міндетті, кейде жалпы міндетті болатын мінез-құлық ережелерін белгілеуден (норма шығарудан), немесе нақты объектілерге қатысты және нақты мәселелер бойынша жеке-дара нұсқамалар тұжырымдаудан (өкім етуден) өзінің көрінісін табады;
- басқарудың әдістері өздерін тікелей білдіретін құқықтық нысанды қажет етеді, ол әдістерге міндетті болатын сипат береді;
- әдістер өзінің ең айқын көрінісін басқарудың құқықтық актілерінен табады.

Сонымен, басқарудың нысандары мен әдістері сияқты санаттардың тығыз арақатынасы, олардың арасындағы тікелей байланысы айқын болып отыр.

Егер басқарудың нысаны басқарудың тиісті субъектісінің жұмыс істейтінін және оның іс-әрекеті белгілі бір заңдық салдарлар туғызатынын сырттай білдіретін болса, басқарудың әдісі осы зандык салдарлар арнаулы тұлғаға (әдресатқа) қандай тәсідермен жеткізілетінін түсінуге мүмкіндік береді. Басқаша айтқанда, баскарудың қандай да болмасын нысаны басқарушылық ықпал жасаудың мақсаттарына қол жеткізу мүддесі үшін жасалатын әр-түрлі нақты басқарушылық іс-әрекеттермен «толтырылады». Сөйтіп басқарудың нысаны іске қосылады.

Осы айтылғанның бәрі басқарудың әдісі мемлекеттік-басқарушылык қызметтің функцияларын, оның мақсаттарын іс жүзінде жүзеге асырудың құралы екендігін білдіреді. Ал бұл функциялар мен мақсаттар, шын мәнінде, әкімшілік-құқықтық нысандарда «беріледі». Демек, әдіс-басқару субъектілерінің күнделікті қызметінде пайдаланатын әкімшілік-құқықтық нысаңдарда керініс табатын басқарудың практикалық құралы. Басқаша айтқанда, қызметтің әкімшілік-күкықтық әдістері өздерінің сыртқы, яғни шынайы көрінісін әкімшілік-құқықтық нысандардан - ең алдымен басқарудын құқықтық актілерінен табады. Мысалы, егер өкілетті лауазымды адам қандай да бір тұлғаның әкімшілік құқық бүзушылық жасағаны туралы іс қараса және дәлелдемелерді бағалаудың негізінде осы тұлғаның кінәлілігі туралы қорытындығa келсе, бұл лауазымды адамның тікелей міндеті әкімшілік жауаптылық шараларының бірін таңдау болып табылады. Ол өзінің әкімшілік жаза қолдану туралы біржақты шешіміне қаулы нысанында түр береді.

Сонымен бірге құқықтық актілерден басқа, заңдық маңызы бар өте кеп өзге де құралдар тобы пайдаланылады. Мысалы, азаматтардың тұрғылықты және уақытша болатын жері бойынша тіркеу есебі жүргізіледі; заңмен белгіленген қызмет түрлерін лицензиялау жүзеге асырылады; автокөлік бұзушылықтары болған кезде қозғалысқа шектеу қойылады, т.с.с.

Осының бәрі әкімшілік-құқықтық әдістердің мазмүнының әр түрлілігін дәледдейді, оларда мемлекеттік — басқарушылық қызметтің әр түрлі жақтары көрініс табады. Олардың бәрі қалай болғанда да атқарушы билік субъектілерінің құзыретінде бекітіледі.

**Әдебиеттер: 4, 15, 29, 49, 61, 89, 102**

**Семинарлық – 2 сағат (сұрау-жауап нысаны, талқылау)**

***Жоспар***

1. Мемлекеттік басқару нысандарының ұғымы, жіктелінуі.
2. Мемлекеттік басқарудың әдістері және олардың жіктелінуі. Басқарудың әкімшілік-құқықтық әдістерінің мазмұны және ерекшеліктері.
3. Басқарудың құқықтық актілерінің ұғымы, жіктелінуі және негізгі белгілері, оларды қабылдаудың жалпы шарттары.
4. Әкімшілік мәжбүрлеудің ұғымы, маңызы және сипаттамалық белгілері.

**КОӨЖ – 1 сағат**

**Жоспар**

1.Әкімшілік мәжбүрлеу шараларының түрлері, олардың мақсаттары мен негіздері.

2.Әкімшілік мәжбүрлеу ішкі істер органдарының қызметінде.

**КӨЖ – 5 сағат**

**Курсант өздік жұмыс барысында орындау керек.**

1. Әкімшілік құқық курсы бойынша негізгі оқу әдебиеттерімен танысып білу.
2. Ұсынылған қосымша әдебиеттермен танысу.
3. Нормативтік актілерді оқып және олардың негізгі ережелерін қысқаша конспектілеу («Нормативтік-құқықтық актілер туралы»).
4. Дәрістердің конспектілерін дайындау және семинар сұрақтарына қысқаша конспект орындау.
5. Рефераттардың тақырыптары:

-Мемлекеттік басқарудың жіктелінуі және нысандардың түрлері;

-Құқықтық актілерді шығару, негізгі әкімшілік-құқықтық нысаны ретінде;

-Мемлекеттік басқару әдістерінің жүйесі;

-Сендіру және мәжбүрлеу мемлекеттік басқаруда.

-Әкімшілік-құқықтық мәжбүрлеу шаралары әкімшілік құқық және әкімшілік заңнамасының жүйесінде;

-Әкімшілік мәжбүрлеу ІІО қызметінде;

-Әкімшілік мәжбүрлеу шараларының жіктелу мәселелері;

-Мәжбүрлеудің әкімшілік-ескерту шаралары: жүйелеу және қолдану рәсімнің мәселелері;

-ҚР заңнамасы бойынша әкімшілік-бұлттартпау негізгі шараларының түрлері және мәні;

-Әкімшілік-мәжбүрлеу шараларының жүйелеу мәселелері.

6.Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:

- Мемлекеттік басқару нысандарының анықтамасын беріңіз.
- Мемлекеттік басқару нысандары бөлінеді құқықтық және құқықтық емес, мемлекеттік басқарудың құқықтық емес нысаны нормативтік актілермен реттелмейтінін білдіреме?
- Мемлекеттік басқарудың құқықтық және құқықтық емес нысандарының басты айырмашылығы неде?
- Мемлекеттік басқарудың құқықтық нысандарының қандай түрлерін білесіз?
- Мемлекеттік басқару әдісі дегеніміз не?
- Басқарудың әкімшілік әдістерінің ерекшеліктері неде?
- Мемлекеттік басқарудың қандай әдістері ІІО қызметінде ең жиі қолданылады?

- Мемлекеттік басқару актілерінің ұғымын және олардың түрлерін атаңыз?
- Құқықтық актілердің іске асыру нысандарын атаңыздар .
- Басқарудың құқықтық актілеріне қойылатын талаптарды көрсетіңіздер.
- Әкімшілік мәжбүрлеу дегеніміз не? Оның айырмашылық белгілері қандай?
- Әкімшілік мәжбүрлеудің мақсаттары қандай?
- Әкімшілік мәжбүрлеуді қолдану негіздері қандай?
- Әкімшілік мәжбүрлеуді қолдану субъектілерін атаңыздар?
- Әкімшілік мәжбүрлеу шараларын жіктеудің негізіне не салынады?
- Әкімшілік – ескерту шараларын атаңыз.
- Әкімшілік-бұлтартпау шаралырын атаңыз.
- Қандай әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қамтамасыз ету шараларын білесіз?
- Ішкі істер органдарымен қандай әкімшілік мәжбүрлеу шаралары қолданылады? Олар немен реттелінеді?

7. Сабаққа арналған дидактикалық материалдары (дәріс, семинар, нормативтік актілер конспектілері). Тестілік тапсырмаларды шешуге дайын болу.

**Әдебиеттер: 1, 4, 10, 15, 25, 29, 47, 49, 50, 51, 52, 61, 63, 64, 89, 102, 103, 104, 105, 109-112.**

## 4-тақырып. Әкімшілік – құқықтық режимдер

**Дәріс – 1 сағат**

**Жоспар**

1. Әкімшілік-құқықтық режимнің мәні
2. Төтенше жағдайдың құқықтық режимі.

### Дәріс тезистері

1. Әкімшілік-құқықтық режимнің мәні.

Әкімшілік-құқықгық режим деп жеке және занды тұлғалардың атқарушы билік аясындағы қызметінің ерекше құқықтық режимі тү-сініледі, ол заңдармен белгіленеді және төтенше сипаты бар мән-жайлармен немесе қызмет түрінің ерекшеліктерімен байланысты бо-лады.

Бұл ретте мемлекеттің амалсыз пайдаланатын құқықтық, ұйым-дастырушылық және өзге де шараларының кешені әдеттегі (қалыпты) жағдайларда қолданатын іс - әрекеттерінен елеулі түрде өзге-шеленеді. Ал әкімшілік - құқықтық режимді іске асыруға қатысушылардың құқықтық мәртебесіндегі өзгерістер, қағида бойынша, атқарушы билік органдарының

өкілеттіктерін күшейтуден және, керісінше, басқарушылық қатынастардың басқа қатысушыларының құқықтарын шектеуден немесе тіпті оларға жаңа не қосымша міндеттер жүктеуден көрініс табады. Бірақ барлық жағдайда да мынаны есте ұстау керек, Конституцияның 39-1-б. бойынша адамның және азаматтың кұқықтары мен бостандықтары конституциялык құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен босгандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығьш сақтау мақсатына қажетті шамада ғана және тек заңмен шектелуі мүмкін.

Конституцияның 44-б-ның 17-тар-да Республикаға қарсы агрессия жасалған не оның қуіпсіздігіне сырттан тікелей қатер төнген жағдайда ҚР-ның Президенті Республиканың бүкіл аумағында немесе оның жекелеген жерлерінде әскери жағдай еңгізеді, ішінара немесе жалпы мобилизация жариялап, бұл туралы Республика Парламентіне дереу хабарлайды деп қаралған.

Әскери жағдай режимі «Соғыс жағдайы туралы» 2003 ж. 5-наурыздағы Қазақстан Республикасының заңымен реттеледі. Бұл Заң бойынша соғыс жағдайы ҚР-на қарсы агрессияны не оның қауіпсіздігіне сырттан тікелей төнген қатерді болдырмауға немесе оларға тойтарыс беруге жағдай жасауға бағытталған саяси, экономикалық, әкімшілік, әскери және өзге де шаралар кешенін көздейтін және Қазақстан Республикасының Президенті Республиканың бүкіл аумағында немесе онын жекелеген жерлерінде енгізетін ерекше құқықтық режим.

Соғыс жағдайы Президенттің жарлығымен енгізіледі. Жарлықта: соғыс жағдайын енгізу үшін негіз болған мән-жайлар; енгізілген шаралардың және азаматтар мен басқа тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын уақытша шектеулердің тізбесі; соғыс жағдайы енгізілетін аумақтың шекаралары; соғыс жағдайын орнату мен қолдау үшін тартылатын күштер мен құралдар; соғыс жағдайы қолданыла бастайтын уақыт белгіленеді.

Соғыс жағдайы енгізілген жерлерде заңдарға сәйкес әскери басқару органдарының өкілеттіктері кеңейтіледі, оларға мемлекетгік билік пен басқару органдарының қорғаныс және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы барлық функциялары көшеді.

Заңда соғыс жағдайы режимін қамтамасыз ету үшін қандай шаралар қолданылуға болатындығы, ҚР-сы Президенті мен Үкіметінің соғыс жағдайы кезеңіндегі өкілеттіктері, азаматтардың және басқа да адамдардың, үйымдардың міндеттері қаралған.

Қазақстан Республикасының аумағындағы немесе оның жекелеген жерлеріндегі соғыс жағдайы, оны енгізуге негіз болған әрекеттер тоқтағаннан кейін, Президенттің жарлығымен күшін жояды.

2. Төтенше жағдайдың құқықтық режимі.

Қазіргі заңдарда «төтенше құқықтық режим» термині таза түрінде қолданылмағанымен оған үндес анықтамалар қолданылады, мысалы «төтенше жағдайлар», «ерекше құқықтық жағдайлар», «төтенше жағдай

режимдері» және тағы басқалар. Отандық заң ғылымының қандайда бір салалық бағытында бұл терминді ұғымдық аппараттың элементі ретінде қолданылғанын кездестіру қиын.

Қазіргі замандағы мемлекеттірінің заңдарында (конституцияларында) басты міндеттері ретінде адамның және азаматтың бостандығы мен құқығын қорғау және орындау бекітіліп, құқық пен бостандықтардын тікелей тізімдері келтірілген. Мемлекеттің бүтіндігіне, аумағындағы адамдардың өміріне және денсаулығына ешқандай қауіп төнбеген жағдайда барлық мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар мен құрылымдар (басқаша-құқықтық тәртіп) қызметтері адам және азаматтың құқығы мен бостандығы жайлы айтылған ережелердің әр қайсысы минималды шектеусіз іске асуына бағытталады.

Осындай жағдайларда мемлекетке құқықтық (бірінші кезекте конституциялық) деңгейде үкіметтің құрамын концентрациялау (қайта жасақтау), азаматтардың құқығын және бостандығын, ұйымдардың бостандығын шектеп, сонымен қатар оларға қосымша міндеттерді жүктеп, төтенше құқықты ережені уақытша орналастыру мүмкіндігі берілген, және бұндай тәртіптерді соттық прецедент немесе заңға тәуелді актлермен емес, заң актілерімен реттеу азаматтардың құқықтарының және бостандықтарының қорғалу дәрежесін және қоғамның саяси-құқықтың жоғарғы деңгейінің маңызды белгісі ретінде қарастырылады.

Жоғарыда айтылған төтенше құқықтық тәртіп ұғымын азаматтардың, ұйымдардың кейбір конституциялық құқығына және бостандығына рұхсат ететін шектеулер қою беріп, мемлекеттің тұтастығына қауіп төнгенде және қауіптен қорғау мақсатында немесе мемлекет аумағында тұрып жатқан адамдардың өміріне және қауіпсіздігіне қауіп-қатер төнген жағдайда, азаматтардың азаттығына және конституциялық құқығына, мекемелер құқықтарына рұхсат етілген шектеулер қойып, сонымен қатар мемлекеттің құқықтық реттеу мақсатында мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың және құрылымдардың қызметі мен күнелтуіне қосымша міндеттер жүктеуді жоғарыда айтылған төтенше жағдай тәртібі ұғымын білдіреміз.

Жоғарыда айтылған төтенше жағдай тәртібі анықтамасы әртүрлі қазіргі заманғы ғылыми-заң салаларында қолданылатын жинақталған түсініктер жиынтығын қарағанда жалпы анықтама болып табылады. Бұл жағдайлар әскери режим енгізгендегі құқықтық тәртіп элементі немесе төтенше жағдай енгізгендегі құқықтық тәртіп элементтері деп оқшаулап қарастыру арқылы шарттастырылған. Бұл жағдай негізгі заңымыз Қазақстан Республикасының Конституциясында және осыған сәйкес арнайы заңдарда әскери және төтенше жағдай енгізу процедураларының шекарасын қатаң ажыратумен шарттастырылған. Ерекше (төтенше) құқықтық тәртіпке анықтама беретін ұғымдардың көлемі нақты берілген проблематика шеңберінде шектелетіні қалыпты жағдай.

**Әдебиеттер: 22, 38, 57, 64, 71, 105.**

**Семинарлық – 2 сағат (сұрау-жауап нысаны, талқылау)**

**Жоспар**

1. Әкімшілік-құқықтық режимнің ұғымы және мәні және түрлері.
2. Әкімшілік-құқықтық режимнің түрлері.
3. Төтенше жағдай режимі.
4. Соғыс жағдайларының режимі.

**КОӨЖ – 1 сағат**

**Жоспар**

1. Мемлекеттік шекараны қорғау режимі.
2. Ерекше жағдайдың режимі.

**КӨЖ – 5 сағат**

**Курсант өздік жұмыс барысында орындау керек.**

1. Әкімшілік құқық курсы бойынша негізгі оқу әдебиеттерімен танысып білу.
2. Ұсынылған қосымша әдебиеттермен танысу.
3. Нормативтік актілерді оқып және олардың негізгі ережелерін қысқаша конспектілеу («Төтенше жағдай туралы» «Соғыс жағдай туралы» «ҚР мемлекеттік шекарасы туралы»).
4. Дәрістердің конспектілерін дайындау және семинар сұрақтарына қысқаша конспект орындау.
5. Рефераттардың тақырыптары:

-Әкімшілік-құқықтық режим мемлекеттік басқарудың ерекше нысаны ретінде;

-ІІО әкімшілік-құқықтық режимнің арнаулы субъектісі ретінде;

-Соғыс және ерекше жағдай режимдерінің құқықтық негізі;

-Төтенше жағдай режимінің құқықтық негізі;

-ҚР мемлекеттік шекараны қорғау режимінің құқықтық негізі;

6. Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:

- Әкімшілік-құқықтық режим дегеніміз не?
- Әкімшілік-құқықтық  режимнің қағидаларын атаңыздар.
- «Жалпы» және «екінші» әкімшілік-құқықтық режим деген нені білдіреді?
- Сіздер төтенше жағдай режимін қалай түсінесіздер ? Олардың түрлерін және енгізу тәртібін атаңыздар.
- Төтенше жағдай режимі кезіндегі басқару органдары қызметінің ерекшеліктері?
- Ерекше жағдай режимі дененіміз не? Оның ерекшеліктері?
- Ерекше жағдай режимін енгізудің тәртібі және негізі қандай? Оның құқықтық енгізі.
- Соғыс жағдайы режимінің ұғымын беріңіз. Оны енгізудің тәртібі және негізі қандай?

- Әскери, ерекше және төтенше жағдай кезіндегі ҚР Президенті және Үкіметінің өкілеттіктерін атаңыздар.
- Мемлекеттік шекараны қорғау режимінің ұғымын беріңіз.
- Мемлекеттік шекараны қорғауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың жүйесін атаңыздар.

7. Сабаққа арналған дидактикалық материалдары (дәріс, семинар, нормативтік актілер конспектілері). Тестілік тапсырмаларды шешуге дайын болу.

**Әдебиеттер: 1, 4, 22, 24, 27, 28, 31, 37, 38, 39, 40, 41, 46, 47, 57, 49, 50, 51, 52, 61, 63, 64, 71, 87, 97, 102, 103, 104, 105,106, 109-112.**

## 5 тақырып. Әкімшілік құқық бұзушылық және әкімшілік жауаптылық.

**Дәріс-1 сағат**

**Жоспар**

1. Әкімшілік құқық бұзушылық пен жауаптылықтың мәні.
2. Әкімшілік жазалар және олардың түрлері.

**Дәріс тезистері**

1. Әкімшілік құқық бұзушылық пен жауаптылықтың мәні.

Қоғамдағы адамдардың мінез-құлқы заңды және заңсыз (құқыққа қарсы) болуы мүмкін. Құқыққа қарсы мінез-құлық азаматтық-құқықтық, тәртіптік қылықтарды, әкімшілік құқық бұзушылықтарды және қылмыстарды жасауда көрінеді.

Әкімшілік жауаптылықтың заңды негізгі болып әкімшілік құқық бұзушылық саналады.

Жеке адамның құқыққа қарсы, кінәлі (қасақана немесе абайсыздық) іс әрекет жасаған әрекет немесе әрекетсіздігі немесе заңды тұлғаның құқыққа қарсы іс-әрекеті не әрекетсіздігі немесе заңды тұлғаның құқыққа қарсы іс-әрекеті не әрекетсіздігі әкімшілік құқық бұзушылық деп танылады (ҚР ӘҚБТ кодексінің 26-бабы).

Бұл норманы талдау барысында барлық әкімшілік құқық бұзушылықтарға тән, жалпы белгілерді анықтауға болады және осы белгілері арқылы заңсыз мінез-құлықты, заңды мінез-құлықты, сонымен бірге басқа да құқық бұзушылыққа тән (қылмыстан, тәртіптік қылықтар және т.б.) ерекшеліктерді айыруға болады:

Бұл белгілердің қатарына мыналарды жатқызуға болады:

- теріс қоғамдық;
- құқыққа қарсылық;
- кінәлілік;

- әрекеттің жазалануы.

Осы аталғандардың ішінен бастапқы сипаттамалық белгілер болып әрекет саналады. Бұл мінез-құлықтың ерікті актісі. Ол өзіне мінез-құлықтың екі аспектісін құрайды, олар: әрекет және әрекетсіздік.

Әрекет – бұл белсенді түрде міндеттерді орындамау заңды талаптарды және де тыйым салуларды бұзу (мысалы, аң аулау тәртібін бұзу, жол полиция қызметкерінің талабы бойынша транспорт  құралын тоқтатпау және т.б.).

Әрекетіздік – бұл белсендіксіз міндеттерді орындамау (мысалы: өрт қауіпсіздігі ережелерін орындамау және т.б.). Көбінде қандай да болсын міндеттер әрекет немесе әрекетсіздік арқылы жасалынады.

Өзінің әлеуметтік мағынасына қарай әрекет адамдардың, қоғамның және мемлекеттің мүдделеріне зиян келтіретін теріс қоғамдық әрекет болып саналады. Қандай, әрекет теріс екендігін әкімшілік жауаптылық институттың шеңберінде заңмен анықталады. Сондықтан, қандай да болмасын теріс қоғамдық әрекет, әкімшілік құқық бұзушылық белгілерінің мазмұнына қатысты болмайды.

Құқыққа қарсылық  құқық нормасын бұзатын әрекетті жасау. Бұл нормалар тек әкімшілік құқық нормасына жатуы ғана мүмкін емес, сонымен қатар басқа да құқық салаларына жатады. Бірақ бұл жағдайларда белгіленетін нормаларды сақтау, әкімшілік жауаптылық шаралармен қорғалады.

Кінәлік – бұл әкімшілік құқық бұзушылықты қасақана жасау немесе абайсыздықпен жасауды білдіреді.

Кәні-әкімшілік құқық бұзушылықтың құрамының аса маңызды бір бөлігі болып саналады.

Кінәнің нысандары толығырақ ҚР ӘҚБтК 26-27 баптарында қаралады.

Әрекет үшін әкімшілік жауаптылық, әкімшілік құқық бұзушылықтың белгілеріне жатады. Олар болып, заңмен әкімшілік жауаптылық көзделген әрекеттер саналады.

Бір жағынан, әкімшілік құқық бұзушылық - әкімшілік жауаптылықтың негізі, ол екінші жағынан бұндай жауаптылық - әкімшілік құқық бұзушылықтың заңдылық табиғатын анықтайтын белгі. Заңда белгілеген жағдайларда әрекетті ә.қ.б. деп тану үшін, әрекет және оның заңға қарсы қолайсыз зардаптарды келтіруінің арасында себепті байланыс болуы қажет.

Әкімшілік құқық бұзушылық түсінігі (ҚР ӘҚБтК 26 бабы) барлық әкімшілік құқық бұзушылықтарға тән жалпы әлеуметтік-құқықтық белгілерін қамтиды.

Мысалы, ұсақ бұзақылық, терсі қоғамдық, заңға қарсы, кінәлі әрекет және әкімшілік түрде жазаланады. Бірақ, әкімшілік құқық бұзушылықтың әрбір түрі өзіне тән әрекетін, зардаптарын және құқық бұзушылық жасаған жеке тұлғаны сипаттайтын  белгілеріне ие. Олардың жиынтығын заң ғылымында әкімшілік құқық бұзушылықтың құрамы деп атайды. Өйткені, әкімшілік құқық бұзушылық құрамында әкімшілік құқық бұзушылық түсінігінің жалпы белгілері нақтылынады.

Қандай да болмасын құқық бұзушылық белгілі бір қоғамдық қатынастарға қол сұғады (объект), өз алдына, белгілі бір жағдайдағы адам

еркінің сыртқы көрнісі (объективтік жағы), белгілі бір адаммен жасалынады (субъект) және сол адамның істеген әрекетіне деген психикалық қатынасы көрінеді (субъективті жағы). Осы төрт элемент әкімшілік құқық бұзушылық құрамын құрайды.

Сонымен, әрекетті нақты әкімшілік құқық бұзушылық деп анықтайтын әкімшілік құқықтық заңмен белгіленген, элементтер, әкімшілік құқық бұзушылық құрамы деп аталынады.

Әкімшілік құқық бұзушылықтың белгілерін оның заңдылық құрамынан айра білу қажет. Әкімшілік құқық бұзушылықтың құрамы, мынадай элементтерді құрайды:

1) құқық бұзушылық объектісі (қандай да болмасын аядағы қоғамдық қатынастардың тұрақты жетілуіне құқық бұзушының қол сұғуы);

2) объективтік жағы (белгілеген ережелерді бұзуға байланысты нақты әрекет;

3) құқық бұзушылықтың субъектісі – есі дұрыс 16 жасқа толған жеке тұлға.

Құқық бұзушылық субъективті жағы, құқық бұзушының жасаған әрекетке деген психикалық қатыстылығы, яғни қасақаналық немесе абайсыздық нысанындағы кінә.

Әкімшілік құқық бұзушылық объектісінің дәрежесіне қарай жалпы, текті түрлі және нақты деп бөлінеді. Құқық нормалармен реттелінген және әкімшілік жауаптылық шаралармен қорғалатын қоғамдық қатынастар жалпы объект болып саналады. Оларға еңбек және халықтың денсаулығы, меншіктің түрлері, қоғамдық тәртіп, басқарудың белгілеген тәртібі және т.б. жатады.

2. Әкімшілік жазалар және олардың түрлері.

“Әкімшілік жаза” – бұл әкімшілік құқық бұзғаны үшін мемлекетпен немесе мемлекеттің атынан тағайындалатын құқықтық жауаптылық шарасы, ол, ең алдымен, әкімшілік құқық бұзған тұлғаны заңдарды ұстану және өзге тұлғалардың құқықтары мен еркіндіктерін, және жалпы құқықтық тәртіпті сыйлау рухында тәрбиелеу мақсатында қолданылады. Ол тұлғаның, сондай-ақ өзге тұлғалармен жасалған құқық бұзушылықтың алдын алу қызметін де атқарады.

Осыған заңнама талаптарын ұстану және құқықтық тәртіпті сыйлау, сонымен қатар құқық бұзушы және өзге тұлғалардың жаңа құқық бұзушылықты жасауының алдын алу рухында құқық бұзған тұлғаны тәрбиелеу мен әлеуметтік әділдікті қалпына келтіру мақсатында әкімшілік жазаны қарастыратын ӘҚ туралы ҚРК 40 бабының 2 пункті дәлел болып табылады.

Әкімшілік жаза әкімшілік құқық бұзғаны үшін кінәлі деп танылған тұлғаға қатысты қолданылатын жауаптылық шарасы болып табылады және заңда қарастырылғандай оның құқықтары мен еркіндіктерінен айыру немесе шектеуден тұрады.

Осындай жаза бұзылған құқықтарды қалпына келтіру, сонымен қатар құқық бұзушы және өзге тұлғалардың жаңадан құқық бұзуының алдын алу мақсатында қолданылады.

Әкімшілік жаза қолдану адам жанын күйзелту немесе адамның қадір-қасиетін қорлау мақсатын көздемейді.

Мұнда заң шығарушының іс-әрекеттің жазалануын әкімшілік құқық бұзу түсінігінің міндетті белгілерінің бірі ретінде атап өтпегенімен, оны қоғамдық зиянды, құқыққа қайшы келетін іс-әрекет ретінде танып, жазасыз қалдырылмайтынын қарастырғанын айта кеткен жөн. Сондықтан әкімшілік жазаны әкімшілік құқық бұзушылыққа қатысты жаза ретінде қарастыру керек. Осыған байланысты әкімшілік жазаның келесідей мақсаттарын анықтауға болады:

Әкімшілік заң нормаларымен қарастырылған іс-әрекет үшін жауаптылықтың сәйкес шарасы;

Әкімшілік заң нормаларына сәйкес құқық бұзушыны тәрбиелеу (қайта тәрбиелеу);

Әкімшілік құқық бұзушылықты жасаудың алдын алу профилактикасы.

Әкімшілік жаза әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамның адамгершілік қадір-қасиетін қорлауды, сондай-ақ заңды тұлғаның іскерлік беделіне зиян тигізуді мақсат тұтпайды.

Әкімшілік жаза түрлері

1. Әкімшілік құқық бұзушылықтар жасағаны үшін мынадай әкімшілік жазалар қолданылуы мүмкін:

1) ескерту жасау;

2) әкімшілік айыппұл;

3) әкімшілік құқық бұзушылықты жасау құралы не нысанасы болған затты, сол сияқты әкімшілік құқық бұзушылық жасау салдарынан алынған мүлікті тәркілеу;

4) арнайы құқықтан айыру;

5) рұқсаттан айыру немесе оның қолданылуын тоқтата тұру, сондай-ақ тізілімнен алып тастау;

6) қызметті тоқтата тұру немесе оған тыйым салу;

7) заңсыз тұрғызылып жатқан немесе тұрғызылған құрылысты мәжбүрлеп бұзу;

8) әкімшілік қамаққа алу;

9) шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберу.

2. Әкімшілік құқық бұзушылықтар жасағаны үшін заңды тұлғаларға осы баптың бірінші бөлігінің 1) – 5) және 7) тармақшаларында санамаланған әкімшілік жазалар, сондай-ақ заңды тұлғаның қызметін немесе қызметінің жекелеген түрлерін тоқтата тұру немесе оған тыйым салу қолданылуы мүмкін.

**Әдебиеттер: 4, 49, 51, 52, 69, 71, 95.**

**Семинарлық – 2 сағат (сұрау-жауап нысаны, талқылау)**

**Жоспар**

1. Әкімшілік құқық бұзушылықтың ұғымы және құрамы, оның қылмыстан және тәртіптік қылықтан айырмашылығы.

2. Әкімшілік жауаптылықтың ұғымы және мәні оның басқа да заңдылық жауаптылық түрлерінен айырмашылығы.

3. Әкімшілік жауаптылықтың субъектілері.

4.Әкімшілік жауаптылықты болғызбайтын мән-жайлардың сипаттамасы.

**КОӨЖ – 1 сағат**

**Жоспар**

1. Әкімшілік жазалардың ұғымы, жүйесі және түрлері. Әкімшілік жазаларды қолданудың жалпы ережелері.

2. Әкімшілік-құқықтық ықпал ету шаралары: түрлері, мәні және қолданудың жалпы шарттары.

**КӨЖ – 5 сағат**

**Курсант өздік жұмыс барысында орындау керек.**

1. Әкімшілік құқық курсы бойынша негізгі оқу әдебиеттерімен танысып білу.

2. Ұсынылғын қосымша әдебиеттермен танысу.

3. Салыстыру анализді жасау мақсатымен жаңа ҚР ӘҚБтК «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңнаманы соттармен қолданудың кейбір сұрақтары» нормативтік қаулысымен танысу.

4. Дәрістердің конспектілерін дайындау және семинар сұрақтарына қысқаша конспект орындау.

5. Рефераттардың тақырыптары:

-Әкімшілік құқық бұзушылық туралы ілім;

-Әкімшілік құқық бұзушылықтардың жіктеу сұрақтары;

-ҚР әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңнамасы бойынша әкімшілік құқық бұзушылық құрамының субъективтік жағының сұрақтары;

-Әкімшілік жауаптылық: қазіргі жағдайы, мәселелері және келешегі;

-Әкімшілік жауаптылықтың субъектілер жүйесі;

-Әкімшілік жауаптылықты болдырмайтын мән-жайлардың рөлі және мазмұны;

-Мән-жайлардың ерекшеліктері: «қажетті қорғану», «аса қажеттілік», «негізді тәуекел».

-Заңды тұлғаның әкімшілік жауаптылығы.

-Әкімшілік жазалар әкімшілік мәжбүрлеу шараларының жүйесінде;

-Қазіргі әкімшілік жазалардың жүйесі, оларды қолдану сұрақтары;

-Негізгі және қосымша әкімшілік жазалар;

-Әкімшілік жазалардың жүйесі жаңа ҚР ӘҚБтК;

- Әкімшілік-құқықтық ықпал ету шаралары әкімшілік мәжбүрлеу жүйесінде.

6. Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:

- Әкімшілік құқық бұзушылықтың ұғымын және белгілерін атаңыздар.
- Әкімшілік құқық бұзушылық құрамының элементтерін атаңыз және олардың мазмұнын ашыңыз.
- Әкімшілік құқық бұзушылықтың, қылмыстан және тәртіптік қылықтан айырмашылығын атаңыздар.
- Әкімшілік жауаптылықтың субъектілерін атаңыздар.
- Кәмелетке толмағандардың әкімшілік жауаптылықтың ерекшеліктері қандай?
- Заңды тұлғаның  әкімшілік жауаптылықтың ерекшеліктері қандай?
- Әкімшілік жауаптылық негіздерін атаңыздар.
- Әкімшілік жауаптылықты болдырмайтын мән-жайларды атаңыздар және мазмұнын түсіндіріңіз.
- Әкімшілік жазаның ұғымын және мақсаттарын атаңыздар.
- Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы қазіргі заңнамасы бойынша әкімшілік жазалардың түрлерін және жүйесін анықтаңыз.
- Негізгі және қосымша әкімшілік жазаларды атап шығып ұғымын беріңіз.
- Қазақстан Республикасының ӘҚБтК әкімшілік жазаларды атаңыздар және жүйесін анықтаңыз.
- Әкімшілік жазалардың әрбір түрінің мәнін ашыңыз.

7. Сабаққа арналған дидактикалық материалдары (дәріс, семинар, нормативтік актілер конспектілері). Тестілік тапсырмаларды шешуге дайын болу.

**Әдебиеттер: 1, 4, 10, 17, 24, 29, 49, 50, 51, 52, 54, 61, 63, 64, 69, 71, 88, 94, 95, 101, 102, 103, 104, 105, 109-112.**

## 6-тақырып. Жеке адамның құқықтарына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар. Кәмелетке толмағандардың құқықтарына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар. Меншікке қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар. Кәсіпкерлік қызмет саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар. Сауда және қаржы саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар

### Тәжірибелік – 2 сағат (тапсырмаларды орындау)

1. Ұсынылған әдебиеттер тізбесінен ҚР ӘҚБТ кодекстің 73, 74, 100, 127, 131, 144, 149, 153,  190, 196, 267, 282 баптарында сілтеме жасалынған нормативтік құқықтық актілерді іріктеп алу. Оларды тәжірибелік сабаққа дайындап қою, сосын берілген таблица бойынша тапсырманы орындау.

| № рет саны | Әдет | Алгоритмдер |
|---|---|---|
| 1. | Әкімшілік құқық бұзушылық құрамын сипаттау | Әкімшілік құқық бұзушылықтың объектісін талдау.<br>Әкімшілік құқық бұзушылықтың объективтік жағын талдау.<br>Әкімшілік құқық бұзушылықтың субъектісін талдау.<br>Әкімшілік құқық бұзушылықтың субъективтік жағын талдау. |
| 2. | Әкімшілік құқық бұзушылықты саралау. | 1. Әкімшілік құқық бұзушылық үшін жауаптылықты белгілейтін құқықтық актіні қолдану.<br>2. Жасалған әкімшілік құқық бұзушылықты қамтыйтын бапты және оның тармағын қолдану.<br>3.Қажетті жағдайға бланкеттік нормаға сілтейтін актіні қолдану.<br>4.Құқық бұзушылықтың нақты құрамын норманың белгілерімен салыстыру. |

**КОӨЖ – 1 сағат**

**Жоспар**

ҚР ӘҚБТ кодекстің 78, 133, 150, 157, 173, 204 баптарды әкімшілік құқық бұзушылық құрамын сипаттау мен саралау. Оларды тәжірибелік сабаққа дайындап қойып тапсырманы орындау. Қажетті жағдайға бланкеттік нормаға сілтейтін актіні қолдану.

**КӨЖ – 5 сағат**

**Курсант өздік жұмыс барысында орындау керек.**

1. Әкімшілік құқық курсы бойынша негізгі оқу әдебиеттерімен танысып білу.
2. Ұсынылған қосымша әдебиеттермен танысу.
3. Нормативтік актілерді оқып және олардың негізгі ережелерін қысқаша конспектілеу.
4. Дәрістердің конспектілерін дайындау және семинар сұрақтарына қысқаша конспект орындау.
5. Рефераттардың тақырыптары

-Жеке адамның құқықтарына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы. Олармен күресу бойынша ІІО рөлі.

-Кәмелетке толмағандардың құқықтарына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы.

-Меншікке қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы. Оларды жасаған үшін жауаптылық.

-Кәсіпкерлік қызмет саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы.

-Сауда және қаржы саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы.

6. Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:

- Қарастырылған әрбір тобының әкімшілік құқық бұзушылыққа жалпы сипаттамасын беріңіз.
- Осы топтардың әкімшілік құқық бұзушылықтарының негізгі түрлерін атаңыз.
- Жоғарыда көрсетілген әкімшілік құқық бұзушылық құрамдарының саралау белгілерін анықтаңыз.
- Жоғарыда көрсетілген әкімшілік құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін қолданылатын әкімшілік жазалардың түрлерін атаңыз.

7. Оқытылатын пән бойынша сабақтар жоспары, Комментарии к КРКобАП В.Н.Лапшина; А.А.Таранова); ҚР ӘҚБТК, тестілік тапсырмалар.

8. Тестілік тапсырмаларды шешуге дайын болу.

**Әдебиеттер: 1, 4-8, 16, 20, 36, 49, 50-53, 61, 63, 64, 65, 68, 71, 72, 81, 82, 83, 102, 103, 104, 105, 109-112.**

## 7 тақырып. Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар. Қоғамдық қауіпсіздікке және халықтың денсаулығына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар. Қоғамдық тәртіпке және имандылыққа қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар

### Тәжірибелік – 4 сағат (тапсырмаларды орындау)

1. Ұсынылған әдебиеттер тізбесінен ҚР ӘҚБТ кодекстің 382, 412, 416, 420, 422, 423, 434, 436, 440, 441, 444, 447 баптарында сілтеме жасалынған нормативтік құқықтық актілерді іріктеп алу. Оларды тәжірибелік сабаққа дайындап қою, сосын берілген кесте бойынша тапсырманы орындау.

| № рет саны | Әдет | Алгоритмдер |
|---|---|---|
| 1. | Әкімшілік құқық бұзушылық құрамын сипаттау | Әкімшілік құқық бұзушылықтың объектісін талдау.<br>Әкімшілік құқық бұзушылықтың объективтік жағын талдау.<br>Әкімшілік құқық бұзушылықтың субъектісін талдау.<br>Әкімшілік құқық бұзушылықтың |

| | | |
|---|---|---|
| | | субъективтік жағын талдау. |
| 2. | Әкімшілік құқық бұзушылықты саралау. | 1. Әкімшілік құқық бұзушылық үшін жауаптылықты белгілейтін құқықтық актіні қолдану.<br>2. Жасалған әкімшілік құқық бұзушылықты қамтыйтын бапты және оның тармағын қолдану.<br>3.Қажетті жағдайға бланкеттік нормаға сілтейтін актіні қолдану.<br>4.Құқық бұзушылықтың нақты құрамын норманың белгілерімен салыстыру. |

**КОӨЖ – 1 сағат**

**Жоспар**

ҚР ӘҚБТ кодекстің 383, 421, 435, 437, 439, 443, 446 баптарды әкімшілік құқық бұзушылық құрамын сипаттау мен саралау. Оларды тәжірибелік сабаққа дайындап қойып тапсырманы орындау. Қажетті жағдайға бланкеттік нормаға сілтейтін актіні қолдану.

**КӨЖ – 5 сағат**

**Курсант өздік жұмыс барысында орындау керек.**

1. Әкімшілік құқық курсы бойынша негізгі оқу әдебиеттерімен танысып білу.

2. Ұсынылған қосымша әдебиеттермен танысу.

3. Нормативтік актілерді оқып және олардың негізгі ережелерін қысқаша конспектілеу.

4. Дәрістердің конспектілерін дайындау және семинар сұрақтарына қысқаша конспект орындау.

5. Рефераттардың тақырыптары:

- Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттмасы. Олармен күресу бойынша ІІО рөлі.

- Қоғамдық қауіпсіздікке және халықтың денсаулығына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы. Олармен күресу бойынша ІІО рөлі.

- Қоғамдық тәртіпке және имандылыққа қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы. Олармен күресу бойынша ІІО рөлі.

6. Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:

• Қарастырылған әрбір тобының әкімшілік құқық бұзушылыққа жалпы сипаттамасын беріңіз.

• Осы топтардың әкімшілік құқық бұзушылықтарының негізгі түрлерін атаңыз.

- Жоғарыда көрсетілген әкімшілік құқық бұзушылық құрамдарының саралау белгілерін анықтаңыз.
- Жоғарыда көрсетілген әкімшілік құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін қолданылатын әкімшілік жазалардың түрлерін атаңыз.

7. Оқытылатын пән бойынша сабақтар жоспары, Комментарии к КРКобАП В.Н.Лапшина; А.А.Таранова); ҚР ӘҚБТК, тестілік тапсырмалар.
8. Тестілік тапсырмаларды шешуге дайын болу.

**Әдебиеттер: 1, 4, 49, 50, 51, 52, 61, 63, 64, 70, 75, 77, 102, 103, 104, 105, 109-112.**

**8-тақырып. Басқарудың белгіленген тәртібіне қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар. ҚР мемлекеттік шекарасы режимінің белгіленген тәртібіне және ҚР аумағында болу тәртібіне қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар. Мемлекеттік билік институтына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар. Әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар**

**Тәжірибелік – 4 сағат (тапсырмаларды орындау)**

1. Ұсынылған әдебиеттер тізбесінен ҚР ӘҚБТ кодекстің 458, 461, 494, 512, 662, 665, 676, 677, 678, 679, 680 баптарында сілтеме жасалынған нормативтік құқықтық актілерді іріктеп алу. Оларды тәжірибелік сабаққа дайындап қою, сосын берілген таблица бойынша тапсырманы орындау.

| № рет саны | Әдет | Алгоритмдер |
|---|---|---|
| 1. | Әкімшілік құқық бұзушылық құрамын сипаттау | Әкімшілік құқық бұзушылықтың объектісін талдау.<br>Әкімшілік құқық бұзушылықтың объективтік жағын талдау.<br>Әкімшілік құқық бұзушылықтың субъектісін талдау.<br>Әкімшілік құқық бұзушылықтың субъективтік жағын талдау. |
| 2. | Әкімшілік құқық бұзушылықты саралау. | 1. Әкімшілік құқық бұзушылық үшін жауаптылықты белгілейтін құқықтық актіні қолдану.<br>2. Жасалған әкімшілік құқық бұзушылықты қамтыйтын бапты және оның тармағын қолдану.<br>3.Қажетті жағдайға бланкеттік нормаға сілтейтін актіні қолдану. |

| | | |
|---|---|---|
| | | 4.Құқық бұзушылықтың нақты құрамын норманың белгілерімен салыстыру. |

**КОӨЖ – 1 сағат**

**Жоспар**

ҚР ӘҚБТ кодекстің 480, 519, 658, 663, 668, 674 баптарды әкімшілік құқық бұзушылық құрамын сипаттау мен саралау. Оларды тәжірибелік сабаққа дайындап қойып тапсырманы орындау. Қажетті жағдайға бланкеттік нормаға сілтейтін актіні қолдану.

**КӨЖ – 5 сағат**

**Курсант өздік жұмыс барысында орындау керек.**

1. Әкімшілік құқық курсы бойынша негізгі оқу әдебиеттерімен танысып білу.
2. Ұсынылған қосымша әдебиеттермен танысу.
3. Нормативтік актілерді оқып және олардың негізгі ережелерін қысқаша конспектілеу.
4. Дәрістердің конспектілерін дайындау және семинар сұрақтарына қысқаша конспект орындау.
5. Рефераттардың тақырыптары:

– Басқарудың белгіленген тәртібіне қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттмасы. Олармен күресу бойынша ІІО рөлі.

– Мемлекеттің қазіргі даму кезеңінде сыбайлас жемқорлықпен күресу.

– Әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы.

– ҚР мемлекеттік шекарасы режимінің белгіленген тәртібіне және ҚР аумағында болу тәртібіне қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы. Олармен күресу бойынша ІІО рөлі.

– Мемлекеттік билік институттарына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы.

6. Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:

- Қарастырылған әрбір тобының әкімшілік құқық бұзушылыққа жалпы сипаттамасын беріңіз.
- Осы топтардың әкімшілік құқық бұзушылықтарының негізгі түрлерін атаңыз.
- Жоғарыда көрсетілген әкімшілік құқық бұзушылық құрамдарының саралау белгілерін анықтаңыз.
- Жоғарыда көрсетілген әкімшілік құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін қолданылатын әкімшілік жазалардың түрлерін атаңыз.
- Қарастырылған әрбір тобының әкімшілік құқық бұзушылыққа жалпы сипаттамасын беріңіз.
- Осы топтардың әкімшілік құқық бұзушылықтарының негізгі түрлерін атаңыз.

• Жоғарыда көрсетілген әкімшілік құқық бұзушылық құрамдарының саралау белгілерін анықтаңыз.

• Жоғарыда көрсетілген әкімшілік құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін қолданылатын әкімшілік жазалардың түрлерін атаңыз.

7. Оқытылатын пән бойынша сабақтар жоспары, Комментарии к КРКобАП В.Н.Лапшина; А.А.Таранова); ҚР ӘҚБТК, тестілік тапсырмалар.

8. Кестедегі тапсырмаларды орындауға дайын болу.

**Әдебиеттер: 1-4, 27, 35, 37, 48, 49, 50, 51, 52, 55, 61, 63, 64, 66, 78, 96, 98, 99, 100, 102, 103, 104, 105, 109-112.**

## 9-тақырып. Көліктегі, жол шаруашылығындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар

### Тәжірибелік – 4 сағат (тапсырмаларды орындау)

1. Ұсынылған әдебиеттер тізбесінен ҚР ӘҚБТ кодекстің 559, 591, 592, 597-603, 607, 621 баптарында сілтеме жасалынған нормативтік құқықтық актілерді іріктеп алу. Оларды тәжірибелік сабаққа дайындап қою, сосын берілген таблица бойынша тапсырманы орындау.

| **№ рет саны** | **Әдет** | **Алгоритмдер** |
|---|---|---|
| 1. | Әкімшілік құқық бұзушылық құрамын сипаттау | Әкімшілік құқық бұзушылықтың объектісін талдау.<br>Әкімшілік құқық бұзушылықтың объективтік жағын талдау.<br>Әкімшілік құқық бұзушылықтың субъектісін талдау.<br>Әкімшілік құқық бұзушылықтың субъективтік жағын талдау. |
| 2. | Әкімшілік құқық бұзушылықты саралау. | 1. Әкімшілік құқық бұзушылық үшін жауаптылықты белгілейтін құқықтық актіні қолдану.<br>2. Жасалған әкімшілік құқық бұзушылықты қамтыйтын бапты және оның тармағын қолдану.<br>3.Қажетті жағдайға бланкеттік нормаға сілтейтін актіні қолдану.<br>4.Құқық бұзушылықтың накты құрамын норманың белгілерімен салыстыру. |

**КОӨЖ – 1 сағат**

**Жоспар**

ҚР ӘҚБТ кодекстің 560, 562, 566, 574, 590, 593, 594, 595 баптарды әкімшілік құқық бұзушылық құрамын сипаттау мен саралау. Оларды тәжірибелік сабаққа дайындап қойып тапсырманы орындау. Қажетті жағдайға бланкеттік нормаға сілтейтін актіні қолдану.

**КӨЖ – 5 сағат**

**Курсант өздік жұмыс барысында орындау керек.**

1. Әкімшілік құқық курсы бойынша негізгі оқу әдебиеттерімен танысып білу.
2. Ұсынылған қосымша әдебиеттермен танысу.
3. Нормативтік актілерді оқып және олардың негізгі ережелерін қысқаша конспектілеу.
4. Дәрістердің конспектілерін дайындау және семинар сұрақтарына қысқаша конспект орындау.
5. Рефераттардың тақырыптары:

– Көлікте, жол шаруашылығында әкімшілік құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттмасы.Олармен күресу бойынша ІІО рөлі.

– Ақпараттандыру және байланыс саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттмасы.Олармен күресу бойынша ІІО рөлі.

6. Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:

- Қарастырылған әрбір тобының әкімшілік құқық бұзушылыққа жалпы сипаттамасын беріңіз.
- Осы топтардың әкімшілік құқық бұзушылықтарының негізгі түрлерін атаңыз.
- Жоғарыда көрсетілген әкімшілік құқық бұзушылық құрамдарының саралау белгілерін анықтаңыз.
- Жоғарыда көрсетілген әкімшілік құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін қолданылатын әкімшілік жазалардың түрлерін атаңыз.

7. Оқытылатын пән бойынша сабақтар жоспары, Комментарии к КРКобАП В.Н.Лапшина; А.А.Таранова); ҚР ӘҚБТК, тестілік тапсырмалар.
8. Кестедегі тапсырмаларды шешуге дайын болу.

**Әдебиеттер: 1, 4, 21, 49, 50, 51, 52, 56, 63, 64, 71, 102, 103, 104, 105, 109-112.**

## 10 тақырып. Басқару аясындағы заңдылық. Мемлекеттік басқаруда заңдылық пен тәртіпті қамтамасыз ету тәсілдері

**Дәріс – 1 сағат**

**Жоспар**

1. Мемлекеттік басқаруда заңдылық пен тәртіпті қамтамасыз етудің мәні мен мазмұны.

2. Заңдылық пен тәртіпті қамтамасыз ету жүйесі. Заңдылық пен тәртіпті қамтамасыз етуге бақылау мен қадағалау.

**Дәріс тезистері**

1. Мемлекеттік басқаруда заңдылық пен тәртіпті қамтамасыз етудің мәні мен мазмұны.

Қазақстан Республикасы Конституцияның 34-бабына сәйкес «Әркім ҚР Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен ар-намысын құрметтуге міндетті» делінген, яғни, мемлекетітк билік органдары, жергілікті мемлекеттік басқару органдары, лауазымды адамдар, азаматтар және олардың бірлестіктері Констиуция мен заңдарды сақтауға міндеті.

Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтау қажеттілігі туралы талаптар ең алдымен мемлекеттік тұрақтылықты қолдауға, республиканың конституциялық құрлысының негіздерін нығайтуға, құқық тәртібі мен әр адам өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Сонымен бірге Қазақстан Республикасының қабылданатын (атқарушы билік органдары) нормативтік актілер еліміздің Конституциясына қайшы келмеуі тиіс. Конституцияның жоғары заңдылық күші Конституцияға қайшы келетін нормативтік құқықтық актілердің немесе олардың жекелеген құқықтық нормаларының, ережелерінің заңдық күші жоқ деп есептелетін және олардың күшін жоюға жататындығын білдіреді.

Сондықтан, мемлекет пен қоғамда қабылданған нормативтік актілер баршаға бірдей міндетті. Конституция мен заңдардың ұйғарымдарын бұзушылық үшін жауаптылықтың, қылмыстық, әкімшілік, тәртіптік жауаптылық түрі белгіленуі мүмкін. Міне, осы негізгі талаптар атқарушы билікті жүзеге асыру аясында заңдылық мәнін анықтайды.

Мемлектімізде құқық субъектілерінің ең көп тобын атқарушы билік органдары, құрайды. Олар тек қана заңдарды және одан туындайтын актілерді қолданып қана қоймай, сонымен қатар көптеген құқықтық актілердің жобаларын дайындап, оларды қабылдауды жүзеге асырады. Қабылданған нормативтік актілер, мемлекет пен қоғам қажеттілігін нақты анықтауы қажет. Ол барлық атқарушы билік органдарының дұрыс және келісімді жұмысын, сонымен бірге экономиканы, әлеуметтік-мәдени және әкімшілік–саяси аяларды табысты басқаруды жүзеге асырудың қажетті жағдайы болып саналады.

Қазақстан Республикасының атқарушы билігін жүзеге асыратын органдардың (үкімет, министрліктер, ведомствалар) негізгі міндеті, Республика заңдарының, Президент актілерінің, өзге де нормативтік актілердің, халықаралық шарттарының орындаулын қамтамасыз етеді.

Құқықтық мемлекет құруда, атқарушы билік органдарының еліміздің нормативтік құқықтық актілерінің орындалуын қамтамасыз ету барасында,

оларды бұзулары, лауазымды адамдардың әрекетсіздігі кері нұқсан келтіреді.

Сондықтан, мемлекет, атқарушы билік органдары қызметінде заңдылық пен тәртіпті тиімді қамтамасыз етуі қажет. Бұнымен бірге, тек ҚР бүкіл аумағында заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәл орындалуы ғана емес, сонымен қатар олардың біркелкі қолдануын қамтамсыз ету қажет. Бұл талап, басқарушылық қызметінің барлық қатысушыларына, яғни, басқаратындар мен басқарылатындарға қатысты.

Атқарушы билік органдарының қызметінің тиімділігі тек қана заңдылықтың жоғары болуынан ғана емес, сонымен қатар, басқарушылық процеске қатысушылардың тәртіптілігіне тәуелді болады. Мемлекеттік тәртіп – бұл мемлекеттік билік органдарының, ұйымдардың, қоғамдық бірлестіктердің қызметшілері мен жұмыскерлері және азаматтардың мемлекеттің міндеттері мен функцияларына және мемлекет белгілеген ережелерді және накты ұйғарымдарды тәжірибелік тұрғыда жүзеге асыруда сақтау, дұрыс және бұлжытпай орындау. Заңдылық пен тәртіпті атқарушы билік органдары қызметінде нығайту мақсатында мындай жұмыстар жүргізіледі, оларға:

- атқарушы билік органдары жүйесін одан әрі жетілдіру, оңтайландыру және олардың құқықтық статусын накты анықтау;
- мемлекеттік қызметшілердің жалпы және лауазымдық міндеттері мен құқықтарын белгілеу, мен қатар олардың жеке жауаптылығының шегін анықтау;
- азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіруге байланысты құқықтық актілерді қабылдау;
- азаматтарды заңға деген құрметтеу көрсетуге тәрбиелеу, олардың құқықтық мәдениетін көтеруге, құқықтық насихат пен жалпы құқықтық оқуды насихаттау және т.б.

2. Заңдылық пен тәртіпті қамтамасыз ету жүйесі. Заңдылық пен тәртіпті қамтамасыз етуге бақылау мен қадағалау.

Атқарушы билік органдары қызметінде заңдылық пен тәртіпті қалыпта ұстау мен нығайту міндеттері жүктелген мемлекеттік органдардың ерекше жүйесі қызмет атқарады. Олар қызметінде қолданатын құқықтық және ұйымдастырушылық нысандар мен тәсілдер, тәжірибелік әдістер, операциялардың жиынтығы заңдылықты қамтамасыз етудің әдістері деп аталады.

Оларға, бақылау және қадағалау, қоғамдық бақылау, сонымен бірге шағымдау, яғни шағымдану құқығын жүзеге асыру жатады.

Бақылау – бұл объект қызметінің процессінде алдына қойылған міндеттерден ауытқуын орнықтыру мақсатында жүргізілетін байқау және тексеру жүйесі.

Атқарушы билік органдары қызметіне бақылау жасаудың мағынасы, мынада, соған уәкілеттенген мемлекеттік орган (заңшығарушы, атқарушы

және сот билігі) және қоғамдық бірлестіктер ұйымдастырушылық-құқықтық әдістер мен құралдарды қолдана отырып, өздеріне бақылаулы атқарушы билік органдарының және олардың лауазымды адамдарының қызметінде қандай-ақ болмасын заңдылықты бұзушылыққа жол берілгендігін анықтау, егер олар табылған жағдайда, уақытында жоюға, бұзылған құқықтарды қалпына келтіру, кінәлілерді жауаптылыққа тартуға және заңдылық пен тәртіп бұзушылықтарды жасауға ықпал еткен себептер мен жағдайларды жою үшін шаралар жүргізеді.

Заңдылықты қамтамасыз ету әдісі ретінде, бақылауды сипаттайтын бірнеше белгілер бар.

Біріншіден, бақылаушы орган (лауазымды адам) және бақылаулы объектінің арасында, бағыныштылық немесе ведомствалық қатынас болады.

Екіншіден, бақылау объектісі болып заңдылық және бақыланатынның қызмет мақсаттылығы саналады.

Үшіншіден, бақылаушы, бақыланатынның шешімдерінің күшін жояды, яғни тексеріс жүргізу кезінде бақыланатын орган азаматтардың немесе заңды тұлғалардың заңды мүдделерін бұзуға әкеліп соғатын шешімдерін тоқтатады.

Төртіншіден, заңда белгіленетін тәртіп бойынша бақыланатынға жіберілген құқық бұзушылықтар үшін, әсер ету шараларын қолдануға құқылы.

Республикамызда басқару қызметін ұйымдастыруды жетілдіруге мемлекеттік органдардың іркіліссіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуге, басқарушылық шешімдерді жедел қабылдауға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сақтауға, мемлекеттік мүдделерді қорғауға, мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық өкілеттікті қызметтен тыс мақсаттарда пайдалануына жол бермеуге жәрдемдесетін әкімшілік рәсімдерді белгілеуге бағытталған, ҚР «Әкімшілік рәсімдер туралы» 2000жылғы 27 қарашада қабылданған Заңы қамтамасыз етеді.

Осы заңның 6-бабының, 4-тармағына сәйкес «Қабылданған шешімдерді уақытша және толық орындау мақсатында мемлекеттік орган немесе лауазымды адам олардың орындалуына бақылауды жүзеге асыруға тиіс».

Бақылау былайша бөлінеді:

1) құқықтық актілердің (орындалуы құқықтық актілерде көзделген шаралардың) орындалуын бақылау. Бұл жағдайда орындалуға тиіс шараларды қамтитын барлық құқықтық актілер бақылауға алынады;

2) мемлекеттік органдардың басшы лауазымды адамдарының қызметтік сипаттағы өзге де құжаттардан туындайтын тапсырмаларының орындаулын бақылау;

3) ішкі (тиісті мемлекеттік органның шегінде) және сыртқы (өзге мемлекеттік органдардың қызметін) бақылау. Бұл орайда сыртқы бақылауды жоғары тұрған мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар не осындай бақылауға арнайы уәкілеттік берілген мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

Бақылау:

- қажетті ақпаратты талап ету;
- орындау туралы есептер мен баяндамаларды тындау және талқылау;

- ревизиялар және құжаттық тексерудің өзге де нысандары;

- жергілікті жерге барып тексеру жолымен;

- заңдарға қайшы келмейтін басқа да тәсілдермен жүргізіледі.

- мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар қызметінің олардың алдына қойылған міндеттерге сәйкестігі;

- орындаудың уақытылы және толымды болу;

- орындау кезінде заңдар талаптарының сақталу өлшемдері бойынша жүргізіледі.

Бір мәселе бойынша әр түрлі орындардың қатар тексерулер жүргізуіне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында көзделмеген қайталап тексерулер жүргізуге жол берілмейді.

Қадағалаудың атқарушы билік органдары қызметінде заңдылықты қамтамасыз ету әдісі ретінде бақылаудан айырмашылығы бар. Қадағалаудың көмегімен, арнайы мемлекеттік органдар, өздеріне бағынышты емес органдар мен тұлғалардың қызметінде заңдылықтың бұзулын анықтау мақсатында тұрақты, күнделікті байқаушылықты жүзеге асырады.

Қадағалаудың екі түрі бар: прокурорлық және әкімшілік.

**Әдебиеттер: 4, 10, 15, 51, 63, 79, 109-112.**

**Семинарлық – 2 сағат (сұрау-жауап нысаны, талқылау)**

***Жоспар***

1. Мемлекеттік басқарудағы бақылау мен қадағалау.
2. Жеке және заңды тұлғалардың жүгінуі
3. Бақылауды жүзеге асыратын субъектілер (Президент, заң атқарушылық билік, сот және атқарушылық биліктің органдары).
4. Прокурорлық қадағалау.

**КОӨЖ – 1 сағат**

***Жоспар***

1. Берілген жағдайлық есептерді жазбаша шығару мен орындау. Олар бойынша қабылданған шешім туралы баяндауға дайын болу.
2. Жағдайлық есептердің мазмұны:

**1 есеп**

«Қаракөл» ШҚ башысы Маратов С. 20 шаруа жұмыскерлерінен тұратын достастық құрды және оның башысы ретінде бас есепші Лисичкинды тағайындады. Бұйрықта достастық мүшелерінің құқықтары көрсетілді: елді мекен тұрғындарынан қоғамдық тәртіпті және жатаханада қамтамасыз ету; оларды достастық штабына жеткізу және достастық басшысының істі қарауына дейін ұстау. Достастық башысына 3 айлық есептік көрсеткішке дейін айыппұл салуға дейін құқық берілді.

*ШҚ башысының бұйрығы заңды ма? Егерде оныы заңды емес деп танысаңыз, прокурорға шағым жасауды құрыңыз қадағалау тәртібі ретінде.*

**2 есеп**

Студент семинар сабағында заңдылықты қамтамасыз етуде прокурорлық қадағалау мен мемлекеттік бақылау екі түрлі мемлекеттік функция деп айтты, олар әр түрлі құқықтық жағдайына байланысты мемлекеттік-құқықтық жүйедегі мемлекеттік институттар. Ол прокурорлық қадағалау ең жоғарғы мемлекеттік бақылаудың арнайы түрі тезисін критика жасады.

*Сіз осындай оймен келісесіз бе? Прокурорлық қадағалауды мемлекеттік бақылау органдарының қызметінен ойырмашылығын схема, таблица түрінде көрсетіңіз келесі критериялар мен бағыттар:*

1) *Прокуратура және мемлекеттік бақылау органдарының мемлекеттік органдар жүесіндегі тағайындалуы мен құқықтық жағдайы;*
2) *Бақылау және қадағалау функцияларының прокуратура мен мемлекеттік бақылау органдарының барлық функцияларының жүесіндегі мақсаты;*
3) *Қадағалау пәні мен заты;*
4) *Бақылау және қадағалау органдарының уәкілетінің мінездемесі.*

**3 есеп**

Областық әкімшілік «Облыс аумағанда қағамдық тәртіпті бұзғаны үшін жауапкершілікті күшейту туралы» қаулы қабылдады. Осы қабылданған акті бойынша жауапкершілік айыппұл ретінде 1 - 3 дейінгі АЕК немесе 1 айға дейін қоғамдық жұмыстар. Сонымен қатар ІІО қызметкері құқық бұзушылық үшін айыппұлды оқиға болған жерде салу, егерде қарсы болған жағдайда құқық бұзушыны айыппұл салу үшін – оны ПБ жеткізу.

*Қабылданған шешім дұрыс па? Егерде қабылданған шешімді дұрыс емес деп шешсеңіз жалпы қадағалау тәртібінде прокурордың наразылығын құрастырыңыз*

**4 есеп**

ІІД бастығы барлық басшылық және қатардағы қызметкерлер құрамына автокөліктерді сенім хат арқылы жүргізуге тиім салу туралы бұйрық шығырды, себебі ІІД қызметкерлерінің қатысуымен ағымдағы жылда 25 факті орын алды.

*ІІД бастығының бұйрығы заңды ма?*

**5 Есеп**

Қала әкімінің шешімінде келесі жазылған, басшылар өзіне тиесілі аудандарда келесі ұйымдарда: халықтық білім беру бөлімі, денсаулық сақтау, ішкі істер, қаржы, кәмілетке толмағандардың құқықтарын қорғау

комиссиясы, военкомат, соттар, прокуратура жалпы басқаруды жүзеге асыру міндетті.

*Әкімшіліктің осындай шешімі заңды ма?*

**КӨЖ – 5 сағат**

**Курсант өздік жұмыс барысында орындау керек.**

1. Әкімшілік құқық курсы бойынша негізгі оқу әдебиеттерімен танысып білу.
2. Ұсынылған қосымша әдебиеттермен танысу.
3. Нормативтік актілерді оқып және олардың негізгі ережелерін қысқаша конспектілеу.
4. Дәрістердің конспектілерін дайындау және семинар сұрақтарына қысқаша конспект орындау.
5. Рефераттардың тақырыптары:

- Мемлекеттік басқаруда заңдылықты қамтамасыз етуде, қадағалау мен бақылау негізгі тәсілдері ретінде;
- Мемлекеттік басқаруда заңдылық пен тәртіпті қамтамасыз етуде соттық бақылаудың ролі мен мақсаты;
- Жеке және заңды тұлғалардың жүгінуі, мемлекеттік басқаруда заңдылық пен тәртіпті қамтамасыз ету ретінде.

6. Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:

- Заңдылық мемлекеттік басқарудың принципі ретінде және оның басқарудағы маңызы.
- Мемлекеттік басқаруда заңдылық пен тәртіпті қамтмасыз ету ұғымы.
- Мемлекеттік басқаруда заңдылық пен тәртіпті қамтамасыз ету түсінігі мен жүесі.
- Заңдылықты қамтамасыз етудегі мемлекеттік органдар қызметінің негізгі бағыттары.
- ҚР Президентінің бақылау уәкілеті мен құзыреті,- Қазақстан Республикасының Конституциясының, адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының кепілі ретінде.
- Бақылау заңдылықты қамтмасыз етуддің негізгі әдісі ретінде.
- Орындауды тексеру мен қадағалу бақылаудың элементі ретінде.
- Мемлекеттік басқару органдарының қызметінде әкімшілік қадағалау.
- Бақылаудың сатылары.
- Бақылауды жүзеге асыратын субъектілер.
- Заң шығарушы органдарының бақылауы.
- Атқарушы билік органдарының бақылауы.
- Соттық бақылау субъектілері.
- Прокуратураның жалпы қадағалауы.
- Мемлекеттік басқару аясындағы заңдылықтың бұзылуына байланысты прокурорлық қадағалаудың көңіл бөлу нысандары.

7. Сабаққа арналған дидактикалық  материалдары (дәріс, семинар нормативтік актілердің конспектілері).

8. Тестілік тапсырмаларды орындауға дайын болу.

**Әдебиеттер: 1, 4, 10, 12, 15, 49, 50, 51, 52, 58, 59, 63, 64, 79, 102, 103, 104, 105, 109-112.**

## 11 тақырып. Әкімшілік процесс. Әкімшілік әділет. Әкімшілік юрисдикция

**Дәріс – 1 сағат**

**Жоспар**

1. Әкімшілік процесс: түсінігі мен мәні.
2. Әкімшілік әділеттің түсінігі мен мәні.

### Дәріс тезистері

1. Әкімшілік процесс: түсінігі мен мәні.

Әкімшілік процесс материалдық әкімшілік-құқықтық және басқа құқық нормаларын дұрыс жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге бағытталған, өйткені олар, әкімшілік процессуалдық  нормалардан ажыратылмас мағынасында, яғни процесс, материалдық құқық нормаларында қамтылған ұйғарымдарды жүзеге асырудың нысаны болып саналады.

Әкімшілік материалдық құқық нормалары өзінің реттеушілігімен басқару саласындағы өте кең және әр түрлі сұрақтар шеңберін қамтиды және құқық субъектілерінің көп санына қатысты болады. Сондықтан, әкімшілік процесс, басқаруда заңдылықты сақтауға үлкен мағынаға ие, сонымен бірге оны құқықты жүзеге асырушылық әрекеттер жасаудың тәртібін анықтайтын, заңдылық ұйғарымдарды сақтай отырып, әкімшілік-материалдық құқықтың нормаларын жүзеге асыру кезінде ғана қамтамасыз ете алуға болады.

Әрекет күшіндегі әкімшілік-процессуалдық нормалар заңдар және басқа да нормативтік актілерде қамтылған. Бұл нормалар құқық қолданатын және басқа да құқықты жүзеге асырушылық актілерін қабылдау және шығару тәртібін, әкімшілік процеске қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін және т.б. белгілейді.

Әкімшілік процестің, басқа процесс түрлерінен (қылмыстық, азаматтық) айырмашылығы бар. Әкімшілік процесс – бұл басқарушылық қызметті жүзеге асыру үшін, бірнен соң бірі жасалатын әрекеттер. Ол, әкімшілік материалдық және басқа құқық салаларының нормаларын жүзеге асырудың нысаны болып саналады.

Әкімшілік процестің мазмұны болып, басқару аясында өздерінің құқықтары немесе міндеттерін жүзеге асыруға байланысты процесс

субъектілерінің арасында болатын, басқарушылық процессуалдық қатынастар саналады.

Әкімшілік процестің басқа процесс (қылмыстық, азаматтық) түрлерінен тағы да бір айырмашылығы болып, оның кең көлемді қоғамдық қатынастарды қамтитындығы және көптеген әкімшілік процессуалдық нормалармен реттелінетін өте күрделі, ауқымды іс жүргізу (өндріс) құрылымы бар.

Сонымен бірге, атқарушы билік субъектілері құқық орындаушылық және құқық қорғаушылық сипаттағы әкімшілік-процессуалдық әрекеттерді жасайды. Сонымен, процессуалдық қызмет дегеніміз не?

1. Процесс – құбылыстардың бірінен соң бірі ауысуы, бірден жетілу жағдайы.

2. Процесс – қандай да болмасын нәтижеге жетуге бағытталған әрекеттер жиынтығының көптілігі.

3. Процесс – істі қарау тәртібі деп ұғынуға болады.

Көбінде процесс, сот органдарының накты азаматтық және қылмыстық істерді карауы және шешуіне байланысты айтылады. Ал, мемлекеттік басқарушылық қызмет, негізінен позитивтік сипаттағы міндеттерді шешуге тағайындаған.

Әкімшілік – процессуалдық қызметті екі мағынада сипаттауға болады.

Біріншіден, мемлекеттік – басқару қызметінің өзі әкімшілік процестің көрінісі ретінде болуынды.

Екіншіден, материалдық нормалардың санкцияларын қолдану қызметіне әкеп түйістіреді.

Сонымен, әкімшілік процесс екі түрлі топтағы әкімшілік-процессуалдық (өндірісті) іс жүргізуді қамтиды, яғни, атқарушы биліктің міндеттері мен функцияларын жүзеге асыруға байланысты өкілеттенген органдар мен лауазымды адамдар қызметінің процессуалдық жағын көрсететін – юрисдикциялық және рәсімдік (процесуалдық) болып бөлінеді.

Іс жүргізудің әр қайсы, жеке анықталаған әкімшілік немесе заңдалық пен мемлекет тәртіпті қамтамасыз ету мақсатындағы сұрақтарды шешудің заңмен белгіленген тәртібін анықтайды. Бірақ юрисдикциялық және рәсімдік іс жүргізуде пәні мен іс жүргізу бағыттарында айырмашылық бар.

Юрисдикциялық іс жүргізу құқық қорғаушылық сипатта және атқарушы билік органдарының (кейбір жағдайда – соттармен) әкімшілік-құқықтық дауды қарау мен шешуінде және олардың қатысушыларының мінез-құлықтарына құқықтық баға беріп, кінәлілеріне мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолдануда.

Рәсімдік іс жүргізуінде, атқарушы органдар өз құзыреті шегінде әкімшілік даудың болмауына байланысты кейбір сұрақтарды шешуде, арнаулы рәсімдік ережелерді сақтауға міндетті.

2. Әкімшілік әділеттің түсінігі мен мәні.

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасының сот жүйесі реформаланғандардың бірі болып табылады. Республикада мамандандырылған экономикалық, мамандандырылған әкімшілік, мамандандырылған ауданаралық қылмыстық істер жөніндегі соттары құрылды. Алматы және Астана қалаларында мамандандырылған кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі/ ювеналды / соты жұмыс жүргізуде. Аталған жаңамалармен қатар қазіргі уақытта заң жұртшылығы арасында, заң басылымдары беттерінде өткізілетін конференияларда, дөңгелек үстелдерде Республикада Әкімшілік әділет құру кең талқылануда. Алғаш рет Әкімшілік әділет институтын Қазақстанның сот жүйесіне енгізу қажеттілігі Қазақстан Республикасының Президентінің 24.08.2009 жылғы № 858 Жарлығымен бекітілген 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі құқықтық саясат Концепциясында көрсетілген.

Әкімшілік әділет деген ұғымды азаматтар мен атқару билігі тармағы органдарының (осы органның лауазымды тұлғасы) арасында туындайтын әкімшілік іс әрекеттер немесе шешімдердің заңдылығына себеп сот қызметінде ерекше іс жүргізу ретінде дауларды шешу деп түсіну қажет. Жоғарыда аталған концепцияларға сәйкес Республикада Әкімшілік әділетті құрудың екі аспектісі қарастырылады:

-жариялы-құқықтық даулардың қаралуы Әкімшілік әділет сот жүйелерін мамандандырылған әкімшілік соттар базаларында құру;

-ведомстволық бағынысты соттардың жалпы юрисдикциясына әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді беру.

Азаматтарды қорғауды жетілдіру онымен қатынаста халық билігімен үнемі маңызды болатын. Қазақстан Республикасында Әкімшілік әділет институтын толығымен құру бұл қорғаудың тиімділігін арттыру тәсілдерінің бірі болып табылатын болады. Әкімшілік әділет институтының негізгі мазмұнын мемлекеттік органның (лауазымды тұлғаның) іс-әрекеттері мен шешімдерінің заңдылығымен соттық бақылау құрады. Әкімшілік әділет жүйесіне сипатты қарау жеке және заңды тұлғалардың құқықтық қорғау және заңды мүдделерімен байланысты әкімшілік-құқықтық даулары оның қарауына апару. Заңдық актілердің құқықтық бағасымен және басқа да халықтық биліктің әрекетінен пайда болатын осы әділеттің түрі, өзін дауларды шеше алатын заңдық нысан ретінде көрсетеді. Осындай даулардың өзіндік әкімшілік-құқықтық сипаты, оның субъектілерінің ерекше жағдайы (қатысушылардың даулы құқықтық қатынасы), ерекше шешу реті, өзіндік құралдары және қорғау тәсілдері болатының атап өту қажет.

2002 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының Құқықтық саясат тұжырымдамасы елдің 2010 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық жүйесі дамуының негізгі бағыттарын айқындады. Өткен жылдары мемлекеттік және қоғамдық институттардың қарыштап дамуына ықпал ететін, Қазақстанның орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ететін бір қатар аса маңызды заңнамалық актілер қабылданды.

Тұжырымдаманы іске асырудың басты қорытындылары ұлттық заңнаманың негізгі салаларының (конституциялық, әкімшілік, азаматтық,

банктік, салық, қаржы, кеден, экологиялық, қылмыстық, қылмыстық-іс жүргізу, қылмыстық-атқарушылық заңнама) айтарлықтай жаңаруы болды.

Қазақстанда мемлекеттік басқару жүйесін дамыту тиімді де жинақы мемлекеттік аппарат құруға жаңа басқару технологияларын енгізуге, әкімшілік рәсімдерді жетілдіруге бағытталған әкімшілік реформаны құқықтық қамтамасыз етумен тығыз байланысты. Ал бұл - құқықтың әкімшілік тәрізді саласын реттеу аясы, оның маңызды міндеті - биліктің барлық деңгейінде мемлекеттік аппараттың тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету. Осыған байланысты мемлекеттік басқару саласындағы әкімшілік құқық

- мемлекеттік органдар арасындағы құзыретті ұтымды және нақты бөлуді қамтамасыз етуге;
- нарықтық экономика жағдайында артық мемлекеттік реттеуді, оның ішінде бақылау-қадағалау функцияларын болдырмауға;
- биліктің атқарушы тармағы органдарының мемлекеттік функцияларды іске асыруының шарты мен тәртібін регламенттеуге;
- мемлекеттік басқару органдарының азаматтармен және ұйымдармен өзара іс-қимылын қамтамасыз етуге және ұйымдастыруға бағытталуы тиіс.

Ұлттық құқықтарды жетілдірудегі маңызды бағыттардың бірі әкімшілік реформаларды жүргізу, әкімшілік іс-жүргізу құқықтарының мүмкіндіктерін кеңейту.

Әкімшілік іс жүргізу заңнамаларын реттеу мәселелеріне қатысты «мемлекет пен азамат арасындағы жария құқықтық қатынастардан туындайтын құқық туралы дауларды шешетін әділет әкімшілігін жасау жұмыстарының өзектілігін ата өту қажет. Жеке адам мен мемлекет арасындағы дауларды сотпен шешудің жаңа үлгісін қалыптастыруға, әділет әкімшілігі саласын реттейтін нормативтік-құқықтық база жасауға Әкімшілік құқық бұзушылық және Әкімшілік іс жүргізу кодекстерінің жобалары бағытталып отыр.

Қолданыстағы заңнамамен салыстырғанда бұл құжаттардағы әкімшілік құқықтардың реттеушілік әлеуеті елеулі түрде кеңейтетін болады.

Адам құқын сақтау және қамтамасыз ету саласындағы әкімшілік құқықтардың ерекшелігін, осы істі орындаудағы әкімшіліктердің (атқарушы және жергілікті өзін-өзі басқару) ролін атап өте келіп осы саладағы қолданыстағы құқықтарды жетілдіруге бағытталған сындарлы ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік береді.

Қазақстанда әділет әкімшілігін қалыптастырудың маңыздылығын атап өте келе, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы және Әкімшілік іс жүргізу кодекстерінің жобаларын әзірлеу және қарау мәселелерінің маңыздылығын, олардың Құқықтық саясат тұжырымдамасы мен Мемлекет басшысы Жолдауында белгіленген құқық қорғау жүйесін жетілдіру бағыттарына сәйкестігін атап өткен жөн.

Қазақстандағы құқықтық саясатты ізгілендірудегі мемлекеттік институт ретінде әділет әкімшілігінің роліне тоқтала келіп Заңнама және құқықтық саясат комитетінің хатшысы С.Ақылбай «Әкімшілік іс-жүргізу

кодексін қабылдау әкімшілік-іс жүргізу құқықтары дамуының шыңы» деп атап өткен.

Тұжырымдаманың ережелеріне сәйкес, алдағы уақытта қолданылып жүрген әкімшілік соттарының негізінде әділет әкімшілігі жүйесі жасалатындықтан, жалпы заңдылық аясындағы соттардың ішкі бөлінісінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді беру жоспарланып отырғанда әкімшілік-іс жүргізу заңнамасының негізі әкімшілік даулары бойынша істерді қарастыратын әділет әкімшілігі болуға тиіс.

Әкімшілік іс жүргізу кодексін жасау – әкімшілік құқықтың өзекті мәселесі болып отыр. Қазақстан үшін жаңа үрдістегі құжат болып табылатын оның қабылдануы әкімшілік сот өндірісінің, сот істерінің дербес бір саласы болып қалыптасуына мүмкіндік береді. Құқықтық саясат тұжырымдамасында, сондай-ақ, азаматтық, азаматтық іс жүргізу, қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу құқықтарының нақты бағыттары да, сондай-ақ, қаржылық, табиғат қорғау заңдарының, құнды қағаздар, сақтандыру қызметтері нарығы мен қоғам мен мемлекеттің тыныс-тіршілігінің, басқа да салаларының аса маңызды қырлары да көрініс тапқан.

2010-2020 жылдарға арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасы барлық құқыққорғау органдарының жұмыстарының тиімділігін едәуір арттыруды, олардың қылмыстың кез келген көрінісіне шапшаң да, лайықты ықпал етуін, құқық бұзушылықтардың үнемі алдын алуды, сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейтуді, бизнес үшін қауіпсіз жағдай туғызуды, олардың қызметіне негізсіз араласуды болдырмауды – басты мақсат тұтқан.

Қорыта айтқанда, Мемлекет басшысы бекіткен жаңа Құқықтық саясат тұжырымдамасына байланысты Қазақстан Республикасының құқықтық дамуы жаңа кезеңге аяқ басты. Енді осының негізінде құқық саласы жетілдіріліп, еліміздің одан әрі дамуының құқықтық негізі ретінде қазақстан заңдарының жаңа легі қалыптасатын болады.

**Әдебиеттер: 1, 4, 29, 50, 63, 76, 85, 102, 103, 104, 105, 109-112.**

**Семинарлық – 2 сағат (сұрау-жауап нысаны, талқылау)**

**Жоспар**

1. Әкімшілік процестің мәні, оның сатылары.
2. Әкімшілік юрисдикция: ұғымы мен мәні. Әкімшілік юрисдикция органдарының жүйесі.
3. Әкімшілік әділет. Қазақстан Республикасындағы әкімшілік әділет органдарының жүйесі.

**КОӨЖ – 1 сағат**

**Жоспар**

1. Берілген жағдайлық есептерді жазбаша шығару мен орындау. Олар бойынша қабылданған шешім туралы баяндауға дайын болу.

2. Жағдайлық есептердің мазмұны:

## 1 Есеп

Аз. Н. Іле ауданының қоршаған ортаны қорғау бойынша мемлекеттік инспекторының аң аулау тәртібін бұзғаны үшін салған айыппұл салу шешіміне шағым жасады. Жазаланушы өзінің шағымын кінә тағу кезінде нақты құқықтық норма көрсетілмегенін алға тартты.

*Аталған құқықтық дау қандай өндіріс тәртібінде шешіледі? Азаматтың алға тартқан аргументері құқықтық тәртіпті сақтау органымен ескерілуі мүмкін бе? Қандай органға, қандай тәртіппен мемлекеттік инспектордың шешіміне наразылық көрсетілуі керек?*

## 2 Есеп

Маховтар ерлі зайыптылары жаңа көрсетіліп жатқан кино түсірілімді көру үшін кинотеатырға барды. Жақсы көңіл күйлерін кино түсірілімді көру кезінде залда бірнеше адамдар темекі шеккен және бірнешеуі шемішке шаққан. Махов тиісінше тиісті мемлекеттік органға кинотеатырдың жұмысына наразылығын айтып, жұмыстарын жақсарту бойынша бірнеше ұсыныстар айтты.

*Махановтың хатын шағым деп санауға болады ма?*

*Азаматтардың арызбен, шағыммен және ұсыныммен келуінің қандай заңды маңызы бар?*

## 3 Есеп

Курс бастығы 1 бағам Курсантсы полиция старшинасы Сарсековқа отбасы-тұрмыстық ұрыс үшін сөгіс жариялады. Старшина Сарсеков берілген сөгісті білім беру мекемесінің басшысының сап дайындағы жөнінен орынбасарына шағымданды, ал ол старшинаның кінәсі дәлелденбеген, берілген сөгіс тым қатаң деп санап ескерту жариялаумен шектелді.

*Білім беру мекемесінің бағам басшысы өзінің бағынысындағыларды отбасы-тұрмыстық бұзушылық үшін жазалай аладыма?*

*Осы әрекеттерді қандай өндіріс түріне жатқызуға болады?*

## 4 Есеп

Аз. Омаров Б.Т учаскелік полиция инспекторы Айдаров М.Ж. Қарағанды қ. әкімшілігіне оны аң аулау құқығынан айырғаны үшін арыз жазды.

Қарағанды қ. әкімі арызды бір тәулік ішінде қарап учаскелік полиция инспекторын жазалау туралы шешім қабылдады.

*Аз. Омароватың шағымы заңды ма?*

*Әкімнің шешім қабылдаудағы іс әрекеті заңды ма?*

*Аталған сұрақ қандай тәртіпте шешілу тиіс?*

*Азаматтардың шағымдарын қарау тәртібі?*

*Шағымды қарау мерзімі?*

## 5 Есеп

Қарағанды облысы ІІД Орталық ПБ аумағында 2014 жылдың екінші жартысынан бері екі «тапсырылған» кісі өлтіру болды. 2015 жалдың 20 ақпанында жедел жұмыс жөнінен орынбасары Саитов іс сапарда болу кезінде, Орталық ПБ бастығы Ахметов қылмыскерлердің аты жөні ұзақ мерзім бойы анықталмай отырғанына байланысты Саитовқа қызметке сай еместік тұралы бұйрық қабылдағаны тұралы ескертті. 2015 жылдың 25 мамырда болған қызметтік атестациядан кейін Сайтов кәсіби даярлығының жеткіліксіздігінен ішкі істер органындағы қызметінен Ахметовтың бұйрығымен босатылды. 2015 жылдың 1 шілдесінде Сайтов қабылданған екі бұйрықты аудандық сотқа шағым жасап күшін жойды, сонымен қатар соттан екі бұйрықты заңға қайшы деп танып оның құқықтарына нұқсан келтіргені тұралы белгілеуін сұрады.

*Аталған жағдайда барлық әрекеттер мен шешімдер заңды ма?*

*Қарағанды облысы ІД Орталық ПБ бастығына тәрбиелік сөгіс қолдануы мүмкін бе?*

## 6 Есеп

2015 ж. 10 шілдесінде Қарағанды қ. аудандық сотына Крылов көшесінің № 86 үй тұрғынынан 2015 жылдың 5 ақпанда қалалық иттер клубының шешіміне шағым түсті. Үндеуінде иттер клубының шешімі бойынша аталған үй ауласында иттерді серуендететін жер бөлу тұралы шешім қабылданған, ол шешім үй тұрғындарының қалыпты демалысына кедергі келтіретінін, сонымен қатар олардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретінін айтты.

Судья Сафитов шағымды қарастыруға қабылдаудан бас тартты, өзінің осындай шешімін ұжымдық үндеулерді сот қарастырмайтындығын айтып, сонымен қатар иттер клубының шешіміне шағымдануға болмайтынын айтты себебі олар мемлекеттік орган немесе жергілікті өзін-өзі басқарушы орган емес деп түсіндірді. Судья заң талаптарына сәйкес сотта тек қана лауазымды тұлғалардың азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келетін заңсыз шешімдеріне ғана шағым жасауға болатынын айтып түсіндірді. *Қалыптасқан жағдайға талдау беріңіз.*

**КӨЖ – 5 сағат**

**Курсант өздік жұмыс барысында орындау керек.**

1. Әкімшілік құқық курсы бойынша негізгі оқу әдебиеттерімен танысып білу.
2. Ұсынылған қосымша әдебиеттермен танысу.
3. «Әкімшілік рәсімдер туралы» заңның негізгі ережелерін қысқаша конспектілеу.
4. Дәрістердің конспектілерін дайындау және семинар сұрақтарына қысқаша конспект орындау.
5. Рефераттардың тақырыптары:

- Әкімшілік-процесуалдық қызметтің жалпы құқықтық негізі ҚР-нда;

- Әкімшілік рәсімдердің түрлері мен мәні ҚР-нда;
- Әкімшілік өндірістердің жіктелуі.
- Әкімшілік юрисдикция, әкімшілік-процессуалдық қызметінің түрі ретінде;
- Әкімшілік сот, әкімшілік юрисдикцияның ерекше субъектісі ретінде;
- ІІО әкімшілік юрисдикция жүйесінде;
- ҚР әкімшілік әділеттің қалыптасу мен даму сұрақтары

6. Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:

- Әкімшілік іс жүргізудің ұғымы, түрлері.
- Әкімшілік рәсімдердің түрлері мен құқықтық негізі.
- Әкімшілік іс жүргізудің мәні мен мінездемелік белгілері.
- Әкімшілік іс жүргізудің ұғымы мен құқық шығармашылық түрінің мәні.
- Әкімшілік іс жүргізудің ұғымы мен құқық қолданушылық түрінің мәні.
- Әкімшілік іс жүргізу сатыларының ұғымы.
- Әкімшілік өндірістердің ұғымы, мәні мен жүйесі.
- Әкімшілік өндірістердің негізгі сатыларының түрлері мен мазмұны.
- Әкімшілік юрисдикцияның ұғымы, оның негізгі белгілері.
- Әкімшілік юрисдикцияның қағидалары мен құрылымы.
- Әкімшілік-юрисдикциялық қызметінің түрлері.
- ІІО әкімшілік-юрисдикциялық органдар жүйесінде.
- ІІО әкімшілік-юрисдикциялық қызметінің мәні мен мазмұны.
- Әкімшілік сот, әкімшілік юрисдикция органдарының жүйесінде.
- Әкімшілік әділеттің ұғымы мен мәні.
- Әкімшілік өндірістер әкімшілік әділет жүйесінде.

7. Сабаққа арналған дидактикалық материалдары (дәріс, семинар, нормативтік актілердің конспектілері).

8. Тестілік тапсырмаларды шешуге дайын болу.

**Әдебиеттер: 1, 4, 10, 12, 15, 17, 25, 29, 34, 47, 49, 50, 51, 52, 60, 63, 64, 67, 73, 76, 84, 85, 86, 92, 93, 102, 103, 104, 105, 109-112.**

## 12 тақырып. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істері бойынша іс жүргізу

**Дәріс – 1 сағат**

**Жоспар**

1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс-жүргізудің ұғымы, принциптері және міндеттері.
2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс-жүргізудің сатылары.

**Дәріс тезистері**

1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс-жүргізудің ұғымы, принциптері және міндеттері.

Іс жүргізу - бұл белгілі істер бойынша шешім қабылдаудың тәртібін белгілейтін процесуалдық қызметтің ерекше түрі.

Заң шығарушы әкімшілік жауаптылық негізі мен шараларын анықтай отырып, осы жауаптылықты жүзеге асырудың, яғни, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізудің тәртібін бекітеді.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді жүргізу – бұл мемлекеттік органдардың әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға бағытталған және қажетті жағдайларда әкімшілік жазаларды қолданатын әкімшілік-процессуалдық нормалармен реттелген қызметі.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді жүргізу, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істердің кімге қарастылығына байланысты бірнеше субъектілерге (соттық, ПУИ және т.б.), санкцияларды қолдану түрлеріне (ескерту, әкімшілік айыппұл, әкімшілік қамауға алу), істердің категориясына байланысты бөлінеді (ұсақ бұзақылық, жүргізушінің мас күйінде көлік құралын басқаруы, сондай-ақ көлік құралын басқаруды мас күйіндегі адамға беру) т.б. Мысалы, ұсақ бұзақылық және салық төлемдерін төлеуден бұлтару істері бойынша іс жүргізудің айырмашылығы бар. Оның айырмашылығы әр түрлі мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау және солар бойынша шешім қабылдауында. Мысалы, аудандық және соларға теңестірілген соттардың судьялары ұсақ бұзақылық (ҚР ӘҚБТ Кодексінің 434-бабы.), ішкі істер органдарының лауазымды адамдары кәмілетке толмағандарға алкоголь ішімдіктерін сату (Кодексінің 131-бабы.), ал кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі аудандық, қалалардағы аудандық комиссиялар кәмелетке толмағандар жасаған әкімшілік құқық бұзушылық істерін қарайды.

Іс жүргізудің құқықтық реттелуі. Заңдылық ғылымында барлық құқықтық нормаларды материалдық және процессуалдық деп бөлу қабылданған. Біріншісі азаматтар мен ұйымдардың (тұрақты қалыптағы қоғамдық қатынастардың) құқықтық жағдайын, құықытары мен міндеттерін бекітеді, екіншісі құқықтар мен міндеттерді қандай тәртіпте жүзеге асыруын анықтайды.

Әкімшілік жауаптылық институты бұл мемлекеттік-еріксіз әсер етуді белгілеу және қолдануымен байланысты сұрақтарды реттейтін құқтық нормалардың жиынтығы. Бұл институттың үлкен бөлігін материалдық нормалар құрайды. Олар әкімшілік құқық бұзушылықтардың жүйесін, әкімшілік жазалар түрлерін, әкімшілік жауаптылықтың принциптерін белгілейді және басқа да бірқатар сұрақтарды реттейді.

Әкімшілік-процессуалдық нормалар материалдық нормаларды жүзеге асыру тәртібін, оларды қолдану процедурасы әкімшілік жазалар арқылы кінәлілерге мәжбүрлеу әсер ету процесін жүзеге асыруды анықтайды, яғни, процессуалдық нормалар көмегімен әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерде жүргізу.

Қылмыстық іс жүргізу (қылмыстық-процессуалдық), қылмыстық құқықтың материалдық нормаларынан әлдеқашан жекеленген. Қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу екі жеке құқыдан тұратыны жұртқа мәлім.

Ал әкімшілік іс жүргізу заңдарында іс басқаша. Ол әкімшілік құқықтың бір бөлгі болып саналады, оның материалдық және іс жүргізу (процессуалдық нормалары) бір салада қолданылады.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс-жүргізудің сатылары.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс-жүргізудің сатылары. Әкімшілік құқық бұзушылық істері бойынша өндіріске қатысушылардың әрқайсысының өз құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыру, белгілі сатыларда өтілуін талап етеді, ол өндіріс сатысы деп аталады. Өндіріс сатысы деп әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамның кінәлілігін айқындауға бағытталып, мемлекеттік билікті өкілеттікке иеленген лауазымды адамдардың әкімшілік құқық бұзушылық өндірісті реттейтін заңдарда белгіленген талаптарды орындай отырып, түпкілікті шешім қабылдауға бағытталған әрекеттер жасау сатыларын айтамыз.

Өндірістің әрбір сатысында белгілі әрекеттер жүргізіледі, олардың әрқайсысы өндірістің жалпы мақсатына қарағанда жеке болып табылады. Әрбір сатының міндеттерін шешу, арнайы процессуалдық құжаттармен бекітіледі. Осындай акт қабылдағаннан кейін өндірістің басқа сатысы басталады.

Өндіріс сатыларының бір-бірінен айырмашылығы, оған қатысатын қатысушылардың /органдардың/ шеңберінде. Әкімшілік құқық бұзушылық өндірісінің төрт сатысы бар:

- әкімшілік тергеу
- әкімшілік істі қарау
- қаулыны қайта қарау
- қаулыны орындау

Осы сатыларды нақты сақтау қажет, өйткені өндіріс сатысы дұрыс жүргізілмесе көптеген қателіктер жіберілуі мүмкін, яғни әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді жүргізу заңдылығын қатаң сақтау негізінде жүзеге асырылуы тиіс.

Әкімшілік тергеу сатысында мыналар анықталады: әкімшілік құқық бұзушылық жасау фактісі, әкімшілік құқық бұзушылық жағдайы, кінәлілігі туралы мәліметтер және әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жазылады.

Әкімшілік құқық бұзушылық істі қарау сатысында орган/лауазымды адам/ мыналарды анықтауға тиіс: әкімшілік құқық бұзушылық жасалды ма, сол адам оны жасауда кінәлі ме, ол әкімшілік жауаптылыққа жата ма, жауаптылықты жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар бар ма, мүлікке зиян келтірілген бе, әкімшілік құқық бұзушылық туралы материалдарды басқа органның карауына беру үшін негіздер бар ма, сондай-ақ басқа да мән-жайларды анықтауға міндетті.

Осы жағдайлардың бәрі орындалған соң, орган/лауазымды адам/ әкімшілік құқық бұзушылық ісі бойынша шешім қабылдап, қаулы шығарады.

Қаулыны қайта қарау сатысы факультативтік болып саналады, яғни қажетті емес, ол қаулының күшін жою, өзгерту немесе қаулыны өз күшінде қалдыруға шешім қабылдаумен аяқталынады.

Ақырғы сатысы, қаулыны орындау, ол оны қабылдағаннан немесе шағымды/наразылықты/ қарағаннан кейін басталады.

**Әдебиеттер 1, 4, 50, 64, 76, 91, 109-112.**

**Тәжірибелік – 2 сағат (сұрау-жауап нысаны, талқылау)**

**Жоспар**

1. Берілген жағдайлық есептерді жазбаша шығару мен орындау. Олар бойынша қабылданған шешім туралы баяндауға дайын болу.
2. Жағдайлық есептердің мазмұны:

**1 Есеп**

Полиция қызметкерлері аз. Гудимовты масайған күйінде ұстап полиция бөліміне жеткізді. ПБ кезекшісі олардың баяндамасын тыңдағаннан кейін ӘқбтҚР кодексінің 440 бап. бойынша хаттама толтыруды бастады. Кезекшінің талабы бойынша Гудимов жеке куәлігін беріп, орыс тілін нашар меңгергендігін айтып не себепті оны ұстағанын түсінбегенін, сол себепті қонаққа баражатқан досы Ничаевті шақыртуын сұрады себебі ол – орыс тілі мен татар тілдерін білетіндігін айтты. Кезекші хаттамада жеке куәлікте көрсетілген мәліметтерін жазып, жауап беруден және қол қоюдан бас тартқандығы туралы белгілеп, екі полиция қызыметкерін осы болған жәйітті актта растайтындықтарын сұрап, Гудимовты айықтыру орнына жіберді. Медециналық айықтыру мекемесіне жеткізу кезінде жол жөнекей Гудимов болған оқиғаға наразылығын айтып, қорғаушы беруін талап етті. Таң-ертен айықтырғыш мекемесінің қызметінің төлемімен айыппұл құнын төлеттіріп алынды.

*Болған оқиғаға баға беріңіз. Осы оқиғада қандай өндірістік қағидалар бұзылды?*

*Осы іс қандай процессуалдық кезеңде, анықтаңыз?*

*Өндіріске қатысушыларды анықтаңыз?*

**2 Есеп**

Волков өзінің саяжайынан қайтып келе жатып «Жигули» автокөлігін басқара алмай қалу салдарынан автокөлік жолдың шетіне тайғанап соғылды. Соққы кезінде Волков есінен танып қалды. Аталған оқиға балық аулап отырған балықшылардың көз алдында болды, жүгіріп жеткен балықшылар Волковтың жарақаттарын асығыста байлап артқы орындыққа жатқызып, балықшылардың біреуі орта деңгейде масайғандығына қарамастан (Клюев)

автокөлікке отырып қалаға бет алды. Емхананың алаңының кіреберісіндегі Клюев автокөлікті дуалға соғылып, жанын сырып бүлдірді.

Жол полиция бөлімінің бастығы іс құжаттарды қарап Клюевке ӘқбтҚР кодексінің 608 бап. сәкес айыппұл салды.

*Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізу нормаларының талаптары бұзылдыма? Болған оқиғаға баға беріңіз.*

### 3 Есеп

Қарағанды қ. прокуратурасына автокөлік жүргізушісі Бляловтан келесі мазмұндағы шағым түсті: «Қарағанды-Алматы тас жолында шамамен сағат 17.00 мені полиция сержанты тоқтатты. Ол маған сенің жүгіңе сәйкес құжаттарың жоқ деп айтты. Соған байланысты 100 шақрым жердегі ПБ полиция сержантымен бірге баруға тура келді, аталған жерге жеткеннен кейін мен қорғаушысыз жауап беруден бас тартатынымды айттым.

ПБ кезекшісі әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша қорғаушы көзделмегендігін айтты. Содан кейін мені далаға алып шығып суық жел астында таңатқанша ұстады.

*Осы жерде қандай бұзушылықтар орын алды?*

*Жүргізушінің қорғаушы талап етуі заңды ма?*

*Қорғаушы ұсыну тәртібі қандай, оның құқықтары мен міндеттері?*

### 4 Есеп

Фролов және Ахметов, мас күінде болып, азаматтардың ар-намысына тиетін сөздер айтып, былапыт сөйледі. Полиция қызметкерлері оларды ұстап ПБ жеткізіп, 4 сағат анықтама жүргізіп хаттама толтырғаннан кейін ертеңінде сотқа келулерін міндеттеп жіберді, бірақ олар сотқа бармай бой тасалап жүрді. Сот іс құжаттарын қарап шығып, оларды 15 тәулікке қамауға алу туралы шешім шығарды.

*Фролов және Ахметовты жауапкершілікке тарту бойынша процессуалдық тәртіп бұзылды ма?*

*Аталған істі қарау кезінде Фроловтың және Ахметовтың қатысулары міндетті ме?*

### 5 есеп

Аз. Уланов қоғамдық орында спирт ішімдікті ішкені үшін ПБ-ң бастығымен айыппұл салу туралы қаулысына аудандық прокурор наразылық білдірген. Наразылықта шығарылған қаулы мына негіздерде жоюлыу керектігі көрсетілген: әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамада куәлардың тегі мен мекен жайлары, құқық бұзушының жеке куәлігінің нөмірі болмаған, ал соңғының қол қою орнында ПБ-ң кезекшісінің Уланов қол қоюдан бас тартқандығы туралы жазбасы жазылған.

*Прокурордың наразылығы дұрыс па?*

*Хаттама толтыру кезінде куәнің қатысуы міедетті ме?*

*Бұл іс қандай іс жүргізу сатысында?*

*Осы наразылықтың жобасын жасаңыз.*

**6 есеп**

Аудандық сотының қаулысымен отбасы-тұрмыстық қатынастағы құқыққа қарсы әрекеттері үшін азамат С. 15 тәулік мерзімге қамауға алынды. Аз. С. жұбайы арасында болған қақтығыс ұсақ бұзақылыққа жатпайды себебі біз жақында тұрмыс құрдық сол себепті ол қоғамға қауіпті емес деп шағымданғысы келген, бірақ судья оған ҚР заңнамасына сәйкес шығарылған шешім шағымдануға жатпайды деп түсіндірген. Шығарылған шешімге келіспеген азамат С. әділдікке дейін баратынын шешті.

*Осы жағдайға талдау беріңіз.*

*Қарастырылатын шағымның жобасын құрыңыз.*

*Шағым бойынша қабылдану мүмкін шешім жобасын құрастырыңыз.*

**7 Есеп**

Худяковтан ӘқбтҚРк 382 баптың 2 тар. сәйкес мылтығы тәркіленді. Қоршаған ортаны қорғау полиция бөлімі тәркілеуді ӘқбтҚРк 807 бапқа сәйкес қаулы жеңілдетілген процесуалдық рәсімі түрінде жүзеге асырылды, және аталған іс сотпен қарастыру көзделмеген. Худяков қабылданған қаулығы келіспей сотқа шағым жасады. Сот қабылданған қаулы қарастыруға жатпайтындығына себеп етіп істі қараудан бас тартты.

*Қалыптасқан жағдайға талдау беріңіз.*

*Әкімшілік жаза қолданғанға дейін әкімшілік органының әрекеттеріне сотта шағым жасауға болады ма?*

**КОӨЖ – 1 сағат**

**Жоспар**

1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізудің ұғымы, қағидалары мен міндеттері, оның сатылары.
2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қозғау.
3. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қамтамасыз ету шаралары.
4. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қараудың жалпы шарттары.

**КӨЖ – 5 сағат**

**Курсант өздік жұмыс барысында орындау керек.**

1. Әкімшілік құқық курсы бойынша негізгі оқу әдебиеттерімен танысып білу.
2. Ұсынылған қосымша әдебиеттермен танысу.
3. «Әкімшілік рәсімдер туралы» заңның негізгі ережелерін қысқаша конспектілеу.
4. Дәрістердің конспектілерін дайындау және семинар сұрақтарына қысқаша конспект орындау.
5. Рефераттардың тақырыптары:

- Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізудің және оның сатысының ҚР әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасы бойынша ұғымы.

- Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қамтамасыз ету шаралары, дәлелдемелерді жинау мен бекіту ретінде.

- Әкімшілік құқық бұзушылық өндірісіне қатысушыларының құқықтық жағдайы.

- Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істеріне қатысушылардың жүйесі мен ұғымы.

- Әкімшілік құқық бұзушылық туралы ісін жүзеге асырушы тұлғаның құқықтық жағдайындағы қиыншылықтар.

- Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша дәлелдемелердің түрлері.

- Дәлелдемелерді жинау мен бекіту әдісі.

- Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғаудың дәлелдері мен негіздемесі.

- Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерін прокурорымен қозғаудың ерекшеліктері.

- Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы заңды тұлғаларға толтырудың ерекшеліктері.

- Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуде дәлелдемер және оларды бағалау.

6. Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:

- Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізудің түсінігі.
- Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізудің мәні мен қағидаларының маңыздылығының түсінігі.
- Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізудің міндеттері.
- Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізудің негізгі сатыларының түсінігі. Олардың түрі мен мазмұны.
- Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларының жүйесі.
- Кейбір процессуалдық қамтамасыз ету шараларын қолдану тәртібі.
- Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізудің қатысушылар жүйесі.
- Әкімшілік өндірісіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттері.
- Әкімшілік құқық бұзушылық туралы ісінде дәлелдемелердің түрлері мен олардың түсінігі.
- Дәлелдемені алу.
- Дәлелдемені бағалау.
- Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерінде дәлелденуге жататын мән-жайлар.
- Әкімшілік жауапкершілікке тартылған тұлғаның түсініктемесі, жәбірленуші мен куәгердің түсініктемесі әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша дәлелдеме ретінде.

- Дәлелдеу міндеті мен дәлелдеме ұсыну.
- Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама, істі қозғау мен тергеу сатысын қорытындылайтын құжат ретінде.
- Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғаудың негіздемелері.
- Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерін прокурорымен қозғаудың ерекшеліктері.
- Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерін қарауға дайындау тәртібі.
- Істерді қарау мен олар бойынша шешім қабылдау тәртібі.
- Осы өндірістің бірінші екі сатыларында толтырылатын, процессуалдық құжаттардың түрлері.

7. Сабаққа арналған дидактикалық материалдары (дәріс, семинар, нормативтік актілер, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы ҚР кодексі, ӘқбтҚРк процесуалдық бөлімінің түсіндірмесіне конспектілеу).

**Әдебиеттер 1, 4, 25, 34, 49, 50, 51, 52, 62, 63, 64, 74, 76, 90, 91, 102, 103, 104, 105, 109-112.**

## 13. Ұлттық қауіпсіздікті басқару. Қорғанысты басқару

**Семинарлық – 2 сағат (сұрау-жауап нысаны, талқылау)**

**Жоспар**

1.Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін органдар жүйесі және құзыреттері.

2. Қазақстан Республикасының қарулы күштер.

**КОӨЖ – 1 сағат**

**Жоспар**

1. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету органдары, олардың ұйымдастыру құрылуы.
2. Қазақстан Республикасының қарулы күштерді жасақтау, әскери қызмет.

**КӨЖ – 5 сағат.**

1. Әкімшілік құқық курсы бойынша негізгі оқу әдебиеттерімен танысып білу.
2. Қосымша әдебиеттермен танысу.
3.Дәрістердің конспектілерін дайындау және сұрақтарына қысқаша («Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік комитеті» туралы, «Қазақстан Республикасының қорғаныспен қарулы күштері туралы» заңдарының) конспектісін орындау.
4. Дәрістердің конспектілерін дайындау және келесі сұрақтарға жауаптарды конспектісін орындау.

5. Реферат тақырыптары:

- Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету механизмі.

- Әскери қызыметке азаматтарды шақыруды жүргізу мен ұйымдастыру.

- Азаматтар мен ұйымдар, қорғанысқа қатысушылар ретінде.

6. Өзін-өзін бақылауға арналған сұрақтар:

- Ұлттық қауіпсіздікті басқарудың ұйымдастырушылық-құқықтық нысандары.
- ҚР ұлттық қауіпсіздік туралы заңдары.
- Ұлттық қауіпсіздік комитетінің органдары, олардың ұйымдастырушылық құрылымы.
- ҰҚК органдарының құқықтары мен міндеттері.
- Сыбайлас жемқорлықпен күрестегі ҰҚК органдарының орны мен рөлі
- Сыртқы барлау қызметі, Президенттің Күзет қызметі, олардың негізгі міндеттері.
- Мемлекеттік құпияны қамтамасыз ету; ұғымы және органдар жүйесі.

7. Сабаққа арналған дидактикалық материалдары (дәріс, семинар, нормативтік актілер, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы ҚР кодексі, ӘқбтҚРк процессуалдық бөлімінің түсіндірмесінің конспектілері).

**Әдебиеттер: 1, 4, 15, 33, 35, 42-46, 49, 50, 51, 52, 63, 64, 102, 103, 104, 105, 109-112.**

## 14 тақырып. Ішкі істер саласында басқару.

**Дәріс – 1 сағат**

**Жоспар**

1. Ішкі істермен басқарудың ұйымдық-құқықтық нысаны.
2. ҚР Ұлттық ұланның құқықтық жағдайының негізі.

### Дәріс тезистері

1. Ішкі істермен басқарудың ұйымдық-құқықтық нысаны.

Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес анықтау, алдын ала тергеу мен жедел іздестіру қызметін, сондай-ақ қоғамдық тәртіпті сақтау мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандығына, қоғам мен мемлекеттің мүдделеріне қылмыстық және өзге де заңға қарсы кол сұғушылықтардың алдын алу және жолын кесу жөніндегі атқарушылық және өкім етушілік функцияларын жүзеге асыратын арнайы мемлекеттік орган болып табылады.

Ішкі істер органдарының қызметі заңдылық, дара басшылық, ішкі істер органдары жүйесінің бірлігі, жариялылық, құқық қоргау және басқа да мемлекеттік органдармен, лауазымды тұлғалармен, ұйымдармен және азаматтармен өзара іс-қимыл жасау принциптеріне негізделіп құрылады.

Ішкі істероргандарының біртұтас жүйесін Қазақстан Республикасының ішкі істер министрлігі (бұдан әрі - Ішкі істер министрлігі), оның құрамына кіретін департаменттер мен өзге де құрылымдық бөлімшелер, облыстардың, республикалық маңызы бар қаламен Республика астанасының, көліктегі оған бағынатын ішкі істер департаменттер, қалалық, аудандық, қалалардағы аудандық, поселкелік, желілік ішкі істер органдары, ішкі әскерлер, оқу орындары, мекемелер және өзге де ұйымдар құрайды.

Ішкі істер органдарының құрамында криминалдық полиция, әкімшілік полиция және полицияның өзге де қызметтері, сондай-ақ Ішкі істер министрлігінің әскери құрылымдар мәртебесі бар әскери-тергеу органдары мен әскери полициясы құрылады.

Криминалдық, әкімшілік және өзге де полиция қызметтерінің бөлімшелерін, сондай-ақ Ішкі істер министрлігінің әскери-тергеу органдары мен әскери полициясын құруды, қайта құруды және таратуды Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі жузеге асырады.

Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын ішкі істер органдары жүйесінің үлгілік ұйымдық құрылымы мен штат санын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының үкіметі бекітеді.

Криминалдық полицияның негізгі міндеттері қылмыстарды анықтау, оның алдын алу, жолын кесу, оны ашу және тергеу, ішкі істер органдарының жүргізуіне жататын қылмыстар туралы істер бойынша анықтама ісін жүргізу, тергеуден, анықтамадан және соттан жасырынған, қылмыстық жазаны өтеуден жалтарған, хабарсыз кеткен және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де жағдайларда адамдарды іздестіруді ұйымдастыру және жүзеге асыру болып табылады.

Криминалдық полицияны жедел-іздестіру, тергеу, ғылыми-техникалық және Қазақстан Республикасының ішкі істер министрлігіне тікелей бағынатын, оның алдында тұрған міндеттерді шешу үшін қажетті өзге де бөлімшелер құрайды.

Әкімшілік полицияның негізгі міндеттері қоғамдық тәртіпті сақтау, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтау, оның алдын алу және жолын кесу, қылмыстарды ашу, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген құзыретінің шегінде анықтама мен әкімшілік іс жүргізуді жүзеге асыру, ұсталған және қамауға алынған адамдар, оның ішінде белгілі бір тұратын жері, құжаттары жоқ адамдар ұсталатын жерлерде құқық тәртібін қамтамасыз ету, кәмелетке толмағандар арасындағы қадағалаусыздық пен қуқық бұзушылықтарды анықтау және жолын кесу, жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мемлекеттік қадағалау және бақылау жасау, төлқұжаттық жұмыстар мен

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ішкі істер органдарына жүктелгөн өзге де міндеттерді жүзеге асыру болып табылады.

Әкімшілік полицияны полицияның учаскелік инспекторлары мен кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі учаскелік инспекторлар қызметтері, сақшылық қызмет, лицензиялық және рұқсат ету жүйесі, табиғат қорғау және мал дәрігерлік полиция, төлқұжаттық қызмет, жол полициясы бөлімшелері, ішкі істер органдарының арнаулы мекемелері және әкімшілік полицияның алдында турған міндеттерді шешу ушін қажетті өзге де бөлімшелер құрайды.

Облыстардың, Ақмола және Алматы қалаларының әкімдері жергілікті бюджет пен бюджеттен тыс қаражаттың есебінен әкімшілік полиция бөлімшелерінің қосымша штат санын ұстай алады.

Әскери-тергеу органдарының негізгі міндеттері іәскери қылмыстарды және әскери қызметшілер жасаған, Ішкі істер органдары тергеуге тиісті қылмыстарды анықтау, олардың алдын алу, жолын кесу, ашу және тергеу болып табылады.

Әскери-тергеу органдарын әскери-тергеу департаменті, әскери-тергеу басқармалары мен тергеу, жедел-іздестіру, жедел-техникалық және өздерінің алдында тұрган міндеттерді шешу үшін қажетті өзге де бөлімшелерден тұратын гарнизон бойынша бөлімдер құрайды.

Әскери-тергеу органдары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бұған -уәкілдік берілген лауазымды адамдар арқылы өз құзыреті шегінде ішкі істер органдарының барлық құқықтарын пайдаланып, солардың міндеттерін атқарады.

Әскери-тергеу органдары қарулы күштер есебінен қызметтік үй-жаймен, байланыс құралдарымен қамтамасыз етіледі, оларды пайдалану мен ұстау шығындарын да солар көтереді.

2. ҚР Ұлттық ұлан құқықтық жағдайының негізі.

Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы (бұдан әрі – Ұлттық ұлан) Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының бірыңғай жүйесіне кіреді және жеке бастың, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қылмыстық және өзге де құқыққа қарсы қолсұғушылықтардан қорғауға арналған.

2. Ұлттық ұлан өз өкілеттіктерін жүзеге асырған кезде оның қызметіне араласуға тыйым салынады.

3. Ұлттық ұланның туы және рәмізі болады. Ұлттық ұланның өңірлік қолбасшылықтарының, құрамаларының, әскери бөлімдерінің және жоғары әскери оқу орнының белгіленген үлгідегі жауынгерлік жалаулары болады. Ұлттық ұланның туы мен рәмізінің, өңірлік қолбасшылықтардың, құрамалар мен әскери бөлімдердің, жоғары әскери оқу орнының жауынгерлік жалауларының сипаттамасын Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

Ұлттық ұланға мынадай міндеттер жүктеледі:

1) маңызды мемлекеттік объектілерді және арнайы жүктерді күзету;

2) ішкі істер органдарымен бірлесіп қоғамдық тәртіпті қорғауға, жаппай тәртіпсіздіктердің жолын кесуге, қоғамдық қауіпсіздікті және төтенше жағдай мен соғыс жағдайының, терроризмге қарсы операцияның құқықтық режимдерін қамтамасыз етуге қатысу, осы операцияға, сондай-ақ табиғи, техногендік және әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарларын жою жөніндегі іс-шараларға қатысу;

3) сотталған әйелдердің, кәмелетке толмағандардың жазасын өтеуіне арналған қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерін, түрмелерді және тергеу изоляторларын қоспағанда, қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз, қауіпсіздігі барынша жоғары, төтенше қауіпсіз, қауіпсіздігі аралас мекемелерін күзету;

4) сотталған әйелдердің, кәмелетке толмағандардың жазасын өтеуіне арналған қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерін, түрмелерді және тергеу изоляторларын қоспағанда, қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз, қауіпсіздігі барынша жоғары, төтенше қауіпсіз, қауіпсіздігі аралас мекемелерінде ұсталатын адамдардың, сондай-ақ олардың аумағындағы азаматтардың мінез-құлқын бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру;

5) сотталғандарды және күзетпен ұсталатын адамдарды айдауылмен алып жүру;

6) соғыс уақытында Қазақстан Республикасының аумақтық қорғаныс жүйесінде жекелеген міндеттерді орындау;

7) Қазақстан Республикасының аумағында қарулы қылмыскерлерді залалсыздандыру, заңсыз әскерилендірілген немесе қаруланған құралымдар (топтар), ұйымдасқан қылмыстық топтар (қоғамдастықтар) әрекетін тоқтату жөніндегі арнайы операцияларға қатысу;

8) ауыр және аса ауыр қылмыстардың, диверсиялардың, терроризм актілерінің, қарулы қақтығыстардың жолын кесуге қатысу және тайталасушы тараптарды ажырату;

9) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес міндеттерді орындау.

2. Ұлттық ұланға өзге де міндеттер Қазақстан Республикасының заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктеледі.

**Әдебиеттер: 1, 4, 34, 51, 63-65, 112.**

**Семинарлық– 2 сағат (сұрау-жауап нысаны, талқылау)**

**Жоспар**

1. Ішкі істермен басқару ұғымы.
2. Қазақстан Республикасының ІІО қызметінің құқықтық негіздері, жүйесі, құрылымы мен қызметі.

**КОӨЖ – 1 сағат**

**Жоспар**

1. ІІО қызметінің негізгі бағыттары және мазмұны.

2. Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік жергілікті басқару органдарының құзыреті.

**КӨЖ – 5 сағат**

**Курсант өздік жұмыс барысында орындау керек.**

1. Әкімшілік құқық курсы бойынша негізгі оқу әдебиеттерімен танысып білу.

2. Қосымша әдебиеттермен танысу.

3.Дәрістердің конспектілерін дайындау және семинар сұрақтарына қысқаша («Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы», «ҚР ұлттық ұлан туралы» Заңы, «Ішкі істер органдарының жергілікті полиция қызметі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің Қаулысы) конспект орындау.

4. Алдағы семинар сұрақтарына қысқаша конспекті мен дәріс конспектілерін дайындау.

5. Рефераттардың тақырыптары:

- Ішкі істер саласын басқару ерекшелігі мен мәні.
- ҚР ІІО ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі рөлі.
- ІІО қызметінің ұйымдық-құқтық нысанының ерекшелігі.

6. Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:

- Ішкі істер басқарудың ұйымдастырушылық-құқықтық нысандары.
- ҚР ІІМ құқықтық жағдайы.
- ҚР ІІО жүйесі, міндеттері және функциялары.
- ІІО қызметінің негізгі бағыттары, оның мазмұны.
- ҚР ІІМ, ішкі істерді басқаруға уәкілетті арнайы орган ретінде, оның құқықтық негізі.
- Жергілікті мемлекеттік басқару органдарының қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудегі құзыреті.
- Ішкі әскер: тағайындалуы, жүйесі және құқықтық негізі.

7. Сабаққа арналған дидактикалық материалдары (дәріс, семинар, нормативтік актілер, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы ҚР кодексі, ӘқбтҚРк процесуалдық бөлімінің түсіндірмесінің конспектілері).

**Әдебиеттер: 1, 4, 10, 11, 15, 24, 27, 34, 38, 49, 50, 51, 52, 63-65, 102, 103, 104, 105-112.**

## 15 тақырып. Білім мен ғылымды басқару. Мәдениет және денсаулық сақтауды басқару.

**Семинарлық – 2 сағат (сұрау-жауап нысаны, талқылау)**

**Жоспар**

1. Мәдениетті басқарудың ұйымдастырушылық-құқықтық негіздері.

2. Денсаулық сақтау басқаруының ұйымдастырушылық-құқықтық негіздері.

**КОӨЖ – 1 сағат**

**Жоспар**

1. Қазақстан Республикасының білімді басқаруының ұйымдастырушылық-құқықтық негіздері.

2. Қазақстан Республикасының ғылымды басқаруының ұйымдастырушылық-құқықтық негіздері.

**КӨЖ – 5 сағат**

**Курсант өздік жұмыс барысында орындау керек.**

1. Әкімшілік құқық курсы бойынша негізгі оқу әдебиеттерімен танысып білу.

2. Қосымша әдебиеттермен танысу.

3.Келесі заңдардың конспектілерін дайындау: «Ғылым туралы», «Мәдениет туралы» «Білім туралы» (әдебиеттерді қара).

4. Алдағы семинар сұрақтарына қысқаша конспекті мен дәріс конспектілерін дайындау.

5. Рефераттардың тақырыптары:

- ҚР әлеуметтік-мәдени құрылыс саласын басқару ерекшелігі мен мәні.
- ҚР білім беру саласын басқарудың ұйымдастырушылық-құқтық нысанының ерекшелігі.
- ҚР ғылым саласын басқарудың ұйымдастырушылық-құқтық нысаны.
- ҚР денсаулық саласын басқаруды ұйымдастыру мен жүзеге асырудың ерекшелігі.

6. Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:

- Әлеуметтік-мәдени саласының ұғымы мен мазмұны.
- Аталған саладағы мемлекеттік басқарудың мақсаты.
- Әлеуметтік-мәдени саласындағы мемлекеттік басқару функциясы.
- Білім мен ғылымды басқарудың мәні.
- Білім мен ғылымды басқарудағы мемлекеттік органдардың уәкілеті мен жүйесі.
- Мәдениет саласын басқарудың мәні.
- Мәдениет саласын басқарудағы мемлекеттік органдардың уәкілеті мен жүйесі.
- Денсаулық сақтау саласын басқарудың мәні.
- Денсаулық саласын басқарудағы мемлекеттік органдардың уәкілеті мен жүйесі.

7. Сабаққа арналған дидактикалық материалдары (дәріс, семинар, нормативтік актілер, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы ҚР кодексі, ӘқбтҚРк процессуалдық бөлімінің түсіндірмесінің конспектілері).

**Әдебитеттер: 1, 2, 4, 5, 13, 14, 18, 19, 49, 50, 51, 52, 63, 64, 102-112.**

## III-тарау
## ӨЗІН-ӨЗІ БАҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН ТЕСТІЛІК ТАПСЫРМАЛАР

1. Әлеуметтік басқарудың түрін атаңыз?

**А) қоғамдық өзін-өзі басқару;**

Б) биологиялық басқару;

В) механикалық басқару;

Г) технологиялық басқару;

Д) психологиялық басқару;

2. Әлеуметтік басқарудың элементтерін атаңыз:

**А) басқару субъектісі, басқару объектісі, басқарушылық байланыстар;**

Б) заңдылық фактілер, оқиға;

В) объект, субъект, объективтік жағы;

Г) гипотеза, диспозиция, санкция;

Д) объект, субъект, басқарушылық байланыстар;

3. Басқару функциялары әсер ету бағытына қарай қалай бөлінеді:

А) жалпы, арнаулы;

Б) уақытша, тұрақты;

**В) ішкі,сыртқы;**

Г) тік, көлденең;

Д) арнаулы, ерекше;

4. Басқару функциялары әрекет уақытына қарай қалай бөлінеді:

А) жалпы, арнаулы;

**Б) тұрақты, уақытша;**

В) бақылау, қадағалау;

Г) тік, көлденең;

Д) уақытша, созылмалы;

5. Мемлекеттік басқарудың жалпы (әлеуметтік-құқықтық) принципін атаңыз:

А) Аумақтық;

Б) Салалық;

В) Желелік;

**Г) Заңдылық;**

Д) Ғылымдылық;

6. Мемлекеттік басқарудың ұйымдастырушылық принципін атаңыз:

А) Ғылымдылық;

**Б) Салалық;**

В) Тиімділік;

Г) Заңдылық;
Д) Объективтілік.

7. Әкімшілік құқықтың жүйесі қанша бөлімнен тұрады:
А) 2;
Б) 4;
В) 5;
**Г) 3;**
Д) 1;

8. Қатынастардың қайсысы әкімшілік құқықтың реттеу пәні болып табылады?
**А) мемлекеттік басқару аясында болатын басқарушылық қатынас;**
Б) ІІО-ң қызметінде туындайтын қатынастар;
В) сот органдарының қызметінде туындайтын қатынастар;
Г) заң шығарушы органдарының қызметінде туындайтын қатынастар;
Д) әкімшілік жауаптылыққа тартумен байланысты қатынастар.

10. Атқарушы билік органдарының жүйесін атаңыз.
А) ҚР Министрліктері, комитеттері және ведомстволары;
Б) Мәжіліс, сенат және маслихаттар;
В) Үкімет;
**Г) Жоғарғы, орталық және жергілікті атқарушы органдары;**
Д) қала, облыс әкімі және маслихаттар.

11. Әкім...:
**А) Қазақстан Республикасының Президентінің өкілі;**
Б) Парламенттің өкілі;
В) Халықтың өкілі;
Г) Қазақстан Республикасының Қорғаныс Министрлігінің өкілі;
Д) Қазақстан Республикасының Президенті мен Парламент өкілі;

12. Әкім аппараты...:
**А) жергілікті атқарушы органның қызметін қамтамасыз ететін мемлекеттік мекеме;**
Б) мемлекеттік органның қызметін қамтамасыз ететін мемлекеттік мекеме;
В) Үкіметтің қызметін қамтамасыз ететін мемлекеттік мекеме;
Г) ІІО қызметін қамтамасыз ететін мемлекеттік мекеме;
Д) төтенше жағдай кезінде жедел штабтың қызметін қамтамасыз ететін мемлекеттік мекеме;

13. Мәслихаттар мен Әкімдіктер қабылдайтын аумақты дамыту жоспарлары сәйкес келуге тиіс:

А) Облыс әкімнің жоспарларына

Б) Президенттің жоспарларына

В) Үкімет жоспарларына

Г) Парламенттің жоспарларына

**Д) +Қазақстан Республикасының стратегиялық даму жоспарларына**

14. Мәслихаттарды тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністің халқы жалпыға бірдей, тең, төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы:

**А) бес жыл мерзімге сайлайды.**

Б) бір жыл мерзімге сайлайды

В) екі жыл мерзімге сайлайды

Г) үш жыл мерзімге сайлайды

Д) төрт жыл мерзімге сайлайды

15. Қазақстан Республикасының қанша жасқа толған азаматы мәслихат депутаты болып сайлана алады:

**А) жиырма жасқа толған азаматы**

Б) жиырма бір жасқа толған азаматы

В) жиырма екі жасқа толған азаматы

Г) жиырма төрт жасқа толған азаматы

Д) он сегіз жасқа толған азаматы

16. Мәслихаттың құзырына жатқызылған мәселелерді сессияларда қарауға әзірлеу мақсатында мәслихат не мәслихат хатшысы құруға құқылы:

**А) уақытша комиссияларды**

Б) жедел штабты

В) басқарушы органды

Г) тұрақты комиссияларды

Д) жедел басқару орталығын

17. Мәслихаттың уақытша комиссиялары өз құзыретіндегі мәселелер бойынша қабылдайды:

**А) қорытындылар**

Б) бұйрықтар

В) заңдар

Г) қаулылар

Д) шешімдер

18. Мәслихаттың уақытша комиссия жұмысына қатысқаны үшін ақы:

А) республикалық бюджеттен төленеді

Б) жергілікті бюджеттен төленеді

**В) төленбейді**

Г) тек қана төрағасына төленеді

Д) мәслихаттың қорынан төленеді

19. Мәслихат сессияның төрағасы болмаған жағдайда оның өкілеттігін жүзеге асырады:

**+мәслихат хатшысы**

-депутаттардың бірі

-әкім

-облыс әкімі

-жасы үлкен депутат

20. Мәслихат депутаты мәслихат сессиясының төрағасы болып күнтізбелік жыл ішінде қанша реттен артық сайлана алмайды:

А) 1

**Б) 2**

В) 3

Г) 4

Д) 5

21. Мәслихат жергілікті бюджеттің атқарылуын бақылау үшін өз өкілеттігі мерзіміне сайлайды:

А) жедел штабты

**Б) тексеру комиссиясын**

В) уақытша комиссияларды

Г) тұрақты комиссияларды

Д) басқарушы органды

22. Сессия жұмысында мәслихат шешімі бойынша қанша күннен аспайтын мерзімге үзіліс жасалуы мүмкін:

А) мәслихат белгілеген он күнтізбелік

Б) мәслихат белгілеген бес күнтізбелік

В) мәслихат белгілеген жиырма күнтізбелік

Г) мәслихат белгілеген жиырма бес күнтізбелік

**Д) мәслихат белгілеген он бес күнтізбелік**

23. Мәслихаттардың тұрақты комиссиялардың саны аспауға тиіс:

А) 5

Б) 6

**В) 7**

Г) 8

Д) 9

24. Мәслихат тексеру комиссиясының өкілеттігі мен жұмыс тәртібі белгіленеді:

А) мәслихат бұйрығымен

Б) мәслихат қаулысымен

В) мәслихат ережесімен
Г) мәслихат хаттамасымен
**Д) мәслихат регламентімен**

25. Мәслихаттың кезекті сессиясы кемінде шақырылады:
А) жылына бір рет
Б) жылына екі рет
В) жылына үш рет
**Г) жылына төрт рет**
Д) жылына бес рет

26. Мәслихат қызметінің негізгі нысаны:
**А) сессия болып табылады**
Б) жиналыс болып табылады
В) отырыс болып табылады
Г) мәжіліс болып табылады
Д) жабық жиналыс болып табылады

27. Жергілікті бюджеттің атқарылуын тексеру жылына кемінде:
**+бір рет жүргізіледі**
-екі рет жүргізіледі
-үш рет жүргізіледі
-төрт рет жүргізіледі
-бес рет жүргізіледі

28. Депутаттық сауалдың жауабы жазбаша түрде:
А) екі айдан кешіктірілмейтін мерзімде берілуге тиіс
Б) үш айдан кешіктірілмейтін мерзімде берілуге тиіс
В) он күннен кешіктірілмейтін мерзімде берілуге тиіс
Г) он бес күннен кешіктірілмейтін мерзімде берілуге тиіс
**Д) бір айдан кешіктірілмейтін мерзімде берілуге тиіс**

29. Облыс (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) әкімін қызметке тағайындайды:
А) Премьер-Министр
Б) Премьер-Министрдің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Парламенті
**В) Премьер-Министрдің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті**
Г) Сенат төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті
Д) ҰҚК төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті

30. Облыс (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) әкімін қызметінен босатады:

**А) Қазақстан Республикасының Президенті**

Б) Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі

В) Қазақстан Республикасының Парламенті

Г) Сенат төрағасы

Д) Мәжіліс төрағасы

31. Облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) әкімі өз құзыретіндегі мәселелер бойынша кімнің алдында жауап береді:

-Қазақстан Республикасының ішкі істер министрдің алдында

**+Қазақстан Республикасының Үкіметі алдында**

-Қазақстан Республикасының Президенті мен халық алдында

-Қазақстан Республикасының Парламент алдында

-Қазақстан Республикасының халқының алдында

32. Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) әкімият кіреді:

**А) Қазақстан Республикасы атқарушы органдарының біртұтас жүйесіне**

Б) Қазақстан Республикасы сот органдарының біртұтас жүйесіне

В) Қазақстан Республикасы заң шығарушы органдарының біртұтас жүйесіне

Г) Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының біртұтас жүйесіне

Д) Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының біртұтас жүйесіне

33. Аудандық әкімияттың дербес құрамы келісіледі:

**А) аудандық мәслихат сессиясының шешімімен**

Б) облыс әкімнің шешімімен

В) ҚР Президентінің шешімімен

Г) ҚР Премьер-министрдің шешімімен

Д) ҚР Үкіметтің шешімімен

34. Аудандық әкімиятты басқарады:

**А) Ауданның әкімі**

Б) Қазақстан Республикасының Президенті

В) Облыс әкімі

Г) Премьер-министр

Д) Мәслихат

35. Әкімият қаулысына кім қол қояды:

А) мәслихат хатшысы

**Б) әкім**

**А) мүмкін;**

Б) мүмкін емес;

В) прокурордың рұқсатымен мүмкін;

Г) ІІО бастығының рұқсатымен мүмкін;

Д) судьяның рұқсатымен мүмкін;

161. Әкімшілік жаза, .... болып табылады:

А) әкімшілік бұлтартпау шарасы;

**Б) мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы;**

В) әкімішілк ескерту шарасы;

Г) тәртіптік жауаптылық шарасы;

Д) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қамтамасыз ету шаралары.

162. Ескерту әкімшілік жаза ретінде мынадай түрде шығарылады?

А) ауызша түрде;

**Б) жазбаша түрде;**

В) адамның жеке ісіне жазу арқылы;

Г) адамның жұмыс істейтін жеріне хабарлау арқылы;

Д) адамның жасаған әрекетінің қоғамдық қауіптілігінің тәуелдігіне байланысты жазбаша немесе ауызша түрде.

163. Әкімшілік жазалаларға жатады...

А) әкімшілік жеткізу;

**Б) ескерту;**

В) тінту;

Г) әкімшілік ұстап алу;

Д) алып келу.

164. Қандай шара тек қосымша әкімшілік жаза ретінде ғана қолданылуы мүмкін?

**А) тәркілеу;**

Б) әкімшілік айыппұл салу;

В) шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды ҚР шегінен әкімшілік жолмен кетіру;

Г) арнайы құқынан айыру;

Д) әкімшілік қамаққа алу;

165. Кәмелетке толмаған адамның айыппұл төлеуге жеткілікті мүлкі болмаған жағдайда, айыппұл кімге салынады:
**А) ата-анасына немесе оларды алмастыратын адамдарға;**
Б) жауаптылықтан босатылады;
В) кейінгі қалдырылады;
Г) әкімшілік жазаның басқа түрі қолданылады;
Д) қоғамдық жұмыстарға тартылады;

166. Әкімшілік-құқықтық ықпал ету шараларына жатады:
**А) жол жүрісі қағидаларын білуін тексеру;**
Б) жүріп-тұру еркіндігін алдын ала шектеу;
В) медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары;
Г) алып келу, жеткізу, әкімшілік ұстау;
Д) әкімшілік құқық бұзушылықты жасау құралы болған затты тәркілеу.

167. Кәмелетке толмағандарды әкімшілік жауаптылықтан және әкімшілік жазадан босату мүмкін бе:
**А) ия әкімшілік құқық бұзушылықты алғаш рет жасаған болса;**
Б) жоқ;
В) мүмкін прокурор рұқсат берсе;
Г) мүмкін ата-анасы болмаса;
Д) мүмкін өзінің табысы болмаса;

168. Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен кетіру кімдерге қолданылады?
А) төлқұжат жүйесінің ережелерін жиі бұзған азаматтарға;
**Б) әкімшілік құқық бұзушылық жасаған азаматтығы жоқ тұлғаларға;**
В) кәмелетке толмағандарға;
Г) мүгедектерге;
Д) ақыл есі дұрыс емес азаматтарға;

169. Төтенше жағдай уақытында әкімшілік қамаудың мерзімі:
**А) 15 тәулікке дейін;**
Б) 2 ай;
В) 10 күн;
Г) 15 күн;
Д) төтенше жағдай аяқталғанға дейін.

170. Қандай шара тек қана қосымша жаза ретінде ғана қолданылады?
А) әкімшілік қамау;
**Б) өз бетімен салынған құрылысты мәжбүрлеп бұзу;**
В) ескерту;
Г) шетелдікті және азаматтығы жоқ адамдарды ҚР шегінен әкімшілік жолмен кетіру;

Д) әкімшілік айыппұл салу.

171. Дәлелдемелермен қамтамасыз ету туралы арыз кімге беріледі.

**А) арыз әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарап жатқан сотқа, органға (лауазымды адамға) беріледі;**

Б) прокурорға;

В) куәгерге;

Г) жоғары тұрған лауазымды адамға;

Д) ІІО бастығына;

172. Қандай шаралар тек негізгі әкімшілік жазалар ретінде қолданылады:

А) әкімшілік құқық бұзушылықты жасау құралы болған затты тәркілеу;

Б) өз бетімен салынған құрылысты мәжбүрлеп бұзу;

**В) ескерту жасау;**

Г) тәркілеу;

Д) кәсіпкерлік қызметпен айналысуға тыйым салу.

173. Шағым беру мерзімі.

**А) екі ай;**

Б) бір ай;

В) үш ай;

Г) төрт ай;

Д) бес ай;

174. Әкімшілік қамаққа алуды тағайындайды:

А) прокурор;

**Б) сот;**

В) әкім;

Г) полицияның учаскелік инспекторы;

Д) Кәмелетке толмағандар істері бойынша комиссия.

175. Қандай әкімшілік жаза құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне қолданылмайды:

А) әкімшілік құқық бұзушылықты жасау құралы болған затты тәркілеу;

Б) әкімшілік айыппұл салу;

**В) әкімшілік қамаққа алу;**

Г) ескерту;

Д) өз бетімен салынған құрылысты мәжбүрлеп бұзу.

176. ҚР аумағында шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар әкімшілік жауаптылықта мына жағдайда болады:

А) жалпы негізде;

**Б) жалпы негізінде, дипломатиялық қорғанышы бар адамдарды қоспағанда;**

В) халықаралық құқық нормаларымен;

Г) өз елдерінің елшіліктері мен өкілдіктері арқылы;

Д) жалпы негізде, олардың мемлекеттік билік институттарывна қатысты құқық бұзушылықтардан басқа.

177. Әкімшілік жаза бұл:

**А) әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін уәкілеттенген судьяның, органның (лауазымды адамның) қолданатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы;**

Б) жеке және заңды тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін жауаптылық шарасы;

В) әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін уәкілеттенген мемлекеттік органның (лауазымды адамның) әкімшілік сендіру шарасы;

Г) әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін қолданалатын тәртіптік шарасы;

Д) әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін қолданалатын азаматтық жауаптылық шарасы.

178. ҚР әкімшілік құқық бұзушылық Кодексінде қанша әкімшілік жаза белгіленген:

А) 6;

Б) 10;

**В) 9;**

Г) 12;

Д) 8.

179. Ескерту – бұл:

**А) әкімшілік жаза қолдануға уәкілетті органның (лауазымды адамның) жасалған құқық бұзушылққа ресми түрде теріс баға беруімен және жеке немесе заңды мұлғаны құқыққа қарсы мінез-құлыққа жол бермеуге болмайтындағы туралы сақтандырудан тұрады;**

Б) құқыққа қарсы мінез-құлыққа жол бермеуге болмайтындағы туралы хаттаманы уәкілетті органның шығаруы;

В) жеке және заңды тұлғалардың құқыққа қарсы мінез-құлыққа жрол бермеуге болмайтындағы және заң талаптарын сақтау туралы ресми ескерту;

Г) жеке және заңды тұлғаның құқыққа қарсы мінез-құлықтарын доғару туралы жазбаша түрде ескерту;

Д) жеке және заңды тұлғаның құқыққа қарсы мінез-құлықына, уәкілетті судья, органның ресми бағасы.

180. Шағым кімге беріледі:

**А) жоғары тұрған органға (лауазымды адамға) және (немесе) сотқа;**

Б) прокурорға;
В) Үкіметке;
Г) әкімге;
Д) ҚР Президентіне;

181. Қысқартылған іс жүргізу бойынша айыппұлды төлеу мерзімі;
**А) 7 күн;**
Б) 5 күн;
В) 1 ай;
Г) 14 күн;
Д) 10 күн;

182. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қысқартылған іс жүргізуде айыппұлдың қандай мөлшелері төлену тиіс:
**А) 50 пайыз;**
Б) 60 пайыз;
В) 70 пайыз;
Г) 80 пайыз;
Д) 100 пайыз;

183. Жеке тұлғаға салынатын ең жоғарғы айыппұл мөлшері.
А) 50 АЕК;
Б) 100 АЕК;
В) 150 АЕК;
Г) 200 АЕК;
**Д) 500 АЕК.**

184. Лауазымды адамға салынатын ең жоғарғы айыппұл мөлшері.
**А) 750 АЕК;**
Б) 850 АЕК;
В) 300 АЕК;
Г) 700 АЕК;
Д) 500 АЕК.

185. Ірі кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын заңды тұлғаға салынатын ең жоғарғы айыппұл мөлшері:
А) 1400 АЕК;
Б) 500 АЕК;
**В) +2000 АЕК;**
Г) 1000 АЕК;
Д) 5000 АЕК.

186. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралатын орын:
**А) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс оның жасалған жері бойынша қаралады;**

Б) құқық бұзушы тіркелген жері бойынша;
В) құқық бұзушы ұсталған жерде;
Г) құқық бұзушы тұратын жері бойынша;
Д) істі қарайтын лауазымды адамның қалауы бойынша;

187. Тәркілеу мына адамдарға қолданылмайды:
А) аңшылық қару, оқ дәрілер, аң аулау өмір сүруінің заңды көзі болып табылатын адамдарға;
**Б) аңшылық қаруды, атыс оқ дәрілерін және басқа да рұқсат етілген аң аулау және балық аулау құралдары, аң аулау (балық аулау) өмір сүруінің негізгі заңды көзі болып табылатын адамдарға;**
В) балық аулау құралдары өмір сүруінің негізгі заңды көзі болып табылатын адамдарға;
Г) мүгедектерге;
Д) жолаушыларды тасмалдау өмір сүруінің негізгі заңды көзі болып табылатын адамдарға.

188. Көлік құралдарын жүргізу құқығын қоспағанда, арнаулы құқықтан айыру мерзімі:
А) 1 айдан 1 жылға дейін;
**Б) 1 айдан 2 жылға дейін;**
В) 1 жылдан 2 жылға дейін;
Г) 1 жылдан 3 жылға дейін;
Д) 1 жылдан 5 жылға дейін.

189. Арнаулы құқықтан айыру мына адамдарға қолданылмайды:
А) мүгедек адамдарға;
Б) қызметтік атыс және суық қаруды алып жүру, сақтау құқығына ие құқық қорғау органдары қызметкерлеріне;
**В) аң аулау (балық аулау) өмір сүруінің негізгі заңды көзі болып табылатын адамдарға;**
Г) азаматтық қаруды алып жүру, сақтау құқығына ие мәжіліс депутаттарына;
Д) аң аулау билеті бар және кәсіпкерлік негізде балық аулау құқығы бар адамдарға.

190. Әкімшілік қамаққа алу қандай мерзімге дейін тағайындалады:
А) 15 тәулікке дейін;
**Б) 30 тәулікке дейін;**
В) 1 айға дейін;
Г) бір жарым айға дейін;
Д) 2 айға дейін.

191. Әкімшілік қамаққа алу кімге қолданылмайды:
А) мемлекеттік қызметшілерге;

**Б) жүкті әйелдерге;**
В) 55 жастан асқан әйелдерге;
Г) шетелдіктерге;
Д) 45 жастан асқан әйелдерге;

192. Заңсыз салып жатқан немесе салынған құрылысты мәжбүрлеп бұзып тастау әкімшілік жазаны кім тағайындайды:
А) ІІО бастығы;
**Б) судья;**
В) сот орындаушысы;
Г) ҰҚК төрағасы;
Д) Әкім.

193. Жол жүрісі ережелерін білуін тексеруге жіберу туралы шешімді кім қабылдайды.
А) судья;
Б) ІІО-ның бастығы (оның орынбасарлары);
**В) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілеттік берілген органдар (лауазымды адамдар);**
Г) полиция учаскелік инспекторы;
Д) соған уәкілеттенген мемлекеттік орган (лауазымды адам).

194. Маскүнемдіктен, нашақорлықтан немесе уытқұмарлықтан мәжбүрлеп емдеу мына мерзімнен аспауыға тиіс:
А) 6 айдан;
Б) 1 жылдан;
**В) 2 жылдан;**
Г) 5 жылдан;
Д) толық емдегенше.

195. Әкімшілік жаза салынған адамға, қандай мерзім ішінде тиісті жаза қолданылды деп есептеледі:
А) 6 ай ішінде;
Б) әкімшілік құқық бұзушылық жасаған кезде, 1 жыл ішінде;
В) әкімшілік жаза салынған кезден, 1 жыл ішінде;
**Г) әкімшілік жаза салу туралы қаулысының орындалуының аяқталуының кезінен, 1 жыл ішінде;**
Д) 2 жыл ішінде.

196. Әкімшілік жауаптылықтан және әкімшілік жазадан кінәлі адамды босату туралы рақымшылық актісі кіммен шығарылады:
А) ҚР Президентімен;
Б) ҚР Үкіметімен;
**В) ҚР Парламентімен;**
Г) ҚР Мәжілісімен;

Д) Тиісті министрліктердің басшыларымен.

197. Өз табысы бар кәмелетке толмағанға салынатын әкімшілік айыппұлдың ең жоғарғы мөлшерін құрайтындар:

А) 1 АЕК;

Б) 5 АЕК;

**В) 10 АЕК;**

Г) 20 АЕК;

Д) 50 АЕК.

198. Кәмелетке толмағанға қатысты қолданылатын, арнайы құқықтан айыру мерзімінің жоғарғы шегін құрайтындар:

А) 6 айға дейін;

**Б) 1 жылдан аспайтын мерзімге дейін;**

В) 1,5 жылға дейін;

Г) 2 жылға дейін;

Д) жалпы негіздерде.

199. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау мерзімі:

А) 10 тәулік;

**Б) 15 тәулік;**

В) 20 тәулік;

Г) 25 тәулік;

Д) 35тәулік;

200. Қандай мерзім ішінде кәмелет жасқа толмағанға әкімшілік жаза қолданылады деп есептеледі:

А) әкімшілік жаза салу туралы қаулының орындалуының аяқталу күнінен бастап 3 ай ішінде;

**Б) әкімшілік жаза салу туралы қаулының орындалуының аяқталу күнінен бастап 6 ай ішінде;**

В) әкімшілік жаза салу туралы қаулының орындалуының аяқталу күнінен бастап 1 жыл ішінде;

Г) әкімшілік жаза салу туралы қаулының орындалуының аяқталу күнінен бастап 2 жыл ішінде;

Д) ескіру мерзімі белгіленбеген.

201. ҚР ӘҚБТК сәйкес кәмелетке толмаған деп қай жастан бастап саналады:

А) 14 жасқа толған, бірақ 18 жасқа толмаған;

Б) 12 жасқа толған, бірақ 16 жасқа толмаған;

В) 16 жасқа толған, бірақ 21 жасқа толмаған;

**Г) 16 жасқа толған, бірақ 18 жасқа толмаған;**

Д) 18 жасқа толған, бірақ 21 жасқа толмаған.

202. Қорғау нұсқамасы шығарылады:

А) он сегіз жасқа толған есі дұрыс адамға қатысты;

**Б) он алты жасқа толған есі дұрыс адамға қатысты;**

В) он төрт жасқа толған есі дұрыс адамға қатысты;

Г) жиырма бес жасқа толған есі дұрыс адамға қатысты;

Д) он бес жасқа толған есі дұрыс адамға қатысты;

203. Қорғау нұсқамасының қолданылу мерзімі:

А) ол өзіне қатысты шығарылған адамға берілген кезден бастап он бес тәулікті құрайды;

**Б) ол өзіне қатысты шығарылған адамға берілген кезден бастап он тәулікті құрайды;**

В) ол өзіне қатысты шығарылған адамға берілген кезден бастап отыз тәулікті құрайды;

Г) ол өзіне қатысты шығарылған адамға берілген кезден бастап отыз бес тәулікті құрайды;

Д) ол өзіне қатысты шығарылған адамға берілген кезден бастап елу тәулікті құрайды;

204. Қорғау нұсқамасының қолданылу мерзімі ұзартылуы мүмкін:

А) 20 тәулікке;

Б) 25 тәулікке;

**В) 30 тәулікке;**

Г) 35 тәулікке;

Д) 40 тәулікке;

205. Кәмелетке толмаған арнаулы білім беру ұйымына қандай мерзімге жіберілуі мүмкін:

**А) бір айдан бір жылға дейін**

Б) бір айдан екі жылға дейін

В) бір айдан үш жылға дейін

Г) бір айдан төрт жылға дейін

Д) бір айдан бес жылға дейін

206. Арнаулы білім беру ұйымдарына қай жастағы кәмелетке толмағандар жіберіледі:

А) он жастан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар

**Б) он бір жастан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар**

В) он екі жастан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар

Г) он төрт жастан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар

Д) он алты жастан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар

207. Кәмелетке толмағандарды арнаулы білім беру ұйымдарына жіберудің орындылығы туралы шешімді кім қабылдайды:

А) кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия

**Б) сот**

В) ІІО

Г) жергілікті атқарушы орган

Д) ата-анасы

208. Кімнің ұсынысы бойынша кәмелетке толмағандар арнаулы білім беру ұйымдарына жіберіледі:

**А) кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның**

Б) соттың

В) ІІО-ң

Г) жергілікті атқарушы органның

Д) ата-анасының

209. Кәмелетке толмағандарды арнаулы білім беру ұйымдарына жіберу туралы мәселені қарау кезінде кімнің қатысуы міндетті болады:

**А) прокурордың**

Б) ата-анасының

В) кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның

Г) жергілікті атқарушы органның өкілінің

Д) мұғалімнің

210. Арнаулы білім беру ұйымдарын құру, қызметін ұйымдастыру тәртібі және оларда кәмелетке толмағандарды бағып-күтудің шарттары айқындалады:

**А) Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органы бекіткен ережемен**

Б) Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен

В) Қазақстан Республикасының Үкіметінің қаулысымен

Г) Қазақстан Республикасының Президентінің жарлығымен

Д) Қазақстан Республикасының Президентінің Заңымен

211. Арнаулы білім беру ұйымдарын құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешімді кім қабылдайды:

А) ІІО

**Б) Жергілікті атқарушы органдар**

В) Қазақстан Республикасының Президенті

Г) Қазақстан Республикасының Үкіметі

Д) Қазақстан Республикасының Парламенті

212. Ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына қай жастағы кәмелетке толмағандар жіберіледі:

А) он жастан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар

**Б) он бір жастан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар**

В) он екі жастан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар

Г) он төрт жастан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар

Д) он алты жастан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар

213. Кәмелетке толмағандарды ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына жіберудің орындылығы туралы шешімді кім қабылдайды:

А) кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия

**Б) сот**

В) ІІО

Г) жергілікті атқарушы орган

Д) ата-анасы

214. Кәмелетке толмаған бала ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымына қандай мерзімге жіберілуі мүмкін:

А) алты айдан бір жылға дейінгі мерзімге жіберілуі мүмкін.

**Б) алты айдан екі жылға дейінгі мерзімге жіберілуі мүмкін.**

В) алты айдан үш жылға дейінгі мерзімге жіберілуі мүмкін.

Г) алты айдан төрт жылға дейінгі мерзімге жіберілуі мүмкін.

Д) алты айдан бес жылға дейінгі мерзімге жіберілуі мүмкін.

215. Кәмелетке толмағандарды ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына жіберу туралы мәселені қарау кезінде кімнің қатысуы міндетті болады:

**А) прокурордың**

Б) ата-анасының

В) кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның

Г) жергілікті атқарушы органның өкілінің

Д) мұғалімнің

216. Кәмелетке толмағандарды ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына орналастыру үшін қажетті құжаттарды жинауды кім қамтамасыз етеді:

**А) ішкі істер органдары**

Б) кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия

В) прокурор

Г) жергілікті атқарушы орган

Д) ата-анасы

217. Ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымын құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешімді кім қабылдайды:

А) ІІО
**Б) Жергілікті атқарушы органдар**
В) Қазақстан Республикасының Президенті
Г) Қазақстан Республикасының Үкіметі
Д) Қазақстан Республикасының Парламенті

218. Төмендегілердің қайсысы қоғамдық қауіпсіздіктің түрі болып табылмайды:
А) санитарлық қауіпсіздік;
**Б) экологиялық қауіпсіздік;**
В) өрт қауіпсіздігі;
Г) табиғи сипаттағы төтенше жағдай кезіндегі қауіпсіздік;
Д) жол қауіпсіздігі.

219. Қоғамдық орындардың түрлері:
А) тұрақты, кезең-кезеңмен;
Б) кезең-кезеңмен, эпизодтық
**В) тұрақты, уақытша, эпизодтық;**
Г) уақытша, кезең-кезеңмен, эпизодтық;
Д) кезең-кезеңмен, мезгіл-мезгіл.

220. Карантин енгізу - бұл:
А) әкімшілік бұлтартпау шарасы;
**Б) әкімшілік-алдын алу шарасы;**
В) әкімшілік жазалау шарасы;
Г) әкімшілік іс-жүргізуді қамтамасыз ету шарасы;
Д) әкімшілік мәжбүрлеу шараларына жатпайды.

221. Уақытша қоғамдық орындарға жатады:
А) көше;
Б) қоғамдық көлік;
В) темір жол вокзалы;
Г) тұрғын үй подъезі;
**Д) жұмыс уақытындағы базар аумағы.**

222. Аңшылық қаруды тәркілеу қолданылмайды:
А) лауазымды тұлғаларға;
Б) ішкі істер органдары қызметкерлеріне;
В) ҚР Парламент депутаттарына;
**Г) аң аулау өмір сүруінің негізгі заңды көзі болып табылатын адамдарға;**
Д) прокуратура қызметкерлеріне.

223. Мас күйдегі адамды әкімшілік ұстаудың мерзімі басталады:
А) ІІО жеткізген сәтінен;

**Б) медициналық қызметкері растаған, оның айыққан уақытынан;**
В) оны накты ұстаған сәтінен;
Г) медициналық айықтырғышқа орналастыру сәтінен;
Д) жалпы негіздерде.

224. Төмендегілердің қайсысы қоғамдық тәртіптің белгілері болып табылмайды?
А) қоғамдық орын;
Б) қоғамдық қауіпсіздік;
**В) азаматтың әлеуметтік жауаптылығы;**
Г) азаматтың құқықтық әрекеті;
Д) қоғамдық пайдаланылатын орын.

225. Қандай құқық бұзушылықтың түрі қоғамдық тәртіпке және имандылыққа қол сұғатын құқық бұзушылыққа жатпайды?
А) ұсақ бұзақылық;
Б) тыныштықты бұзу;
В) арнайы қызметтерді көрнеу жалған шақыру;
**Г) өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзу немесе орындамау;**
Д) эротикалық мазмұндағы өнімдерді жарнамалау.

226. Айыппұл салу туралы қаулыны өз еркімен орындау мерзімі:
А) 10 тәулік;
Б) 20 тәулік;
**В) 30 тәулік;**
Г) 40 тәулік;
Д) 50 тәулік;

227. Қандай фактор қоғамдық қауіпсіздікті құрайды?
А) экологиялық қауіпсіздік;
Б) ақпараттық қауіпсіздік;
В) әскери қауіпсіздік;
**Г) техногендік қауіпсіздік;**
Д) экономикалық қауіпсіздік.

228. Әкімшілік қадағалауды қай орган тағайындайды?
А) Әкімият;
Б) ІІО бастығы;
**В) сот;**
Г) әділет органдары;
Д) полицияның учаскелік инспекторы.

229. Келіп түскенін сыйлықты мемлекеттік қызметші арнаулы мемлекеттік қорға қандай мерзімде тапсыру міндетті:
**А) жеті күн мерзім ішінде**

Б) бес күн мерзім ішінде
В) он күн мерзім ішінде
Г) он бес күн мерзім ішінде
Д) отыз күн мерзім ішінде

230. Мемлекеттік лауазым атқаратын адамдар өз өкілеттігін орындау кезеңінде қандай мерзімде салық органына декларация тапсырады:
А) тоқсанда бір рет;
**Б) жылына бір рет;**
В) айына бір рет;
Г) жарты жылда бір рет;
Д) ңш жылда бір рет.

231. Мемлекеттік лауазым атқаратын адамдарға заңсыз материалдық сый берген жеке тұғаларға әкімшілік жаза салатын орган:
А) Прокуратура;
Б) Ұлтық қауіпсіздік комитеті;
**В) Сот;**
Г) қаржы полиция;
Д) ІІО.

232. Мемлекеттік қызметтерді атқаратын адамдар заңмен белгіленген мңлікті сенімді басқаруға қандай мерзімде беруге міндетті:
**А) бір айдың ішінде;**
Б) бір жылдың ішінде ;
В) он кңннің ішінде;
Г) алты айдың ішінде;
Д) бір аптаның ішінде.

233. Сыбайлас жемқорлық қылмыстар анықталған барлық жағдайлар туралы мәліметтер қайда жіберіледі:
**А) құқықтық статистика және ақпарат органдарына;**
Б) прокуратура органдарына ;
В) ҚР Ұлтық қауіпсіздік Комитетіне;
Г) сыбайлас жемқорлыққа қарсы кңрес жөніндегі мемлекеттік органға;
Д) Сот органдарына;

234Сыбайлас жемқорлыққа қарсы кңрес жөніндегі мемлекеттік орган құрылады:
**А) ҚР Президентімен;**
Б) ҚР ҰҚК төрағасымен;
В) ҚР Парламентімен ;
Г) ҚР Ңкіметімен;
Д) ҚР Премьер-министрімен.

235. Сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске өзге де түрде жәрдемдесетін адам кімнің қорғауында болады:

**А) Мемлекеттің**

Б) ІІО

В) ҰҚК

Г) Қорғаныс министрліктің

Д) Қаржы полициянын

236. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жәрдемдесетін адам туралы ақпарат:

**А) мемлекеттік құпия болып табылады**

Б) бүкіл Қазақстанға жарияланады

В) барлық мемлекеттік органдарға хабарланады

Г) саяси партияларға хабарланады

Д) тек қана жақындарына хабарланады

237. Мемлекеттік лауазым атқаратын адамдар жағымсыз себептер бойынша мемлекеттік қызметтен босатылған адамдар босатылғаннан кейінгі қанша жыл бойы тұрғылықты жері бойынша салық органына мәлімдеме табыс етіп отырады.

А) 1 жыл

Б) 2 жыл

**В) 3 жыл**

Г) 4 жыл

Д) 5 жыл

238. Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықты жасаған жағдайда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуші органдар бұл жөнінде кімге хабарлайды:

**А) Тиісті сайлау комиссиясына**

Б) Сенаттың төрағасына

В) Мажілістің төрағасына

Г) ҚР Президентіне

Д) Үкіметке

239. Келіп түскенін сыйлықты мемлекеттік қызметші қайда тапсырады:

**А) арнаулы мемлекеттік қорға**

Б) өзінің бастығына

В) ешқайда тапсырмайды

Г) өзі жұмыс істейтін органның қорына

Д) мұражайға

240. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды және сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін тәртіптік жаза қандай мерзімнен кешіктірілмей белгіленеді:

**А) тәртіптік жаза теріс қылық анықталған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей белгіленеді**

Б) тәртіптік жаза теріс қылық анықталған күннен бастап бір айдан кешіктірілмей белгіленеді

В) тәртіптік жаза теріс қылық анықталған күннен бастап екі айдан кешіктірілмей белгіленеді

Г) тәртіптік жаза теріс қылық анықталған күннен бастап төрт айдан кешіктірілмей белгіленеді

Д) тәртіптік жаза теріс қылық анықталған күннен бастап бес айдан кешіктірілмей белгіленеді

241. Жиналыс, митинг, шеру, пикет немесе демонстрация өткізу туралы өтініш оны өткізудің белгіленген датасынан кемінде қанша күн бұрын жазбаша нысанда беріледі:

А) елу күн бұрын

Б) отыз күн бұрын

В) жиырма күн бұрын

Г) он бес күн бұрын

**Д) он күн бұрын**

242. Жиналыс, митинг, шеру, пикет немесе демонстрация өткізу туралы өтініш қайда беріледі:

**А) жергілікті атқарушы органына**

Б) ұлттық қауіпсіздік комитетіне

В) ішкі істер органына

Г) қаржы полицияға

Д) жедел басқару орталығына

243. Мас күйін куәландыру әкімшілік мәжбүрлеу шараларының қай түріне жатады:

А) тәрбиелік ықпал ету шараларына;

Б) әкімшілік алдын алу шараларына;

В) әкімшілік жазалау шараларына;

**Г) әкімшілік іс жүргізуді қамтамасыз ету шарасына;**

Д) әкімшілік-құқықтық ықпал ету шарасына.

244. Ескерту жасау туралы қаулыны кім орындайды;

**А) қаулы шығарған судья, орган (лауазымды адам);**

Б) прокурор;

В) жергікті атқарушы орган;

Г) сот орындаушысы;

Д) полиция учаскелік инспекторы;

245. Көлік құралдарын басқару құқығынан айыру құқығы кімге берілген:

**А) сотқа;**

Б) ІІО-ң бастығына;

В) ҚР ІІО жол полициясы бөлімшесінің лауазымды тұлғаларына;

Г) прокурорға;

Д) ІІО бастығының орынбасарларына.

246. ҚР әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің қабылданған күні:

А) 1 қантар 2002 жыл;

Б) 20 қантар 2003 жыл;

В) 30 қантар 2014 жыл;

Г) 1 ақпан 2014 жыл;

**Д) 05 шілде 2014 жыл.**

247. Жол жүрісі қағидаларын білуді тексеру туралы қаулыны кім орындайды:

**А) ІІО;**

Б) Прокуратура;

В) ҰҚК;

Г) Ұлттық ұлан;

Д) Жергілікті атқарушы орган;

248. Рұқсат етілген ең ауыр салмағы 3500 килограмнан аспайтын және жүргізушінің орнын есептемегенде, отыратын орын саны сегізден аспайтын автомобильдерді ("В" санаты) қай жастан жүргізуге құқығы берілуі мүмкін:

А) он алты жасқа толған адамдарға

Б) он төрт жасқа толған адамдарға

**В) он сегіз жасқа толған адамдарға**

Г) жиырма жасқа толған адамдарға

Д) он бес жасқа толған адамдарға

249. Әкімшілік қамаққа алу туралы қаулыны кім орындайды;

**А) ішкі істер органдары және әскери полиция органдары;**

Б) сот орындаушысы;

В) ұлттық ұлан;

Г) прокурор;

Д) жергілікті атқарушы орган;

250. Қазақстан Республикасы аумағында ұлттық және халықаралық жүргізушілер куәліктері қолданылады ма:

**А) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары талаптарына сәйкес келетін куәліктер қолданылады**

Б) қолданылмайды

В) Жол полиция Комитеті рұқсат бергеннен кейін қолданылады
Г) ҚР Президенті рұқсат берсе қолданылады
Д) ҚР ҰҚК рұқсатымен қолданылады

251. Көлік құралдарының тиісті санаттарына жүргізушілер даярлаудың үлгі бағдарламаларын және рұқсат беру тәртібін кім әзірлейді:
**А) жол жүрісі қауіпсіздігі жөніндегі орталық атқарушы орган**
Б) Ішкі істер органдары
В) Ұлттық қауіпсіздік комитеті
Г) Қаржы полициясы
Д) Қазақстан Республикасының Президенті

252. Көлік құралдарын жүргізу құқығының күшін тоқтату негіздемесі болып табылады:
**А) жүргізуші денсаулығының көлік құралдарын қауіпсіз жүргізуге кедергі келтіретіндей нашарлап, оның медициналық қорытындымен расталуы**
Б) егер жүргізуші қоғамдық тәртіпке қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылық жасаса
В) егер жүргізуші қоғамдық қауіпсіздікке қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылық жасаса
Г) жол полиция бастығының бұйрығы
Д) учаскелік полиция инспекторының баянаты

253. Көлік құралдарына техникалық қызмет көрсету мен оларды жөндеу нормативтерін кім белгілейді.
**А) көлік құралдары шығарған зауыттар**
Б) жол полиция қызметкерлері
В) техникалық қызмет көрсету станциясы
Г) ҚР Үкіметі
Д) ҚР Парламенті

254. Көлік құралдарының жолдармен жүруін тоқтату немесе уақытша шектеу негіздері мен тәртібін кім белгілейді.
**А) Қазақстан Республикасының Үкіметі**
Б) Қазақстан Республикасының Парламенті
В) Қазақстан Республикасының ІІМ
Г) Қазақстан Республикасының ҰҚК
Д) Қазақстан Республикасының Президенті

# IY – ТАРАУ

# КУРСТЫҚ ЖҰМЫСТЫ ЖАЗУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

Курстық жұмыстардың тақырыптары пәннің бағдарламасымен анықталады, кафедра мәжілісінде талқыланып кафедра бастығымен бекітіледі.

Курстық жұмыстың тақырыбы әртүрлі тәсілмен таңдалуы мүмкін:

1 Курсанттың тықырыбын оқытушы анықтайды.

2. Курсант тақырыпты өзі таңдайды.

Тақырыпты таңдау кезінде келесіні есепке алу қажет, қарастырылып отырған мәселелердің өзектілігі, әдебиеттік қайнар көздермен қамтылғаны, курсанттың жеке қабілеттеріне сай келетіні.

## Әдістемелік материалдар мен нормативтік актілерді зерделеу және жинау.

Курстық жұмысты жазуға кіріспес бұрын, курсант ұсынылған нормативтік-құқықтық және ғылыми әдебиеттерді зерделеп, қажетті материалдарды жинауы қажет. Курстық жұмысты жазу барысында әкімшілік заңнамада болған өзгертулер мен толықтыруларға ерекше көңіл бөлінуі қажет, ол үшін Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының Президентінің жарлықтарын, Қазақстан Республикасының Парлементі мен Үкіметінің қаулыларын пайдалану қажет.

Тәжірибелік материалдар ретінде статистикалық деректер, анықтамалар, әкімшілік құқық бұзушылық туралы нақты істер және курсанттардың жеке қызметтік тәжірибесі қолданылуы мүмкін.

## Курстық жұмысты жазу тәртібі мен құрылымы.

Курстық жұмыс өзінің құрылымы міндетті түрде екі бөлімнен құрылу қажет – теориялық және практикалық.

Теориялық бөлімі келесіден тұрады:

-Кіріспе;

-Негізгі бөлім;

-Қорытынды;

-Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

Практикалық бөлімі зерттеліп жатқан тақырыбы бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы істердің макетінен тұрады.

Курстық жұмыстың мазмұнында автор міндетті түрде:

-зерттеліп жатқан тақырыптың маңыздылығы мен көкейкестілігін негіздеу;

-Қазақстан Республикасының қолданыстағы әкімшілік заңнамаларының нормаларының талдауын қолдана отырып тақырыпты ашатын теориялық ережелерді көрсету;

-тақырыптың қаншалықты ғылыми зерттелген дәрежесін көрсету;

-алдыңғы қатардағы қызметтік тәжірибені қолдану;

-уәкілетті органдарымен қолданылатын нысаны мен әдісін бағалау;

-ІІО басқару және мемлекеттік билік органдарының практикалық қызметінен мысалдар келтіру;

-олардың қызметіндегі жетіспеушілктерді қорытындылау және оларды жою жолдары бойынша ұсыныстар беру.

Курстық жұмыс үш негіз бойынша, яғни, мазмұны, материалдың қисынды түрде дұрыс мазмұндалуы және рәсімдеу талаптарына сай бағаланатынын курсант ескеруі қажет.

Курстық жұмыстың титулдық бетінде қажетті түрде, тақырыптың атауы, орындаушының аты жөні көрсетілуі тиіс. Жұмыстың соңында пайдаланылған әдебиеттер тізімі болу қажет.

Егер курсант курстық жұмысты жазу барысында белгілі бір нормативтік актіге және қайнар көзді қолданған жағдайда, міндетті түрде сілтеме жасап, шығу мәліметтерін көрсетуі қажет.

Курстық жұмыс 20-30 беттік машиналық (компютерлік басу) мәтінінің көлемінде болуы қажет.

**Жұмыс жоспары**

Ұсынылып отырған курстық жұмысты жазу жоспары үлгі ретінде, сондықтан курсант ұсынылған сұрақтарды, тақырыптың негізгі мазмұнынан алшақтамай өзгертуге құқығы бар.

**Курстық жұмысты пікір жазу және бағалау**

Курстық жұмысқа пікір жазу барысында, жұмыс «Қорғауға жіберілді» және «Қорғауға жіберілмеді» деген бағамен бағаланады.

Тексерілген жұмысты алған курсант, пікірде көрсетілген барлық жетіспеушіліктерді жоюы қажет. Егер, жұмыс қорғауға жіберілмеген жағдайда, көрсетілген жетіспеушіліктерді жойған жағдайда, қайтадан бірінші пікірмен қоса, кафедраға жіберілуі тиіс. Бірінші пікір болмаған жағдайда, сонымен бірге жұмыстың көлемі мен рәсімделуі қойылған талаптарға және жұмыстың тақырыбы сәйкес келмесе, жұмыс тексерілмейді.

Курсанттар ескертулерді жойғаннан кейін, кафедра комиссиялық түрде курстық жұмыстарды қабылдап, қорғау қорытындысы бойынша баға қояды.

Курстық жұмыстарды тапсыру мерзімін күндізгі оқыту факультеті анықтайды.

**1 тақырып. Заңды тұлғаның әкімшілік жауаптылығы.**

***Жоспар үлгісі:***

Кіріспе.

1.Заңды тұлға әкімшілік жауаптылық субъектісі ретінде.

2.Заңды тұлғаның кінәлігі.

3.Заңды тұлғаның әкімшілік жауаптылығы ерекшелігі.

Қорытынды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

## 2 тақырып. Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы құқық бұзушылықтардың әкімшілік-құқықытық сипаттамасы.

**Жоспар үлгісі:**

Кіріспе.

1.Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы, жүйесі және саралануы.

2.Осындай құқық бұзушылық жасағаны үшін әкімшілік жауаптылық шаралары.

3.Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы құқық бұзушылықтармен күресудегі ІІО-ң рөлі.

Қорытынды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

## 3 тақырып. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істері бойынша іс жүргізудің сатылары мен тәртібі.

**Жоспар үлгісі:**

Кіріспе.

1.Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істері бойынша іс жүргізудің ұғымы және сатылары.

2.Әрбір сатысының жалпы сипаттамасы және ерекшеліктері.

Қорытынды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

## 4 тақырып. Қазақстан Республикасының атқарушы билік органдарының казіргі кезеңдегі жүйесі.

**Жоспар үлгісі:**

Кіріспе.

1.Атқарушы билік органдарының ұғымы, белгілері, функциялары және өкілеттігі.

2.Мемлекеттік басқару органдарының саралануы.

3.Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама бойынша атқарушы билік органдарының жүйесі.

Қорытынды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

## 5 тақырып. Кәмелетке толмағандардың құқықтарына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар.

**Жоспар үлгісі:**

Кіріспе.

1. Кәмелетке толмағандардың құқықтарына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтардың ұғымы мен белгілері.

2. Кәмелетке толмағандардың құқықтарына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтардың жүйесі.

3. Кәмелетке толмағандарды әкімшілік құқық бұзушылыққа тарту әкімшілік құқық бұзушылығының саралану ерекшелігі.

Қорытынды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

## 6 тақырып. Әкімшілік-құқықтық режимдер.

**Жоспар үлгісі:**

Кіріспе.

1.Әкімшілік-құқықтық режимнің ұғымы, ерекшеліктері және рөлі.

2.Төтенше жағдай режимнің әкімшілік-құқықтық сипаттамасы.

3.Мемлекеттік шекара режимнің әкімшілік-құқытық сипаттамасы.

Қорытынды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

## 7 тақырып. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуде қаулыларды қайта қарау тәртібі.

**Жоспар үлгісі:**

Кіріспе.

1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша заңды күшіне енбеген қаулыны қайта қарау рәсімі..

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша заңды күшіне енген қаулыларды және оларға шағымдарды, наразылықтарды қарау нәтижелері жөніндегі ұйғарымдарды қайта қараудың рәсімі.

3. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға уәкілетті органның (лауазымды адамның) заңсыз әрекеттерімен келтірілген зиянды өтеудің негіздері.

Қорытынды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

## 8 тақырып. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істері бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету шаралары.

**Жоспар үлгісі:**

Кіріспе.

1.Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істері бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларының жалпы сипаттамасы және олардың саралануы.

2.Әкімшілік бұлтартпау шаралары.

3.Дәлелдемелерді алуға бағытталған шаралар.

Қорытынды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

**9 тақырып. Көліктегі, жол шаруашылығындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар.**

**Жоспар үлгісі:**

Кіріспе.

1.Көліктегі және жол шаруашылығы саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы мен сараланнуы.

2.Осы топтағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істері бойынша ІІО-ң құзыреті.

Қорытынды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

**10 тақырып. Әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар.**

**Жоспар үлгісі:**

Кіріспе.

1. Әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы. Олардың жүйесі және сараланнуы.

2. Әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін әкімшілік жауаптылық.

Қорытынды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

**12 тақырып. Лауазымды тұлға әкімшілік жауаптылықтың субъектісі ретінде.**

**Жоспар үлгісі:**

Кіріспе.

1.Қазақстан Республикасының әкімшілік заңнамасы бойынша лаузымды тұлғаның ұғымы және белгілері.

2. Лауазымды тұлғаның әкімшілік жауаптылығы.

Қорытынды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

**13 тақырып. Сауда және қаржы саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар.**

**Жоспар үлгісі:**

Кіріспе

1. Сауда және қаржы саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы.

2.Осы топтағы әкімшілк құқық бұзушылық туралы істері бойынша ІІО-ң құзыреті.

Қорытынды

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

## 14 тақырып. Мемлекеттік басқаруда заңдылық пен тәртіпті қамтамасыз ету тәсілдері.

**_Жоспар үлгісі:_**

Кіріспе

1. Мемлекеттік басқаруда заңдылық пен тәртіпті қамтамасыз етудің мәні мен мазмұны.

2. Заңдылық пен тәртіпті қамтамасыз ету жүйесі. Заңдылық пен тәртіпті қамтамасыз етуге бақылау мен қадағалау.

Қорытынды

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

## 15 тақырып. Кәсіпкерлік қызмет саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар.

**_Жоспар үлгісі:_**

Кіріспе

1.Кәсіпкерлік қызмет саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы.

2.Осы топтағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істері бойынша ІІО-ң құзыреті.

Қорытынды

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

## 16 тақырып. Шетелдіктер және азаматтығы жоқ азаматтарының әкімшілік-құқықтық мәртебесі.

**_Жоспар үлгісі:_**

Кіріспе.

1. Шетелдіктер және азаматтығы жоқ азаматтары әкімшілік құқықтың субъектілері ретінде.

2. ҚР-на келу тәртібін бұзғаны үшін шетелдіктер мен азаматтығы жоқ азаматтарының әкімшілік жауаптылығы.

Қорытынды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

## 17 тақырып. Мемлекеттік қызметшілердің әкімшілік-құқықтық сипаттамасы.

**_Жоспар үлгісі:_**

Кіріспе.

1.Мемлекеттік қызметтің ұғымы және сипаттамасы.

2.Мемлекеттік қызметшінің әкімшілік-құқықтық мәртебесінің мазмұны.

3.Мемлекеттік қызметшілердің әкімшілік жауаптылығы.

Қорытынды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

## 18 тақырып. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істері бойынша іс жүргізу.

**Жоспар үлгісі:**

Кіріспе.

1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс-жүргізудің ұғымы, принциптері және міндеттері.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс-жүргізудің сатылары.

3. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс-жүргізудің қатысушылары.

Қорытынды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

## 19 тақырып. Әкімшілік юрисдикция.

**Жоспар үлгісі:**

Кіріспе.

1.Әкімшілік юрисдикция: ұғымы, мазмұны және құрылымы.

2.Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органдардың (лауазымды адамдардың) түрлері. Олардың әкімшілік-құқықтық мәртебесі.

Қорытынды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

## 20 тақырып. Ұсақ бұзақылық.

**Жоспар үлгісі:**

Кіріспе.

1.Ұсақ бұзақылықтың ұғымы, құрамы және саралану белгілері.

2.Ұсақ бұзақылық үшін әкімшілік жауаптылық.

3.Ұсақ бұзақылықпен күрестегі ІІО-ң рөлі.

Қорытынды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

**МАЗМҰНЫ**

**I – тарау. КУРС БАҒДАРЛАМАСЫ.....................................................3**

Түсіндірме бағдарламасы.......................................................................3

Тақырыптық жоспар...............................................................................4

Курстың мазмұны....................................................................................5

Емтиханына дайындалуға арналған сұрақтар тізімі..............................11

**II – тарау. СЕМИНАРЛЫҚ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕЛІК САБАҚТАРҒА ДАЙЫНДАЛУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР.....................................................................................14**

Түсіндірмелік жазба...............................................................................*14*

Дәріс, семинар және тәжірибелік сабақтарының жоспары..........................................................................................15

**III – тарау. ӨЗІН-ӨЗІ БАҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН ТЕСТІЛІК ТАПСЫРМАЛАР........................................................................................80**

**IY – тарау. КУРСТЫҚ ЖҰМЫСТЫ ЖАЗУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР..................................................................129**